



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Ерлан ҚАРИН,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Евгений Хон

Стратегиялық маңызды көліктік-логистикалық
бағыттарда қазақстандық терминалдар
желісін құру мүмкіндігі..... 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Нұрмұхамед Байғараев

Жаһандану жағдайындағы ақпараттық
соғыстар 9

ІШКІ САЯСАТ

Айнұр Әбдірәсілқызы

Дәстүрлі дін – ұлт руханиятының
тағылымды тәжірибесі..... 16

Гүлжан Қамырова

Азаматтық қоғам институттарының
этносаралық қатынастарды үндестірудегі
маңызы 28

ЭКОНОМИКА

Гүлашар Доскеева

Денсаулық сақтау саласын нарықтық
қатынастар субъектісіне
айналдырудың негізгі бағыттары..... 35

Жанар Әбішева

Экономиканың нақты секторының
кәсіпорындағы дағдарыс жағдайының
пайда болуының негізгі себептері:
ішкі және сыртқы факторлары 45



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Айгүл Әбділдәбекова

Қазақстанның Ресей империясы құрамына
енуінің қазіргі тарихнамада талдануы53

Қанат Еңсенев

Қазіргі Қазақстан тарихының тарихнамасы
(1991-2011 жж.)60

Самат Өтениязов

Ә.Х. Марғұлан зерттеулеріндегі хундардың
қала мәдениеті66

Зәуреш Сақтағанова,

Динара Оспанова

Қазақстан Республикасындағы үкіметтік
емес ұйымдар: құрылуының басты
кезеңдері мен дамуы75

Гүлнар Рахимова

Саентология шіркеуінің ұйымдық
құрылымы мен дәстүрлі және дәстүрлі
емес практикасы90

Қылышбай Сүндетұлы

Онай Шонаевтың ерлігі102

Түйіндеме 115

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, саяси ғылымдарының кандидаты
- Үлес НЫСАНБЕК – жауапты редактор, ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Рахман АЛШАНОВ – «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
- Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
- Камал БҰРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
- Санат КӨШКІМБАЕВ – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы
- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Марат ШАЙХУТДИНОВ – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Зарема ШӘУКЕНОВА – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук
- Улес НЫСАНБЕК – ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Санат КУШКУМБАЕВ – заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ШАЙХУТДИНОВ – заместитель Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

Стратегиялық маңызды көліктік-логистикалық бағыттарда қазақстандық терминалдар желісін құру мүмкіндігі

Евгений ХОН,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың
аға ғылыми қызметкері

Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы және республиканың әлемдік нарыққа шығуы қажеттілігі жағдайында стратегиялық маңызды бағыттарда қазақстандық терминалдар желісін салу арқылы көлік дәліздері бағыттарын әртараптандыру мәселесінің өзектілігі артып отыр. Бұл мәселенің өзектілігін Қазақстан Республикасының Президенті 2014 жылдың 11 қарашасындағы өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған жолдауында айқындап, Үкіметке Қытай, Иран, Ресей және ЕО елдерінде «құрғақ» және теңіз порттарында терминалдар салу немесе жалға алу мүмкіндіктерін қарастыру қажеттілігін тапсырды. Терминалдар желісін жасау ҚР территориясы арқылы өтетін жүк тасымалын белсендендіреді, ал бұл өз кезегінде Қазақстанның Еуропа мен Азия аралығындағы негізгі транзиттік хаб қызметін атқаруға қолайлы жағдай жасайды.

Қытайлық бағытта қазақстандық терминалдар салу ісі теңіз жағалауы айлағында көптеген ірі халықаралық терминалдардың орналасуымен негізделеді. Мысалы, ресейлік «ТИС-Лоджистик» логистикалық компаниясының 2013 жылғы рейтингі бойынша әлемдегі 10 ірі порттардың бесеуі ҚХР территориясында орналасқан.

Қытайдың теңіз жағалауы аудандары дамыған индустриалдық орталықтардың болуымен сипатталады. Шығыстағы Цзянсу, Шанхай, Ляонин, Шаньдун, Гуандун, Чжецзян секілді теңіз шағалауындағы ірі аудандарда Қытайдың негізгі мемлекеттік өндірістік қорларының басым бөлігі орналасқан (барлық өндіріс орындарының – 13,1%, машина жасау мен тамақ өндірісінің – 9,6%, көмір өндірісінің – 4,7%).

Осы жылдың сәуір айында Қазақстан Қытайдың шығыстағы Ляньюньган портында өзінің бірінші терминалын салуды бастады. Цзянсу провинциясы территориясында орналасқан Ляньюньган порты (Шығыс Қытай) географиялық орналасуы жағынан өте тиімді аймақта. Ол Қытайдың басқа ірі порттары – Циндао, Тяньцзянь, Дальянь және Шанхаймен темір жол қатынастары арқылы байланысқан, ал теңіз жолы арқылы корейлік Пусан және жапондық Осака порттарымен жалғасқан.

Қазақстан сонымен бірге ҚХР оңтүстік аудандарында да бірқатар терминалдар салу мүмкіндігін қарастырып отыр, бұл ірі сауда-өндірістік орталықтар қатарында:

1. *Шэньчжень* (2013 жылы 23 млн. TEU¹) — Гонконгқа жақын маңда орналасқан, Қытайдың Гуандун провинциясының оңтүстік аймағы. Оның жағалауын Кулун түбегі шығыс және батыс деп екіге бөліп отыр. Батыс бөлігі айтарлықтай терең фарватерге ие болғандықтан ірі кемелерге арналған.

2. *Гуаньчжоу* (2013 жылы 16 млн. TEU) – халықаралық маңызды дәрежесі бар және Қытайдың сыртқы экономикалық әрекетін қамтамасыз етуде жетекші рөлге ие ірі теңіз порты және үлкен қала ретінде танымал. Қытай әлемнің 170 астам елімен көлік байланысын орнатқан. Су көлемі ауқымды Чжуцзян өзенінің бойында және Хуанань ауданы территориясында орналасқан.

3. *Фуцжюу* (2013 жылы 2 млн. TEU) – құрлықтық Қытайдың оңтүстік бөлігінде, Тайвань бұғазының батыс жағалауында орналасқан. Құрлықтық Қытайдың негізгі теңіз порты және Фуцзянь провинциясының басты сыртқы сауда порты болып саналады.

Бұл жобаларды жүзеге асыру Қазақстанға бағытталған тразиттік поездердің жиынтығын құрайды және де ҚР Жапон, Оңтүстік Корея және ОША елдерінің нарықтарына шығуға мүмкіндік береді.

Оңтүстік бағыт бойынша Қазақстан үшін маңызды саналатыны – Иранның оңтүстігінде орналасқан арнайы экономикалық аймақ

¹ Жиырма футтық эквивалент (ағылш. TEU-twenty equivalent unit) — контейнерлік терминалдардың өткізу мүмкіндігін өлшеу мен жүк көліктерінің сыйымдылығын өлшеудің шартты белгісі

дәрегейге ие Чабахар қаласы арқылы Оман шығынағына шығу мүмкіндігінің болашағы зор. Қазақстан тарапынан бұл АЭА дамуына инвестиция салу және ол жерде өзінің терминалдары мен порттарын салу жүк тасымалы саласындағы ынтымақтастықты арттырып қана қоймай, сонымен қатар Ормуз бұғазындағы тұрақсыздықтарға қатысты орын алуы мүмкін шығындардан да арылуға жағдай жасады.

Қазіргі таңда Иранның теңіз саудасының 85 %-н Бендер-Аббас оңтүстік порты жүргізіледі, бірақ, бұл порт сыйымдылығы тек 100 мың тонна болатын жүк кемелерін ғана қабылдайды. Ал әлемдегі жүк тасымалдау ісі негізінен дедвейті 250 мың тонна болатын кемелермен тасымалданатындықтан жүк алдымен БАЭ жеткізіліп, сол жерден шағын кемелер арқылы таратылды. Осы жағдайдағы шығындар жүздеген миллион АҚШ долларына тең болып отыр. Бұл сонымен қатар Иран мен БАЭ арасындағы қақтығыс жағдайында өте қауіпті. Ал Чабахар порты айлағының тереңдігі ауқымды және аталынған кемшіліктерден ада, сондықтан да қазақстандық инвестициялар үшін өте тартымды болып саналады.

Қазіргі таңда Иран үкіметі «Чабахар» АЭА өндірісті және сол арқылы жүк тасымалын дамыту мақсатында порттың шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымдылығын көтеру бағытында шаралар жүргізіп отыр. Бұл әсіресе иран-үндістан қатынастарының дамуынан байқалуда. Үндістан көлік компаниялары Чабахар портының инфрақұрылымына инвестиция салуға мүдделік танытуда, себебі бұл келешекте Орталық Азия мен Ауғанстанға бағытталған үндістандық экспорттың шығынын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде үндістандық контейнерлік жүктердің басым бөлігі Иранға Дубай арқылы жеткізіледі.

«Чабахар» АЭА дамыту мәселесінде мұнай саласына үлкен үміт артылып отыр. Тегеран ұлттық маңыздағы жаңа ірі мұнай-химия орталығын құруды көздеген. Осы мақсатта АЭА территориясында «Нагин – Мекран» мұнай-химия өндірістік зонасы үшін 1 мың га телім бөлінді. «Чабахар» АЭА мұнай-химия орталығын құру мемлекет басшылығының пікірінше Иранның оңтүстік-шығыс аудандарының экономикалық дамуы жолындағы маңызды шара болмақ: бұл жерде жаңа жұмыс орындарының пайда болуы Чабахар портының сауда-өндірістік орталық ретіндегі қалыптасу үрдісін жылдамдатады.

Бүгінгі таңда «Чабахар» АЭА дамытуға қатысты инвестиция тарту мәселесі бойынша Қытай мен Үндістанның компаниялары мен жеке тұлғалары, сонымен бірге иранның көптеген инвесторлары

ұсыныс танытқан. Олардың Чабахардағы жобаларға қатысуы Ормуз бұғазысынан тыс аймақтағы мұнай-химия өндірісінің мүмкіндіктері, АЭА үшін заңнамалық негізде жасалынған жеңілдіктерді пайдалану, экспорттық нарықтарға (Үндістан, Қытай және Орталық Азия елдері) жақын орналасуы арқылы негізделіп отыр. Сонымен қатар «Чабахар» АЭА екі теңіз порты, халықаралық әуежай, заманауи емхана мен университет бар, жаңа темір жол салынып, демалысқа бар мүмкіндік жасалынған.

Қазақстан үшін «Чабахар» АЭА басшылығының контейнерлік жүк тасымалын жолға қою мен дамытуға қатысты жоспарлары маңызды болып отыр. Иран 2012 жылы: Чабахар — Сингапур — Қытай, Чабахар — Дубай және Чабахар — Оман бағытында жаңа теңіз жолдарын ашты, бұл болашақта ҚР Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыс елдері нарығына шығуына мүмкіндік жасайды.

ҚР экспорттық бағыттарын әртараптандыру үшін стратегиялық маңызды бағыттардың бірі – Қара теңіз аймағына шығу саналады. Жалпы жүк тасымалы айналымы бойынша Азов-Қара теңіз бассейні Балтық теңізі бассейнінен кейінгі екінші орында тұр.

Қара теңіз арқылы өтетін теңіз тасымалының басым бөлігін танкерлердің рейстері құрайды, олар негізінен Ресей порттары (Новороссийск пен Туапсе) мен Грузия порты (Батуми) арқылы тасымалданатын мұнай мен мұнай өнімдерінен тұрады. Қазіргі таңда Батумидегі қазақстандық портқа Новороссийск қаласынан салынуы тиіс терминал мүмкіндігін қосамыз.

Новороссийскі теңіз сауда порты (НТСП) — Ресейдің оңтүстігінде орналасқан ірі транспорттық хабтардың бірі. 2013 жылы жүкжайылымы көлемі 141 млн. тонна болған. Ресейлік теңіз порттары қауымдастығының мәліметіне сәйкес бұл жүк айналымы бойынша ірі ресейлік порт, ал жүк өңдеу бойынша Еуропада бесінші орында тұр. Порт Новороссийск немесе Цемесск мүйісінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан. Бұл порттағы навигация жыл бойына тоқтамайды.

НТСП Ресейдің стивидорлық қызметтер көрсететін, яғни құйылатын, жүктелетін және контейнерлік тасымалданатын жүктерге қызмет көрсететін ірі порт. Оның жалпы ұзындығы 8,5 шақырым болатын 45 айлағы бар, оның 32 жүк тасымалдық, 10 – қосымша көмектік, ал 3-еуі жолаушы тасымалына арналған.

Бір айта кетерлігі, аталынған портты қазақстандық экспортерлер Еуропа бағытындағы жүк тиейтін орын ретінде қолданып отыр, оған осы порттағы темір жол бағыттарының ауқымды желісінің болуы

себепті. Новороссийскі теңіз порты «Север-Юг» халықаралық көлік дәлізінің ресейлік бөлігінің соңғы пункті, және ол арқылы TRACECA халықаралық көлік дәлізі де өтеді. Новороссийск темір жолы мен НТСП жүк тасымалы саласында өзара тиімді жұмыс серіктестігін қалыптастырған. Бекет пен порт өзара қажетті ақпарат алмасу және жұмысты ауыспалы-тәуліктік жоспарлауды жолға қойған. Өз терминалымызды салу шығындарды төмендетуге және отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Осылайша, шетелдерде өз терминалдарымызды салу Қазақстан экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие және отандық өнімдерді экспорттау мүмкіндігін арттыруға қажетті транзиттік әлеуетті кеңейтуге жағдай жасайды. Сонымен қатар терминалдардың заманауи желісі Қазақстан территориясы арқылы өтетін жүк тасымалын белсендендіреді, ал ол өз кезегінде Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы негізгі көліктік хаб ретіндегі орнын айқындауға мүмкіндік береді. Осылайша, ҚР көліктік-логистикалық инфрақұрылымының құрамы ретінде шетелдерде қазақстандық терминалдар желісін салу Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауының басым бағыттарының бірі ретінде танылды.

Жаһандану жағдайындағы ақпараттық соғыстар

Нұрмұхамед БАЙҒАРАЕВ,
саясаттанушы

Өркениеттің бүгінгі даму кезеңінде ақпараттандыру процесі мемлекеттік органдардың қызметі мен жеке адамның өмірінде негізгі рөлге ие. Ақпараттандыру үдерісі ортақ әлемдік ақпараттық кеңістіктің құрылуына әкелуде. Бұл кеңістіктің аясында оның субъектілері – адамдар, ұйымдар, мемлекеттер арасында ақпаратты сақтау, өңдеу, алмасу процесі белсенді жүруде. Бұл субъектілер арасындағы саяси, техникалық, экономикалық ақпараттың тез алмасқаны – өркениетті жетістік, алайда мұндай артықшылық тек ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық деңгейі жоғары елдерге ғана қол жетімді. Ал бұл деңгейге шықпаған мемлекеттің дамыған елдер алдындағы әлсіздігі жыл өткен сайын айқын көріне бермек. Ал өз кезегінде аталған үдеріс күштілердің әлсіздерді ақпараттық тұрғыдан басқаруына, манипуляциялауына әкелуі сөзсіз. Бұл АҚШ, ЕО, Жапония секілді ғылыми-техникалық, өндірістік әлеуеті жоғары елдерге ақпараттандырудың есебінен өзінің саяси, экономикалық, геосаяси, тіпті, әскери жағдайын нығайтуға мүмкіндік береді. Жалпы әлемдік қауымдастыққа жаһандық ақпараттық бақылау орнату мүмкіндігі де жоққа шығарылмайды.

«Ақпараттық соғыс» ұғымы – әскери саланың өнімі. Бұл термин бүгінде нақты анықталып, зерттеліп біткен жоқ, сол себепті келешекте оның мағынасының өзгеруі әбден мүмкін. Ақпараттық соғыс – ақпаратты қару жүзінде саяси, экономикалық, әлеуметтік, әскери салада қолдану әдісінің келісілген әрекетін атайды. Бұл соғыстың жаңа типі, оның соңғы нысанасы – қоғамның санасы. Ол қоғамдық сананы басқару мен манипуляциялау, адам еркін бағындыру

мүмкіндігіне негізделген. Бұл ақпараттық-психологиялық ықпалға жиі ұшырайтындар үшін байқаусыз өтеді.

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың біздің өмірімізге тым жылдам енуіне қарап, біз бүгінде әлеуметтік және экономикалық саланы тым жылдам өзгертіп жатқан «сандық революция» жайлы айта аламыз. Коммуникация және ақпарат саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Мәселен, 50 млн. адамды қамту үшін радиоға 38 жыл қажет болса, телевидениеге 13 керек болды. Бар болғаны 4 жылда Интернетті осыншама халық қолдана бастады, бүгінде әлем бойынша интернет пайдаланушылардың саны 2 млрд-тан асып кетті. Ал Қазақстанда 2009 жылы Интернет желісін тұтынушылардың саны, байланыс операторларының есептеріне сәйкес, 3,15 млн. тұтынушы мөлшерінен артты, бұл 100 тұрғынға 19,8 тұтынушы тығыздығына сәйкес келеді. Ұялы байланыс абоненттерінің саны 15,0 млн. абонентті құрады, бұл 100 тұрғынға 95 абонент ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығына сәйкес келеді. Бұл мәліметтер қоғам ішінде ақпараттық әрі телекоммуникациялық технологиялардың кең әрі жиі қолданатындығын көрсетуде. Егер кез-келген мемлекет ХХІ ғасырда осы салалардан артта қалған жағдайда ірі ақпараттық державалардың ықпалына түсетіні анық.

«Ақпараттық соғыс» термині алғаш рет қырғи-қабақ соғысынан кейін Парсы шығанағындағы әскери операцияларда қолданылды. Бұл термин жалған ақпарат беру мен АҚШ әскерінің Ирактың әскери және азаматтық ақпараттық жүйесін істен шығару мағынасында қолданылды. Бұған қоса, Ирактан тікелей ақпарат таратқан батыстық телекомпаниялардың әрекетін де қосуға болады. Олардың ақпараты қарсыласқа емес, батыс көрермендеріне бағытталған еді. Соғыстан соң шығанақта ақпараттық соғыстың теориясын жасаушылар табылды. 1995 жылдың тамызында АҚШ-тың Ұлттық қорғаныс институтында осы саладағы Мартин Либикидің еңбегі жарияланды. Автор онда ақпараттық соғыстың 7 түрін бөліп көрсетеді:

- *Командалық-басқарушылық* – соғыс барысында әскери басшылар мен бағынышты әскер арасындағы байланысты үзу, армияны басқару қабілетінен айыру;
- *Барлаушылық соғыс* – қарулы қақтығыс барысында маңызды ақпарат жинап, өз мәліметтерін қорғау;
- *Электронды соғыс* – электронды коммуникацияға – радиобайланыс, радиолокациялық станцияларға, компьютерлік желілерге қарсы шаралар;

- *Психологиялық соғыс* – насихат, жергілікті тұрғындардың ойлау қабілеті мен бағытын өзгерту. М. Либики оны 4-ке бөледі: азаматтық рухты жою, Қарулы күштердің әскери рухын төмендету, әскери басшылықты дезоринтациялау, мәдениеттер соғысы;
- *Хакерлік соғыс* – қарсыластың негізгі азаматтық объектілеріне диверсиялық шабуылдар жасау. Ақпараттарды сақтау, өңдеу, тарату кезеңінде компьютерлік желілерді істен шығару не өзгеріс енгізу;
- *Экономикалық ақпараттық соғыс* – М. Либики оның екі формасын ұсынды: ақпараттық блокада (АҚШ-қа қатысты әрекет) және ақпараттық империализм (АҚШ-тың әдеттегі әрекеті);
- *Киберсоғыс* – бұл қарапайым хакерліктен ерекшеленеді. Бұл компьютерлік мәліметтерді басып алу немесе бопсалау. М. Либики бұл соғыстың түрінде семантикалық шабуылды бөліп көрсетті. Семантикалық шабуыл кезеңінде хакер қарсыластың компьютерлік бағдарламаларын бұрыс жұмыс істетеді, яғни істен шықпайды, бірақ оның шешімдері мен нәтижесі дұрыс емес.

Бүгінде ақпараттық күрестің тиімділігін дәлелдейтін бірнеше фактор бар. Мәселен, оның құнының төмендігі, ақпараттық шабуылдарды жасауда мемлекетаралық дәстүрлі шекаралардың жойылуы, ақпаратты манипуляциялау арқылы жағдайды басқару әдісінің маңызының артуы, ақпараттық басымдықты басып алу және сақтау саласына ауысып жатқан стратегиялық барлаудағы бағыттардың өзгеруі, ақпараттық операциялардың басталуын анықтаудың күрделенуі, ақпараттық соғысты бастаушы агрессорға қарсы тез арада коалицияны жинаудың күрделілігі.

XX ғасырдың 90 жж. АҚШ үкіметі ықпалды «Рэнд» копорациясына бүгінгі әлемдегі ақпараттық қауіпсіздік жағдайына сараптама жасап, оның нәтижесі бойынша ұсыныстар жасауды тапсырады. MR-661-OSD деп аталатын құжаттың қорытындысы бойынша Парсы шығанағында АҚШ пен Иран арасындағы ақпараттық күресте жағдайдың дамуын болжау әдісімен алға шығуды ұсынады. Бұдан бөлек, MR-964-OSD (Strategic Information Warfare Rising) құжатында АҚШ тарапынан әлемдік ақпараттық күрес саласында басымдыққа ие болу мен ақпараттық күрес құралдарына ие элитарлық мемлекеттердің клубын құру ұсыныстары бар. Жоғарыда көрсетілген құжатта «Бірінші ұрпақтың стратегиялық ақпараттық күресі» ұғымы бүгінде АҚШ іс жүзінде мемлекеттік әрі әскери деңгейде қолданып жүрген негізгі әдістерді қамтыды. Аталған мәселені зерттеу «екінші ұрпақтың стратегиялық ақпараттық күресі» (2nd Generation Strategic

Information Warfare) ұғымын енгізуге түрткі болды. Бұл термин ақпараттық революция жасайтын, ақпараттық кеңістікте және өзге де салаларды қамтитын, апта, айлар, жылдарды қажет ететін «стратегиялық күрестің жаңа түрі» ретінде түсіндіріледі.

Ақпараттық шабуылдар тек әскери операциялардың кезеңінде жүргізілуі міндетті емес. Ол нақты бір ойды қалыптастыруға, нақты шешімдерді шығару үшін ұзақ не қысқа мерзімде жүргізілуі мүмкін. Мәселен, әлемнің бірнеше жерінде орын алып жатқан терактілерден соң кез-келген елдің парламенті үкіметке терроризмге қарсы орасан зор бюджетті бөліп беретін болды. Себебі соңғы он жылдықтағы әлемдік ақпараттық саясатта терроризм бейбіт әлемнің ең үлкен қауіпі ретінде көрсетілді. Немесе Иранның ядролық өнімдерді байытуын батыс БАҚ әлем жұртшылығына аса қатерлі үдеріс ретінде көрсетіп бақты. Ал Иран мен оның президентті Ахмединиядты Солтүстік Корея мен оның көсемі Ким Чен Ирға теңеуге тырысты. Ал Еуропа және түрлі халықаралық институттардың Иранға санкциялар жариялауы – осы ақпараттық шабуылдың нақты нәтижесі. Жоғарыда көрсетілгендей, ақпараттық күрестің әскери жанжалдарда жиі әрі белсенді қолданатылатыны мәлім. Сондай нақты мысал ретінде 2008 жылғы Грузия мен Ресей арасындағы әскери қақтығысты келтіруге болады. Ресей телеарналары 8 тамыздан бастап әскери жағдайдағы қызметке кірісті. Олар әр бір үш сағат сайын грузия әскерінің Цхинвалиге шабуылын көрсетіп, Саакашвилиді нағыз агрессор ретінде көрсетіп бақты. Ал Грузияның жақтасы болып есептелген АҚШ ақпаратты мүлдем өзге қырынан беруге тырысты. Мәселен, CNN жаңалықтарды «Ресей Оңтүстік Осетияға басып кірді» деп хабарлады, кейіннен Ресей Грузияға басып кірді деген атаумен ауыстырды. Ал «The Wall Street Journal» болса көп кешікпей Грузия президенті Саакашвилидің мақаласын жариялады. Онда М. Саакашвили Ресейдің барлық әрекеттерін үлкен сынға алып, Мәскеудің тек Грузияға ғана емес, сондай-ақ еуропалық демократия құндылықтарына да қауіп төндіріп тұрғандығын жазды. Алайда дәл осы газет Грузия президентінің ашу ерік беріп, Ресеймен кикілжіңге түсуін үлкен қателік деген пікірдегі саясаткерлердің де пікірін берді. Ал Ресейдің өзінде Грузияға қарсы нағыз ақпараттық күресті бастады, мемлекеттік және басым көпшілік жеке меншік БАҚ Грузия әскерінің осетиндерге қарсы агрессиясын әсерлетіп көрсетіп бақты. Бұл ақпарат ағыны тек ресейліктерге ғана емес, сондай-ақ ТМД және өзге де территориядағы орыс тілді аудиторияға бағытталды. Ресейлік «Вести 24» телеарнасы президенттің, министрдің, әскерилердің

барлық сөздерін тікелей эфирде беріп отырды, олар көбіне Оңтүстік Осетиядағы жағдайды көрсетуге тырысты. Осы арқылы Грузия әскерінің Цхинвалиді қаншалықты терең бомбалағанын жеткізіп бақты. Грузия президенті М. Саакашвилидің өз күзетінің артында тығылуы, өз галстугын шайнауы секілді кадрлар жиі көрсетілді. Оған қоса, президенттің психикалық жағдайына сипаттама берген профессор Сафуановтың да сұхбаты да эфирден берілді. Аяқ астынан, бұған дейін белгісіз болған Саакашвилидің «ауыр балалық шағы» мен «той-думанға толы болған жастық шағы» да еске алдынды. Бұл нағыз пропагандалық насихат екенін ешкім жасырмады. Ал Грузияның өзінде 9 тамыз күні-ақ барлық ресейлік телеарналардың қызметі тоқтатылып, ги домені бар сайттарға блокада қойылды, ал грузиялық сайттар хакерлік шабуылдардан соң істен шыға бастады. Грузиялық телеарналарда ресейлік әскердің бала бақшаларды, балалар үйін, мектеп, ауруханаларды бомбалап жатқандығы туралы ақпарат жиі берілді. Оңтүстік Осетиялық әскерді сепаратисттерге теңеп, олардың «басбұзарлық» әрекетін де өзге қырынан жеткізді. Бұл ақпараттық күрес әскери қақтығыс болған бес күннен кейінде қарқынды жүрді. Ал бұл оқиғаға еуропалық БАҚ басынан салмақты қарады, өз ақпараттарында екі жақты пікірді беруге тырысты. Алайда Ресейді державалық жағдайымен Грузияға бүйрегі бұрғанын жасырған жоқ. Көптеген континеттік газеттер Саакашвилидің стратегиялық қателігі жайлы, оның қақтығыстарды бастап, өз басына және еліне артық қиындықтарды жүктегенін жазды. BBC, Sky News Цхинвалидің емес, Горидің бомбаланғанын көрсетті, бұл да болса, ресейліктерге қарсы әрекет еді.

Жоғарыда аталған оқиғаны түрлі қырынан тарату – ақпарат күшінің ықпалдығын көрсетеді. Себебі осы арқылы тек аумақтың ғана емес, әлемдік жұртшылықтың санасын, ойлау бағытын басқаруға болатындығын көруге болады. Осы себепті ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың даму деңгейінің артта қалуы кез-келген елді ақпараттық шабуылдар алдында әлсіз ететіні айқын. Ал бұл сол елдің ұлттық қауіпсіздігі үшін шынайы қатер. Парсы шығанағында, араб елдерінде орын алған соңғы оқиғаларды саралай келе, осы елдердегі саяси жүйені істен шығару үшін, қоғамдық сананы басқару үшін, оппозицияның халықты елдің басты алаңына алып шығу үшін Twitter, Facebook, Youtube секілді әлеуметтік желілердің де кеңінен қолданылғанын атап өту маңызды. Себебі бұл өзіне қажет ақпаратты жылдам, кең әрі арзан таратудың ең тиімді әдістерінің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иватова Л.М, Балапанова Ә.С. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі: негізгі бағыттары, тенденциялары, басымдықтары. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 279 б.
2. Әлияров Е.К. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 50 б.
3. Информационные вызовы национальной и международной безопасности / Под ред. А.В. Федорова, В.Н. Цыгичко. – М.: ПИР-Центр, 2001. – С. 56.
4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы №412-2 «Ақпараттандыру туралы» заңы.
5. Назарбаев Н.Ә. Сындрлы он жыл. – Алматы: Қазақстан, 2003 – 111 б.
6. Әлияров Е.К. Ақпараттық саясат ұғымы мен басты басты мазмұны // Политические проблемы международных отношений глобального развития. Материалы международной научно-практической конференции в рамках шестых Мустафинских политологических чтений. – Алматы, 2005. – 373 б.
7. Әлияров Е.К. Қазақстан Республикасындағы ақпараттық саясаттың құқықтық аспектілері // «Қайнар» университетінің хабаршысы. – 2006. – №1. – 86 б.
8. Аскарбеков Е. Информационные войны в Интернете // Центральная Азия и Кавказ. – 2000. – №9. – 208б.
9. Балгин Р. Казахстан в контексте нового информационного порядка // Саясат. – 2004. – №2. – С. 44.
10. Ибраева Г.Ж. СМИ и информационная безопасность // Саясат. – 2001. – № 7–8. – С. 38.
11. Ашимбаев М.С. К вопросу обеспечения национальной безопасности и защите национальных интересов Казахстана // Казахстан-Спектр. – №2. – С. 3–4.

Дәстүрлі дін – ұлт руханиятының тағылымды тәжірибесі

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ,
ҚР Дін істері агенттігінің
Діни орталықтарды
зерттеу бөлімінің бастығы,
филология ғылымдарының кандидаты

Ұлт тарихы ажырамас екі негізден құралады. Бірі – егемендік жолындағы ерлік күрестерден құралған азаматтық тарих, ал екіншісі – ұлттың идеологиялық бағдарын орнықтыру жолында жасалған рухани тарих. Біздің азаматтық тарихымыз көптеген іргелі зерттеулерге арқау болды. Жеткілікті түрде назар аударылмай келе жатқан үлкен бір бағыт – біздің рухани тарихымыз дер едік.

Қазақ халқының тарихында ұлттық-мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерілген біртұтас ілімдерді жасаған даңқты тұлғалар болды. Ұлтымыздың болмысын қалыптастырған, құндылықтық бағдарын белгілеген осындай ілімдердің бірегейі – Қожа Ахмет Яссауи ілімі.

Яссауи ілімін бірыңғай діни-мистикалық ілім ретінде бағалау орынды емес. Яссауи ілімі – ең алдымен рухани-моральдық ілім. Түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл Яссауи жасаған ілім өз бастауын түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарынан алады. Қожа Ахмет Яссауи осы рухани құндылықтарды жинақтап, қорытып, оны ислам дінінің қағидаларымен үйлестіріп, біртұтас ілімге айналдырды. Яссауи өз ілімінің барлық қағидаларын ханафи мазхабы ұстанымдарының аясында дамытты. Яссауи ілімі барша түркі халықтарының, соның ішінде ол дүниеге келген өлкенің иесі – қазақ халқының да ислами дүниетанымына негіз болып қаланды. Қазақ халқының діни-ислами түсініктері Яссауи ілімінің аясында қалыптасты. Ұлттың ар-

ождан кодексі ролін атқарған Яссауи ілімінің негізгі ұстанымдары қазақ халқының рухани-моральдық қағидаларында көрініс тапты. Мұның нақты мысалын біз халқымыздың ізгілікке, имандылыққа негізделген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен, жыр-аңыздары мен мақал-мәтелдерінен, кешегі жыраулар поэзиясы мен би-шешендердің нақыл сөздерінен, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп секілді көрнекті тұлғаларымыздың туындыларынан айқын аңғарамыз.

Сондықтан халқымыздың ұлт болып қалыптасуы мен дамуына, ұлттық ерекшеліктерінің берік сақталуына Яссауи ілімі тікелей әсер етті деп біз сеніммен айта аламыз. Соңғы кездері айтылып жүрген: «Қытай халқы үшін Конфуций ілімінің мәні қандай болса, Қазақстан қоғамы үшін Яссауи ілімінің маңызы да сондай ерекше» деген пікір осындай келелі ойлардан түйінделген тұжырым.

Рухани тазалық пен кемелдікті мақсат еткен Яссауи жан тазалығы, ар тазалығы, жүрек тазалығы қағидаларын бірінші орынға қойды. Ол өз ілімін қоғамды тәрбиелеуші, түзетуші ар ілімі ретінде түсіндірді. «Жаным – арымның садағасы», «Жарлы болсаң да арлы бол» деген қазақ халқы да осы ілімді жан-жүрегімен қабылдаған.

Яссауи ілімінің негізгі ұстанымдарының бірі – мәмілегерлік, яғни толеранттылық. «Бөгде дін өкіліне де азар бермеу – Пайғамбар сүннеті» («Сүннет ерміш кафир олса берма азар») деп жазған Яссауи кез келген дін өкіліне құрметпен қарауды насихат еткен. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген Абай сөздері де осы ақиқатқа тіреледі. Яссауи іліміндегі «Адам адамға құл емес, Аллаға ғана құл» деген ұстаным да адам баласының бәріне бірдей қарауға, ешкімді кемсітпеуге, өзін де өзгелер алдында төмен санамауға міндеттейді. Бұл қағида бүкіл қоғамдағы рухани тепе-теңдік пен келісімді сақтауға бағытталған. Халқымыз бұл қағиданы: «Еңкейгенге еңкей – атаңнан қалған құл емес, Шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес» деген мақалмен түйіндеген.

Яссауи ілімі ағартушылыққа, ғылым-білімге шақырады. Яссауи: «Адамды ақиқатқа жеткізетін бірден-бір жол – ғылым жолы» деп жазған. Яссауи еңбектерінде ғылымға ұмтылу, надандықтан қашу мәселелері жиі көтеріледі, шынайы ғалымдар ерекше құрметтеледі. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Ақыл – азбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен», «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деп мақалдаған ұлтымыздың ұстанымдары да осы қағидалардан қиыс кетпейді.

Яссауи ілімінде «Халыққа қызмет ету – Хаққа қызмет ету» деген ұстаным бар. Бұл қағида қоғамға адал қызмет етуді насихаттайды,

отаншылдыққа, елді сүйуге, бауырмалдық пен жанашырлыққа, өзара құрмет пен сыйластыққа тәрбиелейді. Осы бір қағида өзгеге қол ұшын беруге қашанда құлшынып тұратын біздің халқымыздың болмысына сіңген деуге болады. «Өз үйінде ою оймағанның кісі үйінде сырмақ сыратыны» да осыдан болса керек.

Қожа Ахмет Яссауи көшпелі түркі халықтарының ағайындық, бауырмалдық сезімдерді басты орынға қоятын ізгі дүниетанымымен, туыстық қатынастарға негізделген рулық-тайпалық құрылымымен етене таныс болған. Сондықтан ол ашық зікір тәжірибесін қолданып, әйелдер мен ерлердің зікірге бірге қатысуына мүмкіндік берген. Осы әрекеті үшін өзімен замандас дін ғұламалары Яссауиді «бүлікшіл», «дінсіз» деп қатаң айыптады. Бірақ Яссауи олармен күрес барысында өз ілімінің дұрыстығын дәлелдеп, сол арқылы халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын қорғап қалды. Яссауи ілімінің осындай ерекшеліктері жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ қауымындағы әйелдер мен қыздарды хижаб пен пәренжі киюден қорғауға бір себеп болды.

Яссауи ілімінде қонақжайлық дәстүрі адамды рухани кемелдікке бастайтын ерекше дәстүр саналады. Яссауи ілімін таратушылар барған жерлерінде «суфра тұту», яғни «дастархан жаю» дәстүрін ұстанған. Көпшілікке, келімді-кетімді жолаушыларға арнап жайылған дастархан басындағы сұхбатқа рухани ілім иесі – Қызыр келіп қатысады деп саналған. Қазақ халқының «Қонақ келсе, Қыдыр келеді», «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген мақалдары осы дәстүрден туындаған. Осындай қағидалар арқылы Яссауи ілімі халықтың болмысына сіңіп, қазақ дүниетанымының, ұлт менталитетінің негізіне айналды. Дұрысы, Яссауи өз ілімі арқылы тарих тереңінен бастау алатын ұлт құндылықтарын ислами сүзгіден өткізіп берді.

Біз Яссауи ілімін ұлтымыздың рухани тарихының тағылымды тәжірибесі ретінде қабылдауға тиіспіз. Қазақ халқы ислам діні аясында ұлт болып қалыптасса, қазақы исламның бітім-болмысы, қазақ мұсылмандығы Яссауи ілімі арқылы қалыптасты.

Яссауи ілімі тек тарихи роль атқарып қана қойған жоқ. Бұл ілімде қазіргі қоғамға қажетті идеологиялық ұстанымдардың барлығының негізі қаланған. Қазіргі зайырлы, өркениетті Қазақстан қоғамына зәру парасатты идеология мен қастерлі қағидалар Яссауи ілімінде көрініс тапқан. Рухани тәжірибесі аса бай қазақ халқы өзінің ұлттық бастауларындағы осындай табиғи, тұнық ілімдерді жаңғырту арқылы жаһандану жағдайында да өзінің бірегей болмысын сақтап қала алады. Тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде ұлтты ұйыстыра

білген Яссауи ілімі қазіргі қазақ қоғамына да рухани бағдар болмақ. Тамырын туған топырағымыздан алатын, ұлттық болмысымыз бен ділімізге етене жақын Яссауи ілімін бүгінгі Қазақстан мемлекетінің идеологиялық тұғырнамасы ретінде орнықтыруға барлық негіздер бар.

Яссауи ілімін ел игілігіне жаратып, ақыл-ойының өзегіне айналдыратын тетіктерді жүйелі, мақсатты түрде жүзеге асырсақ, ұтарымыз көп болмақ. Ең алдымен Яссауи ілімі өзінің кең мазмұндылығымен қазіргі өскелең буынның рухани сұраныстарын жан-жақты қанағаттандыра алатынын ескеруіміз керек. Аталмыш ілімінің негізгі қағидаларын заманауи өмірге бейімдеп қайта жаңғырту арқылы қазіргі қазақ қоғамындағы көптеген рухани проблемалардың алдын алуға болады. Бұл әсіресе идеологиялық бос кеңістікті жаппай толтырып жатқан экстремистік жат ағымдар мен деструктивті діни қозғалыстар идеологиясының ықпалын сөзсіз төмендетеді.

Осы орайда алғашқы кезекте Яссауи еңбектерін аудару, жариялау, қайта жариялау жұмыстарын жүзеге асыру қажет. Яссауи шығармашылығы поэзиялық туындылардан, яғни хикметтерден ғана тұрмайды. Яссауи ілімінің негіздерін танытатын «Жүректің айнасы», «Пақырнама» секілді трактаттар да шәкірттері арқылы хатқа түскен ақынның өз шығармалары болып табылады. Соңғы кездері ғалымдар Яссауидің «Рисала-и дәр әдәби тариқат» атты еңбегін ғылыми айналымға қосты. Яссауидің ататегіне қатысты шежірелер мен Яссауи шәкірттерінің еңбектерінде де осы ілімнің негіздерін танытатын тағылымды дүниелер мол. Аталған еңбектердің барлығын аудару, қайта жариялау, Яссауи ілімі мен шығармашылығына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың таңдамалы зерттеулерінің жинағын жарыққа шығару, жаңа танымдық басылымдардың жарық көруіне, таралуына жағдай туғызу қажет.

Түркістан қаласында жиі өткізіліп, дәстүрге айналып үлгерген «Яссауитану» байқауына, «Қожа Ахмет Яссауи ілімі мен шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қолдау көрсету, «Яссауи әлемі» деген атпен жарық көріп отырған ғылыми-көпшілік, тарихи-танымдық журналдың таралымын көбейту керек. Яссауи ілімін халыққа кеңінен таратып, түсіндіру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы айдарлар, бағдарламалар ашуға болады. Жоғарғы оқу орындарында Яссауи атындағы арнайы шәкіртақы, руханият саласына еңбек сіңіргендерге Яссауи атындағы сыйлық тағайындаған жөн.

Адамды парасатты азамат, кемел тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған Яссауи ілімі мектеп бағдарламасына жүйелі түрде енгізіліп, әр сынып сайын тереңдете оқытылып отыруға болады. Жоғарғы оқу орындарында да Яссауи ілімін үйретудің осындай жүйесі жолға қойылуы керек.

Халқымыздың рухани мәдениетінің барлық саласында терең із қалдырған Яссауи ілімін зерттеу – ұлтымыздың түп негізін тану болып табылады. Яссауитану ілімі – қазақтану, түркітану ілімі. Яссауи ілімі тарихи дәуірлерде түбі бір түркі халықтарын ортақ дүниетанымға ұйыстыра білді. Қазіргі татар, түркімен, қарақалпақ, қырғыз, түрік халықтарының қазақ жұртымен рухани тұтастығы – аталған халықтарға да Яссауи ілімінің кеңінен тарағандығының нәтижесі. Сондықтан Яссауи ілімінің бүгінгі әлемдік қауымдастықта түркі халықтарын ынтымақтастырушы басты факторға айнала алатынын да ұмытпауға тиіспіз. Осы бағыттарда арнаулы ғылыми-зерттеу орталықтарын ашып, кең көлемде жұмыс жүргізу қажет.

Айтылған мәселелерге соңғы кездері жиі ауызға алынып жүрген «дәстүрлі ислам» деген түсінік тұрғысынан назар аударып көрелік. «Дәстүрлі ислам», «дәстүрлі қазақ мұсылмандығы» деген ұғымдардың негізсіз еместігіне дәлел бола алатын екі сала қайнар көз бар: Біріншісі – ислам ілімін жетік меңгеріп, қазақы дүниетаныммен астастыра білген, қазақы мұсылмандыққа негіз болған бірегей ілімдер қалыптастырған ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының еңбектері; екіншісі – халқымыздың діни танымын, рухани құндылықтары мен ұстанымдарын танытатын шығармашылық мұралары (ауызша шежірелер, мақал-мәтел, жыр-аңыз, салт-дәстүр, ырым-тыйымдары).

Бірінші салаға кеңірек тоқталсақ, қазақ даласында сонау Әбу Насыр әл-Фараби кезеңінен қалыптасып, үзіліссіз жалғасып келе жатқан біртұтас рухани ілімдер, орныққан көзқарастар жүйесі бар. Саналы ғұмырын араб жерінде өткізгенімен әл-Фараби түркі топырағының түлегі, сол топырақта дүниеге келген ілімдердің дамытушысы болып табылады. Атақты Отырар кітапханасы орнаған өңірде туып-өскен ғалымның барлық рухани және дүнияуи ілімдердің бастауынан туған өлкесінде сусындағаны, негізгі көзқарастарын өз отанында қалыптастырғаны анық. Туған топырақтан алған тәлімін араб, парсы мәдениетінің, ислам өркениетінің ақыл-ой қазынасымен ұштастырған энциклопедист ғалым «хикма иләһийя» – «иләһи хикмет» («тәңірлік даналық») ілімінің негізін салды. Бұл ілім өз кезегінде Әбу Насыр әл-Фарабидің даңқты отандасы – Жүсіп Баласағұн

шығармашылығында «Құт әкелуші білім» («Құтты білік») деген атпен жалғасын тапты. Қос ғұламаның жерлес ізбасары Қожа Ахмет Яссауи бұл ілімді «хикмет ілімі» деген атпен дамытты. Осы ілімнің негізгі қағидалары Яссауидің жоғарыда сөз етілген еңбектерінде көрініс тапты. Яссауи танымдық мектебінің барлық өкілдері мен Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген барлық ойшыл қаламгерлер туындыларынан олардың діни және дүниетанымдық мәселелерде әбден қалыптасқан, жүйеленген, орныққан біртұтас көзқарастарға ие екені аңғарылады. Бұл көзқарастардың негізін екі қағида құрады деуге болады: біріншісі – ұлттық құндылықтар мен отаншылдық қағидаларды қорғау; екіншісі – ислам шарифатына құрметпен қарай отырып, ары қарай дамыту.

Осындай орныққан көзқарастар қазақ жыраулар поэзиясы арқылы ХІХ ғасырдағы ірі ақындық мектепке жалғасты. Сол ақындық мектептің көрнекті өкілі Абайдың діни көзқарастарын жинақтаған «Қарасөздері» де қазақ топырағындағы біртұтас рухани ілімдер мен орныққан көзқарастар жүйесінің заңды жалғасы болып табылады. Ы.Алтынсариннің «Мұсылманшылық тұтқасы», Ш.Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты», М.Ж.Көпейұлы мен Ғ.Қараштың туындылары дәстүрлі қазақы мұсылмандық қағидалары негізінде дүниеге келген. Кеңестік кезеңде өмір сүрген ірі дін ғұламасы Сәдуақас Ғылмани өзінің діни еңбектеріне қазақ жерінде жазылған «Файзул арифин» туындысын негіз еткен. С.Ғылманидің «Дін педагогикасы», «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы», «Махмуд Шалтут тафсирінің аудармасы» атты еңбектері өз кезеңі үшін ғана емес, бүгінгі күн үшін де аса маңызды болып табылады (өкінішке орай, аталған еңбектер әлі қолжазба күйінде жатыр).

Қазақ топырағынан шыққан жүздеген ғалымдар жайлы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Қазақ даласының жұлдыздары» еңбегінде айтылды. Сол ғұламалардың іргелі еңбектерінің басым бөлігі әлі күнге қазақ оқырманына таныс емес. Сондықтан біздің рухани тарихымыз үзілмелі (фрагментарлық) сипат алып отыр. Ал осындай ақтандақтардың орнын толтырған екінші сала – жалпыхалықтық шығармашылық мұра болды.

Қазақтың жазба және ауызша шежірелері, жыр-аңыздары рухани тарихты бейнелі түрде жеткізді. «Насабнама», «Манақиб-и Хожа Ахмад Яссауи», «Садр-ад-дин шайх рисаласы», «Тәзкіра-и Бұғрахан» секілді авторлы жазба шежірелермен қатар ауызекі сақталған шежірелерде қазақ даласына келген ислам таратушылар, олар ұстанған ілімнің мәні мен негізгі қағидалары, осы ілімнің

кейінгі таратушылары жөнінде кеңінен мәліметтер беріледі. Діни тақырыптағы қазақтың жыр-аңыздары, қисса-дастандары ислам дінінің негізгі ұстанымдары, танымал тұлғалары, шарифат заңдары жайлы мол мағлұмат береді. Мұндай арнаулы туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың ролін қоса атқарғаны белгілі.

Қазақ мақал-мәтелдері де тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде исламның негізгі қағидаларын тұрмыстық санаға лайықтап беріп отырды. «Алла деген ар болмас, Алланың жолы тар болмас», «Құдайға сенген құстай ұшар, Адамға сенген мұрттай ұшар», «Жақсылық көрсем – Құдайдан, Жамандық көрсем – өзімнен», «Сабыр түбі – сары алтын», «Кең болсаң, кем болмайсың», «Алтын алма, алғыс ал», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Өзіңе өзің берік бол, қоңсыңды ұры тұтпа», «Сабақты ине сәтімен», «Тәуекел түбі – жел қайық, Мінесің де өтесің, Қайғының түбі – тұңғыық, Түсесің де кетесің» секілді әрбір мақал-мәтелдің астарында ислами қағидалар қоса көрініс тапқан. Олардың ұлт дүниетанымына ажырамастай болып сіңіп кетуінің ең басты себебі қазақы менталитетке бұрыннан тән ұстанымдармен сәйкес келгендігінде болып табылады. Қазақтың көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым-тыйымдары да ислам қағидаларына, Құран үкімдері мен Пайғамбар сүннетіне сәйкес орныққан.

Сондықтан дәстүрлі исламды, дәстүрлі қазақ мұсылмандығын біз халқымыздың дүниетанымында ежелден негізі қаланған, ғасырлар бойы қолданыста болған, заманалар сынынан сүрінбей өткен рухани қағидалар мен ілімдер негізінде танимыз. «Дәстүрлі қазақ мұсылмандығы» түсінігінің аясында ұлтымыздың біртұтас рухани тәжірибесі толығымен қамтылады деп білген жөн.

Осы ұлттық болмысымызбен үйлесім тапқан дәстүрлі исламды дамытудың, дәстүрлі ислам насихатын күшейтудің маңызды тетіктерінің бірі – стратегиялық зерттеулерді жүзеге асыру. Мұндай зерттеулердің бір бөлігі ретроспективті сипатта жүргізілуі тиіс. Бұл біз жоғарыда атап көрсеткен мәселелерден туындайды. Яғни қазақы болмысқа тән бірегей рухани ілімдер қалыптастырған ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының еңбектері мен халқымыздың діни танымын, рухани құндылықтарын танытатын ауызекі шығармашылық мұралары (шежірелер, мақал-мәтел, жыр-аңыз, салт-дәстүр, ырым-тыйымдар) дінтанулық зерттеулер негізіне айналуға тиіс. Бұған дейін аталған мұралар көбіне тарихи, филологиялық, мәдениеттанулық, философиялық зерттеулер нысаны ретінде қарастырылды.

Теологиялық және дінтанулық тұрғыдан біршама талданғанымен, бұл мұралар қазақы мұсылмандық көзқарас, дәстүрлі ислам қағидалары тұрғысынан мүлде дерлік зерттелген жоқ. Ендігі кезекте осы бағыттағы зерттеулерді жолға қойып, рухани-діни мұраларымызды толық игеруге, «дәстүрлі ислам» түсінігін ғылыми тұрғыдан орнықтыруға күш салу қажет.

Дәстүрлі исламды дамытудағы екінші бір бағыт баспа жұмыстарымен байланысты болмақ. Жоғарыда аталған Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Йүгінеки еңбектерін, Хусамеддин Сығнаки, Жамал әл-Қарши секілді ортағасырлық ойшылдар туындыларын, Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген діндар ақындар мен тарихшы ғалымдар еңбектерін, Шағатай кезеңінің төл тарихымызбен, танымымызбен тамырлас туындыларын аудару және жариялау жұмыстарын жүзеге асыру қажет.

Діни мазмұндағы еңбектерді қайта жариялау барысында әдеби шығармаларға да назар аударған жөн. Қазақ ақын-жазушылары дін тақырыбын үнемі назарда ұстап, діни-этикалық ойларын, дін-ислам жөніндегі негізгі таным-түсініктерін әдеби туындылар арқылы жеткізіп отырған. Ұлтымыздың ағартушы-ұстаздары ретінде танылған XIX-XX ғасырдағы қазақ қаламгерлері шығармашылығын қайта қарап, олардың дін мәселелеріне арналған таңдаулы әдеби туындыларын іріктеп, екі томдық ретінде құрастырып шығаруға толық негіз бар. Сонымен қатар «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Бабалар сөзі» сериясымен жарық көрген 6 томдық «Қазақтың діни дастандарын» дінтанулық сараптама бойынша іріктеп, таңдаулы екі томдық құрастырып, қайта жариялаған жөн. Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлының діни-философиялық мұраларын біріктіріп, жеке жинақ ретінде жариялау қажет. Сәдуақас Ғылманидің қолжазба күйінде қалған дін педагогикасына, Құран тафсиріне арналған еңбектерін жарыққа шығару отандық дінтану ғылымына үлкен серпін берері сөзсіз.

Сонымен қатар халқымыздың ислами түсініктерінің қалыптасуында маңызды роль атқарған ислам ғұламаларының, соның ішінде ханафи мазхабындағы дін ғалымдарының, ортағасырлық және заманауи дін қайраткерлерінің еңбектерін аудару, жариялау және қайта жариялау мәселесін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Ортағасырлық мұсылман ойшылдарының еңбектерінен ханафи мазхабының негізін салушы Әбу Ханифа имам Ағзамның еңбектерін, оның шәкірттерінің шығармаларын, ханафи мазхабындағы негізгі еңбектерді, ақидамыздың негізін қалаушы Әбу Мансур әл-

Матуридидің, хадис ғылымының білгірі Имам Бұхаридің, мұсылман құқықтануының беделді тұлғасы Бурханаддин Әли әл-Марғинанидің, «І мыңжылдықтың реформаторы» атанған ғұлама Имам Ғазалидің маңызды еңбектерін қазақ тіліне аударып, жариялау қажет.

Үшінші бағыт ретінде отандық зайырлы және діни білім беру жүйесінің барлық деңгейіне «Ұлттану» пәні мен «Абайтану» курсы енгізуді ұсынар едік. «Ұлттану» курсының оқу бағдарламасы біз жоғарыда айтып өткен дәстүрлі қазақ мұсылмандығына негіз болған дерек көздері мен соларға қатысты зерттеулерге сүйеніп жасалуы қажет. Бұл бағыттағы оқу-хрестоматиялық материалдар қазірдің өзінде кемінде үш сыныптың немесе курстық бағдарламаны түзуге толығымен жеткілікті. Болашақта жаңа аудармалар, басылымдар мен зерттеулер негізінде оқу бағдарламасын үздіксіз толықтырып отыру қажет. Бұл пән арқылы қазақстандық білімгерлер ең алдымен туған топырақта қалыптасқан дүниетаныммен, соның ішінде діни таныммен тереңірек танысуға, ұлттық рухани ілімдерді қалыптастырған ғұламалар еңбектерін зерттеп, білуге, қазақ тарихының көркем шежіресі болған ауызекі туындылар арқылы халқымыздың діни танымын жақынырақ тануға, қазақ әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің ислам қағидаларымен табиғи үйлесімін танып-білуге мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде дәстүрлі исламның қазақы негіздерін тану арқылы діни кадрлардың біліктілігін арттыруға, адасқан ағымдар мен жат идеологияларға қарсы насихат жұмыстарын жаңа сапалық деңгейге көтеруге жол ашады.

Ал «Абайтану» курсы отандық білім беру жүйесінің барлық деңгейінде бір курстық бағдарлама ретінде енгізуге болар еді. Абайдың «Қарасөздеріне» тек бір автордың ой-толғамдарын ғана білдіретін дербес туынды ретінде емес, өзіне дейінгі қазақ топырағындағы бүкіл рухани-діни тәжірибені жинақтаған, ғасырлар бойы қалыптасқан, қорытылған бірегей ілімді ХІХ ғасыр кемеңгерінің ой көрігінен, сана сүзгісінен өткізіп, іріктеп берген танымдық мәні зор туынды ретінде қараған жөн. Басқаша айтқанда, «Қарасөздерде» Абай ақынның сыншыл да сыршыл көзқарастарымен қатар қазақы исламның негізгі қағидалары да жинақталып, қазақ халқының рухани көзқарастары жүйелі түрде танытылған. «Абайтану» курсы зайырлы оқу орындарының оқу бағдарламасына «Ұлттану» пәнінің құрамдас бөлігі ретінде енгізуге де болады. Ал аталмыш курсты діни білім беру жүйесіне енгізу барысында «Қарасөздерге» теологиялық тұрғыдан толық талдау жасап, талдау қорытындысын курстың кіріспесі ретінде ұсынған жөн.

Дәстүрлі исламды дамыту мәселесінің мемлекеттік құрылымдар тарапынан зерттелуі заңнамалық тұрғыдағы жекелеген өзгерістерді қажет етеді. Бұл уақыт факторына тәуелді нәрсе. Сондықтан зерттеу жұмыстарын бастапқы кезеңде жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтар, тәуелсіз құрылымдар негізінде жүзеге асыруға болады.

Ал дәстүрлі діндерге басымдық беру мәселесі заңнамалық тұрғыдан реттелген жағдайда дәстүрлі исламды дамыту мәселесімен айналысуға мүмкіндігі бар екі құрылымды атап көрсетуге болады. Бүгінге дейін Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Діни істер комитеті құрамында қызмет атқарған Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы және Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-ақпараттық талдау орталығы ұжымдары қазір Қазақстан Республикасы Дін істер агенттігінің құрылымдық бөлімдеріне айналды. Аталмыш ұжымдар бұған дейін уақыт талабына сай Қазақстандағы діни ахуал мен діни бірлестіктер мониторингі, діни және зайырлы БАҚ мониторингі, діни тақырыптағы әлеуметтанулық зерттеулер, діни орталықтар мен деструктивті ағымдарды зерттеу секілді қолданбалы зерттеулермен айналысып келді. Ендігі кезекте Дін істері агенттігінің құрылымының кеңейгенін есепке ала отырып, аталмыш құрылымдық бөлімдерді стратегиялық зерттеулер бағытына бұруға болады. Немесе олардың бірін – стратегиялық, екіншісін қолданбалы зерттеулерге мамандандырған жөн. Дін істері агенттігі құрамында бөлім немесе департамент дәрежесінде стратегиялық зерттеулермен айналысатын дербес құрылым жасақталған жағдайда да бұл мәселе дұрыс шешімін табар еді.

Осы орайда Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы ұсынған «Бір ұлт, бір дін, бір мазхаб» ұстанымының дәстүрлі ислам насихатын жолға қою мәселесімен ұштасатынын атап айту қажет. Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы бұл бағытта өз мүмкіндігіне сай бірқатар жұмыстарды жүзеге асырды. Дегенмен Діни басқарма жұмысына кедергі келтіретін елеулі бір қиындық – мамандар тапшылығы. Соңғы жылдары Діни басқарма тарапынан ислами орта оқу орындары – медреселерді ашу ісі қарқынды жүруде. Бірақ ресми болжамдар бойынша, еліміздегі қазіргі ислами оқу орындары осы қарқынмен мамандар даярлап отырған жағдайда тек 10 жылдан кейін ғана елімізді діни кадрлармен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік тұмақ. Осындай жағдайда Діни басқарма қызметіне қатысты ұсыныстар айтудың өзі ойланып кірісетін мәселе. Әрі әрбір құрылымның өз мүмкіндіктерін өзі нақтырақ бағамдап, өз

міндеткерліктерін өзі айқынырақ сезінетіні де белгілі. Дегенмен сырттан көзқарас ретінде мынадай мәселелерді жинақтап айтуға болады.

«Бір ұлт, бір дін, бір мазхаб» қағидасына сәйкес ең алдымен ханафи мазхабының фикх ілімін жетік меңгеру және кеңінен насихаттауға байланысты бірнеше бағытта жұмыс жүргізген жөн. Қазіргі Қазақстан медреселерінде 30-дан аса пән оқытылады. Солардың ішінде «Мазхабтар тарихы» және «Фикх» пәндерінде ғана ханафи мазхабының тарихы мен теориясына қатысты біршама мәлімет беріледі. Бірақ ханафи фикхы жеке пән ретінде оқытылмайды. Қазір елімізде имамдық қызмет атқарушылардың басым бөлігі медресе түлектері екендігін ескерсек, ханафи фикхы бойынша медреселерде арнайы пән оқытудың маңызы зор. Мамандар тапшылығы мүмкіндік бермеген жағдайда көшпелі курстар ұйымдастыру арқылы бұл мәселенің шешімін табуға болады.

Діни әдебиеттерді жариялау, әсіресе ханафи мазхабындағы теолог ғалымдар еңбектерін жариялау мәселесінде атқарылуға тиіс қыруар істер бар. Жоғарыда біздер атап көрсеткен ортағасырлық мұсылман ойшылдары мен ханафи мазхабы ғалымдарының еңбектерін аударып, жариялау мәселесінің дінтанушы, теолог ғалымдармен қатар ҚМДБ жұмысына да қатысы бар. Осы орайда отандық оқырманның рухани сұранысы жоғары екенін ескеріп, ханафи мазхабындағы теологиялық еңбектерді жариялау бағытында арнаулы серия ашқан жөн.

Дінтану саласындағы теориялық еңбектердің көпшілігі араб, парсы, түркі, көне түркі тілдерінде жазылғаны белгілі. Оларды игеру жалпы көпшілік тұрмақ діни және тілдік дайындығы бар мамандардың өзіне үлкен күшке түседі. Сондықтан балама жол ретінде орыс тілінде жарық көріп отырған ханафи фикхына байланысты еңбектерді кеңінен пайдалану қажет. Осы орайда ТМД көлеміндегі маманданған баспалармен келісім-шарт жасасып, олардың өнімдерін тұрақты түрде отандық айналымға енгізіп отырған жөн. Мысалы, Москвадағы бір ғана «Медина» баспасы «Ханафитское наследие» сериясымен ханафи фикхына қатысты оннан астам еңбекті жарыққа шығарып үлгерді. Бұл еңбектерде бүгінгі қоғамда туындап отырған көптеген діни сауалдарға жауап берілген. Осындай жанама жолдар арқылы да ханафи мазхабының таңдаулы туындыларымен жұртшылықты кеңінен таныстырып отыруға болады.

Осыдан біршама уақыт бұрын дін мәселелері бойынша зерделі зерттеулер жүргізіп келе жатқан құқықтанушы маман М.Исаханның кезекті мақаласында «Ислами ғылымды дамыту үшін әуелі араб тілі

мен әдебиеті, тәпсір, хадис, фикх, кәлам, тарих секілді салаларға қатысты жүйелі түрде том-том еңбектер жазып шығаруымыз қажет» деген пікір айтылды. Бұл пікірдің фикх мәселесінде маңызы ерекше. Өйткені ханафи мазхабының Қазақстандағы жай-күйін, оған жергілікті факторлар мен ұлттық дәстүрлердің әсерін, қазіргі қоғамдық ахуал мен сұранысты тек жергілікті мамандар ғана біле алады. Қазір отандық теолог мамандардың аздаған діни еңбектері жарық көре бастағаны белгілі. Бірақ олардың көпшілігі уағыз-насихаттық сипатта болып келеді. Теологиялық еңбектер жазу жеке тұлғалар үшін ауыр соғатыны белгілі. Сондықтан ұжымдық еңбектер жазуды қолға алған жөн тәрізді.

Тағы бір ескеретін мәселе – Діни басқарма шығарып отырған «Пәтуалар жинағы» көпшіліктің қолына тие бермейді. Қазақстандық жұртшылықтың санаулы бөлігінің қолында 2008 жылы жарық көрген «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан пәтуалар жиынтығының бір бөлігі» атты 5000 таралыммен жарық көрген еңбек қана бар. Пәтуалардың екінші бөлігі жұртшылық қолына әлі тиген жоқ. ҚМДБ сайтында «Пәтуалар» деген бөлім болғанымен, ол жерде жаназа пәтуасының ғана толық мәтіні қойылған. Сөз болып отырған пәтуалар жинағын сайттан табу мүмкін емес. Сондықтан Діни басқарма пәтуаларды жүйелі түрде жариялау жұмыстарын жолға қоюы қажет. Қазір белең алып келе жатқан «мазхабсыздық» идеясына бұл да тосқауыл болары сөзсіз.

Ханафи мазхабы тек Қазақстан мұсылмандарының ғана емес, бүкіл Орта Азия мұсылмандарының, ТМД елдеріндегі басым көпшіліктің ұстанатын мазхабы. Қазір ханафи мазхабының тарихы мен теориясын зерттеу ісіне мазхаб ғалымдары тарапынан ерекше көңіл бөлініп отыр. Сондықтан Қазақстанда жыл сайын ханафи мазхабын зерттеуші дінтанушы, теолог, т.б. ғалымдардың басын қосып, «Ханафи оқуларын» тұрақты түрде өткізіп тұру қажет. Болашақта «Ханафи оқуларына» алыс шетелдердегі дін ғалымдарын да қатыстырып, тәжірибе алмасуға лайықты көңіл бөлген жөн.

ҚМДБ жанынан ғылыми-зерттеу орталығын ашу жөніндегі бастама көтеріліп отырғаны қуантарлық жайт. Бастама аясында жоғарыда келтірілген бірқатар ұсыныстардың да жүзеге асатынына сеніміміз кәміл. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының алдында заман талабына байланысты ауыр да жауапты міндет – мұсылман қазақ интеллектуалдарын қалыптастыру міндеті тұр. Бұл мәселені Діни басқарманың жеке ісі ретінде қарамай, көптеп-көмектеп үн қосу, қолдау білдіру баршамызға сын.

Азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастарды үндестірудегі маңызы

Гүлжан ҚАМЫРОВА,
ҚазИТУ-дың факультет деканы, саяси ғылымдарының кандидаты

Мемлекеттің тарихи дамуының қазіргі кезеңінде азаматтық бейбітшілік және этносаралық ынтымақ мәселелері даму стратегиясының маңызды бөлшектеріне айналды. Қазақстанда этносаралық қатынастардың өзіндік ерекше үлгісін құрып, оны құқықтық және институционалды мағынада дәйекті жүзеге асыру мүмкін болды. Ұлттық саясат айқындық және нақтылық негіздерінде құрылған, оның ішінде: этносаралық өзара іс-әрекеттенудің амалдарын іздеу, ұлттық мәселені әділетті шешудің негізі ретінде, қоғамның тұрақтылығын, заң басымдылығын, мемлекеттің тәуелсіздігін ұлғайту және белсенді интеграциялық саясатын жүргізу.

Этносаралық қатынастар саласында, «біздің болашақ стратегиялық мақсатымыз – қоғам бірлігін ұлғайту және бірегей қазақстандық бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру» [1]. Осы міндетті шешу үшін барлық жағдайлар жасалынған. Біріншіден, бұл біздің халқымызға сай шыдамдылықпен келісімге деген ұмтылыс; екіншіден, қазақстандық ұлтаралық қатынастардың өзіндік үлгісін құрудағы және оны нығайтудағы мемлекеттің белсенді рөлі.

Қазіргі кезде Қазақстандағы этносаяси жағдай тұрақты болып калуда және әр-түрлі ұлт өкілдері арасындағы айқын және ашық дау-жанжалдар байқалмайды. Жан-жақты зерттеулер, этносаралық

келісім мәселесі жөнінде билік құрылымдарына деген қоғамдағы сенімділік деңгейі жоғары екендігін көрсетеді. Сонда да, этносаралық ынтымақты нығайту мәселесі өзекті болып қалуда, өйткені барабар жауаптарды іздеуді талап ететін аспектілер әлі де бар.

Әрине, этностар арасында құндылықтар жүйесінде және құндылық ұстанымдарында айырмашылықтар бар. Сондықтан да, қоғамдағы келісімнің жоғары дәрежесін бағалай отырып, күнделікті жалпы сана-сезімде және идеологиялық салада пайда болатын нақты мәселелерді қадағалап отыру жөн. Қоғам ішінде негізгі құндылықтар жөнінде, ең бастысы, экономикалық және әлеуметтік дамудың бағыттарына қатысты келіспеушіліктер бар. Ал әлеуметтік-экономикалық, саяси және тарихи-мәдени салаларында шарасыз пайда болатын мәселелерді шешудегі мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам құрылымдарының әрекеттері қаншалықты тиімді, партиялық жүйе қаншалықты жетілген?

Қазақстан халқы ассамблеясы тәрізді азаматтық қоғамның бірден-бір институты, этносаралық қарым-қатынастардың мәдениетін тәрбиелеуге, әр-түрлі этникалық мүдделерді ұштастыруға мүмкіндік жасайды. Президенттің Жолдауын талқылап, Қазақстан халқы ассамблеясының хатшылығы «Болашақ үшін бірігу» атты құжатты қабылдады. Азаматтарды этникалық тиістілігіне қарамастан біріктіру, Ассамблеяның басты міндеттері қатарында. Біздің ойымызша, азаматтық қоғамның осындай беделді институты, қоғамды дағдарыстан шығару міндетін шешуге ықпал келтіретін әрекеттердің нақты жоспарын өңдеп, қабылдауы қажет.

Алайда, мемлекеттегі этносаралық қатынастардың жағдайын дәріптеудің қажеті жоқ. Этностар арасындағы қарым-қатынастар – әр мемлекеттің күрделі де бірыңғай емес мәселелердің бірі болып табылады.

Этностар арасындағы қарым-қатынастар, этносаралық келісімнің өзгешелігі мен деңгейі, көбінесе, азаматтық қоғамның даму дәрежесін көрсетеді. Жалпы алғанда, азаматтық қоғамның даму барысында әлеуметтік келісім орнатылады. Өйткені өнегелілік, нанымдылық және сенімділік мәселелері әлеуметтің және мемлекеттен тыс жеке жұмыс жүргізетін құрылымдардың міндеттілігі мен жауапкершілігінде.

Саяси партиялардың азаматтық бейбітшілікті, этносаралық ынтымақты күшейтудегі үлесі зор. Алайда, этносаралық ынтымақ шешуші деңгейде конфессиялар, үкіметтік емес ұйымдар және кәсіподақтар тәрізді азаматтық қоғамның құрылымдарына байланысты.

Қоғамда әлеуметтік ұйымдардың адамдардың мінез-құлқына, азаматтық институттардың дамуына ықпалы зор, өйткені, жеке адам мен топты салыстырғанда топтың мүдделері басым түседі. Алайда, бізде азаматтық қоғам толығымен қалыптасқан жоқ. Осы жағдайда, этносаралық ынтымақтастықпен келісімді реттеудегі басты рөл мемлекет институттарында қалуда. Осыған орай, қызметтерді азаматтық қоғам институттарының пайдасына біртіндеп қайта бөлу – басты стратегиялық міндет болып келеді. Осы жағдайда ғана, тұрақтылықтың, азаматтық бейбітшіліктің және этносаралық ынтымақтың жоғары дәрежесі қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік институттар, қоғамдық бірлестіктердің этносаралық келісімді күшейтуге бағытталған әр-түрлі шараларын өткізу ынталарына әрекетті көмек көрсетулері қажет. Алайда, аймақтардың ерекшеліктерін, олардың этникалық құрамын және құрылымын ескеру жөн.

Қазіргі кезде, үкіметтік емес ұйымдардың этносаралық келісімді ұйымдастыруда кейбір қозғалыстар байқалады. Үкіметтік емес ұйымдардың жобаларында, нақты мәселелердің этникалық факторын ескеретін аспектілер бар. Мемлекеттік емес ұйымдар этносаралық қатынастарды талдауға, оларды үндестіруге бағытталған әлеуметтік тапсырыстарды жиі-жиі орындай бастаған.

Алайда, тұтас алғанда үкіметтік емес ұйымдардың осы бағыттағы іс-әрекеттері әлі де қалыптасу сатысында.

Осыған орай, азаматтық қоғамның даму концепциясының ағымына сәйкес, этносаралық қатынастарды үндестіру саласында азаматтық қоғам институттарының пайдасына қызметтерді қайта бөлуді ескеру жөн. Әлеуметтік бірлестіктерге тиімді қолдау көрсету мақсатында, мемлекеттің этносаралық қатынастарды үндестіру және конфессияаралық келісімді нығайту шараларын өткізу бойынша әлеуметтік сұраныстарды кеңінен орналастыру қажет.

Этносаралық ынтымақты реттеудегі маңызды болып табылатын тағы бір мәселе – мемлекет азаматтарына ортақ мәдениетті қалыптастыру. Бірліктің негізінде мәдениет жатқандықтан, Қазақстанда саяси ұлттың қалыптасуы тікелей ортақ мәдени сәйкестіктің қалыптасуына байланысты. Қазақстан мәдениеттердің және конфессиялардың әр-алуандылығымен ерекшеленеді, сондықтан, олардың өзара әрекеттесуін және келісімін тәртіпке келтіру қажет.

Посткеңестік қоғамда жекелеушілік нәтижелі емес тұтынушы формасында алынғандықтан, мәдениет әлеуметтен тыс қалады де-

ген түйіндеме расталған. Сондықтан да, ең алдымен мемлекет тарапынан мәдениетті жандандыру, қорғау және дамыту шаралары қолданылуы қажет.

Жалпы мәдениеттің басымдылығын тек адамгершілік, нағыз құндылықтардың негізінде құрылған, қоғамның барлық рухани мүмкіндіктерін ескеретін мәдениет жеңеді.

Алайда, оның қандай формада болу керектігінде бірыңғай түсінік жоқ. Ұлттың әр-түрлі түсінігіне сәйкес, бір-біріне қайшы келетін екі көзқарас қалыптасқан. Біреулері, мәдениетті тек моноэтникалық негізінде қалыптастыру жөн деп санайды, олар осыған тәрізді ұлттық-мәдени саясатын іске асырудың басты құралы ретінде мемлекет тарапынан көмек күтуде. Басқалары, керісінше, бірегей мәдениет, елдің территориясында тұрақталған барлық этностардың мәдени мүмкіндіктерін ескеретін көпмәдениеттік идеясын қолдайды. Сонымен қатар, ол әртүрлі этностар мәдениеттерінің жиынтығы ғана емес, бірегей қазақстандық мәдениетті құрайтын, мәдени жинағының ерекше қоспасы болуы тиіс. Ол қазақстандық бірегей ұлттың қалыптасуымен қатар, оның рухани негізі ретінде қалыптасады.

Әрине, қазақ халқына тән көпғасырлық шыдамды да инновацияларға ашық мәдениеті, қол жеткен мәдени интеграцияның өзегі болып табылады. Алайда, сарапшылардың пікірлері бойынша, моноэтникалық негізінде мәдениетті даму қиынға түседі [2]. Ол үшін Қазақстан территориясындағы барлық этностардың мәдени құндылықтарын, қоғамның барлық рухани мүмкіндіктерін біріктіру қажет.

Қазақстандық бірегей мәдениеттің қалыптасуы, этностардың мәдениет саласындағы өзара әрекеттенуін, мәдени келісімін талап етеді. Ол тек кейбір құндылықтар негізінде мүмкін. Жалпы адамдық құндылықтарға бағытталған мәдени-идеологиялық келісім, тарихи мүмкіндіктерге жол береді. Шектен тыс шықпай, «азаматтық қоғам – мемлекет – бизнес» үш таған шеңберінде іскерлік мәдени қатынастарды дамыту қажет.

Қоғамдағы тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілікті және этносаралық ынтымақты қамтамасыз ету – посткеңестік дамудың ең ірі жегістігі болып табылады. Алайда, этносаралық қатынастарды үндестіру мәселесі қоғам мен мемлекет тарапынан бағытталған күш салуды талап етеді.

Осы мағынада, азаматтарды патриоттық тәрбиелеудің маңызы зор. Ол саясатқа және мемлекетке деген көз-қарасын өз еркімен

белгілейтін, саналы таңдау жасауға бейімделген және ұжымдық игіліктерді жүзеге асыруға бағытталған саналы шешім қабылдауға қабілетті, саяси адамның қалыптасуын ұйғарады.

Тәуелсіздік жылдар барысында елімізде «қазақстандық жол» атты, дамудың бірден-бір үлгісі қалыптасқан. Этносаралық ынтымақты сақтап қалуға және нығайтуға бағытталған өзіндік концепцияны жүзеге асыру мүмкін болды.

Патриот деп – өз еліне деген мақтаныш сезімін сезетін, өз Отанының мүддесін қорғау үшін азаматтық борышын өтеуге дайын адамды айтады. Патриотты тәрбиелеу – ол өз Отанының игілігіне бағытталған саналы таңдау жасауға және өзіндік шешім қабылдауға қабілетті азаматты тәрбиелеу дегенді білдіреді. Ол үшін халықтың мүдделері ғана емес, сонымен қатар құндылықтары, ұлттық дәстүрлері, өнегелігі және әдет-ғұрыптары да маңызды. Осындай адамды тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Алайда, патриоттық тәрбиелеу және патриоттық сана-сезімді қалыптастыру, жетілдіруді және дамытуды қажет етеді.

Патриоттық тәрбиелеу – адамның азаматтық қасиеттерінің қалыптасуы және осының негізінде, дамыған азаматтық қоғамның құрылуы тәрізді күрделі де көп қырынды үрдістің маңызды болса да, тек бір жағы. Осы үрдісте, мемлекет институттарымен қатар, әлеуметтік және мәдени-ұлттық бірлестіктер, конфессиялар, жастар және әйелдер ұйымдары басты рөл атқарады.

Бизнес-құрылымдар да осы үрдістен тыс қалмауы тиіс, олар қоғам алдындағы өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін сезіну керек. Осыған орай, соңғы кездерде қабылданған Қазақстан халқы ассамблеясының орнын ұлғайтуға бағытталған шешімдер өте маңызды. Сонымен қатар, біздің мемлекетіміздің дәстүрлі және әлемдік діндер съезін ұйымдастыру және өткізу ынтымақын жоғары бағалау қажет.

Бұқара ақпарат құралдары да, патриотизммен қатар, азаматтық сана-сезімді қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Постиндустриалды кезеңде олардың маңызы артты, бүкіл әлем өзгеше «ақпарат өрмегіне» қосылды. Интернет, жаһандануға ықпал ететін механизм болды. Қалыптасқан жағдайда, ұлттық сәйкестікті сақтап қалу, көптеген мемлекеттер үшін күрделі мәселеге айналды. Сондықтан да, БАҚ-ты азаматтардың патриоттық сана-сезімдерін белсенді қалыптастыру үрдісіне қосу өте маңызды.

Кез-келген патриоттық қозғалыс, жастармен жүргізілген жұмыстарында отбасы, мектеп, мүдделеріне сай жастар бірлестіктері,

конфессиялар тәрізді азаматтық қоғамның негізгі институттарын тиімді қолдануы қажет.

Біз – жастар саясаты саласындағы плюрализмді қолдаймыз, өйткені, осылайша ғана барлық мүдделердің, бағыттардың және құндылықтардың саяси өкілдігін қамтамасыз ету мүмкін. Жастар бірыңғай емес, олардың әлеуметтік құрамы барлық әлеуметтік мүдделердің көрінісі.

Білім беру жүйесінде, тұтас алғанда тәрбиелеуді, жеке алғанда патриоттық тәрбиелеуді нығайту қажет. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерін оқыту, тек танып білерлік міндеттерін шешуге, оқушылардың қоғамға қажетті білімін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар, патриоттық сана-сезімді тәрбиелеу және белсенді азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру міндетін шешуге бағыттау қажет. Белгілі тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерінен, мемлекеттің абыройлы азаматтарын тәрбиелеуге бағытталған тиімді аспектісін бөліп көрсету қажет.

Патриоттық тәрбиелеу ісі, әр-түрлі саяси бағыттар өкілдерінің бір келісімге келу алаңы болып табылатынын білуіміз қажет. Конфессиялар да ортақ іске өз үлестерін қосулары тиіс. Олармен тығыз байланыстарды және қарым-қатынастарды реттеу, патриотизмді тәрбиелеу үрдісіндегі басты міндет болып отыр. Азаматтық қоғам және мемлекет құрылымдарымен тығыз іс-әрекеттенуі – осы саладағы мәселелерді тиімді шешудің ірге тасы.

Осы бағыттағы іске асырылған барлық тәсілдер мен құралдарды дұрыс пайдалану қажет, сонымен қатар, қазіргі заманға сай саяси технологияларда, инновациялық сипаттағы әрекеттерде жүзеге асырылған жаңа тәсілдер мен құралдарды да пайдалану қажет.

Патриоттық тәрбиелеу мәселесін зерттеудің нық ірге тасын ынтымақ негізінде жүзеге асыру жөн, қоғамда болып жатқан жағымды және жағымсыз үрдістерді бақылау және мамандарды дайындау жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Сараптама және социологиялық зерттеулерді жүргізуге қабілетті, мемлекеттегі азаматтық қоғам институттарына керекті ұсыныстарды өңдейтін зерттеулік топтар қалыптасу керек.

Біздің ойымызша, ұсынылып отырған ой-пікірлеріміз, жастардың патриоттық тәрбиесі бойынша Мемлекеттік бағдарламаны өңдеу ба-рысында пайдалы болады. Бұл бағдарламада, елде жүргізіліп жатқан қайта құру үрдісіне барабар мақсаттар мен міндеттерді, оларды шешу жолдарын нақтылап, саяси-идеялық бағытты анықтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.А. Назарбаев. Стратегия «Казахстан-2030» в действии: десять лет успеха. Доклад на конференции, посвященной 10-летию «Стратегии Казахстан-2030». Астана, 12.10.2007.
2. см., например, Р.К. Кадыржанов. Этнокультурная политика в Республике Казахстан.

Денсаулық сақтау саласын нарықтық қатынастар субъектісіне айналдырудың негізгі бағыттары

Гүлашар ДОСКЕЕВА,
«Тұран» университетінің
«Қаржы» кафедрасының доценті,
экономика ғылымдарының кандидаты

Денсаулық сақтау саласының кез-келген қаржыландыру және басқару нысанында (сақтандыру, бюджеттік-сақтандыру, жеке меншік, бюджеттік) бұл салада толыққанды нарықтық қатынастар құру мүмкін емес. Экономиканың басқа салаларында еркін жұмыс істейтін қарапайым нарықтық қатынастар бұл салада нарықтың толық жетілмегендігінен жүзеге асырыла алмайды, өйткені денсаулық сақтау қоғамдық шаруашылықтың саласы ретінде нарықтық механизмнің қызметін бұзатын бірнеше сипатқа ие.

Біріншіден, денсаулық сақтауда қажетті медициналық қызметтерді тұтынудың көлемі мен деңгейі тек қана тұтынушының төлем қабілеттілік деңгейімен анықталмайды. Бұл, ең бірінші, әлемнің көптеген мемлекеттерінде тегін көрсетілетін жедел медициналық жәрдем жүйесіне қатысты. Сондай-ақ, жеке табыс деңгейі мен медициналық көмекті тұтыну деңгейінің арасында кері байланыс бар екені дәлелденген. Оған мысал ретінде Ұлыбританиядағы денсаулық сақтау саласының ресурстарының 50 %-ға жуығын халықтың 10 %-ын құрайтын өте кедей отбасылар тұтынатынын айтуға болады [1].

Сондай-ақ, халықты медициналық қызметтерді тұтынуда бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау

саласының бюджетін қайта бөлудің қажеттілігі пайда болады (ол тек мемлекеттік реттеу жағдайында ғана мүмкін болады), яғни саланың қызметтеріне неғұрлым мұқтаж топтарды (балалар, қарт адамдар, созылмалы аурулары бар науқас адамдар, мүгедектер, табыс деңгейі төмен топтар т.б.) медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін қоғамдық ауызбіршілік (сау адам ауру үшін, бай адам кедей үшін, жас адам қарт адам үшін төлеу) қағидаты жұмыс істеу керек. Алайда, бұл жағдайда нарықтық баға белгілеу заңдылығы бұзылады, өйткені бұл кезде емдеу шығындары төлеуге қабілетті топтарға аударылады.

Екіншіден, медициналық қызметтерді тұтынушы қажетті медициналық көмектің көлемі мен сапасын анық бағалай алмайды (арнайы білімі болмағандықтан және ауырған кезде физикалық, психикалық жағдайы сәйкес келмегендіктен). Басқа нарықтардан айырмашылығы, денсаулық сақтауда көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі мен деңгейін тұтынушы емес, өндіруші, яғни дәрігер анықтайды. Дәрігерлер бір мезгілде медициналық қызметтердің өндірушісі және көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемін, сапасын, кей жағдайда құнын анықтайтын пациенттердің агентінің қызметін атқарады. Нәтижесінде дәрігерлер мен пациенттердің медициналық және экономикалық мүдделері арасында шиеленіс пайда болады. Медициналық қызметкерлер мен пациенттердің мүдделерінің ассиметриясы нарықтағы қарапайым ұсыныс пен сұраныс заңдылығының, яғни денсаулық сақтау саласындағы нарықтық механизмнің қызметінің бұзылуына алып келеді.

Үшіншіден, медициналық қызметтердің бір бөлігі (санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы, профилактикалық және т.б.) қоғамдық тауарлардың қасиеттеріне ие, яғни жеке тұтыну тауарларына қарағанда олар ұйымдық тұтыну объектілеріне жатады және көп жағдайда нақты бір адамға бағытталмайды. Мұндай жағдайда ресурстарды бөлу тек қана төлеуге қабілетті сұраныс пен кәсіпкерлік мотивтердің негізінде қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыра алмайды, өйткені мұндай медициналық қызметті көрсетушілерге арнайы мемлекеттік дотациялар қажет немесе санитарлық-эпидемияға қарсы және профилактикалық мекемелердің арнайы мемлекеттік желілерін ашу керек.

Жоғарыда аталған себептердің барлығы және денсаулық сақтау саласындағы нарықтық қатынастардың ерекшеліктері мемлекеттік қаржыландыру моделі кезінде және саланы басқаруда нарықтық механизмдердің мүмкіндіктерінің шектелуі жағдайында

медициналық қызметтер нарығын қалыптастырудың мүмкін еместігін көрсетеді.

Бүгінгі күні медициналық қызметтер нарығының өзекті мәселелерінің көпшілігі «көлеңкелі» экономикаға тіреледі. Елімізде дәрігерлерге, орта және кіші медициналық персоналдарға медициналық қызметтердің құнын тікелей төлеумен сипатталатын медициналық қызметтердің «жарияланбаған» нарығының бар екені жаңалық емес. Мұндай жағдайларда пациенттер медициналық көмек үшін 2 рет төлейді: бірінші рет – мемлекетке салық немесе әлеуметтік сақтандыру төлемдерін төлеген кезде (біздің елімізде – әлеуметтік салық), екінші рет – медициналық персоналға тікелей төлеген кезде. Медициналық қызметтердің көлеңкелі нарығының болуы денсаулық сақтау саласында нарықтық қатынастардың мүмкін екенін және бұл қатынастардың заңды түрде саланы басқаруда қолданылуы керектігін дәлелдейді. Тағы бір айта кететін мәселе медициналық қызметтердің көлеңкелі нарығы көп жағдайда медициналық сақтандыру немесе ақылы медицина жүйесіне қарағанда денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жүйесінде көбірек дамиды.

Әрине, саланы басқарудың нарықтық механизмдері дұрыс жұмыс істеу үшін денсаулық сақтау ұйымдары (мемлекеттік те, жеке меншік те) арасында мемлекеттік органдардың медициналық қызметтердің белгіленген көлемі мен сапасын қаржыландыруға бөлген қаражаттарын алу үшін еркін бәсекелестік болуы керек. Мұндай жағдайда бәсекелесетін емдеу мекемелері мемлекетке орынды бағаға жоғары сапалы медициналық қызметтер ұсынуға мүдделі болады. Бәсекелестік ортада пациент те дәрігер мен емдеу мекемесін таңдаудың еркін құқығына ие болып, мемлекет сияқты ол да орынды бағаға жоғары сапалы медициналық қызмет көрсететін емдеу мекемесімен келісім шарт жасауға тырысады.

Бәсекелестік ортаның шарттарын қалыптастыру және денсаулық сақтаудағы бәсекеге қабілеттілік механизмдерін енгізу бүгінгі күнгі саланың қалыптасуы мен жаңа экономикалық (нарықтық) қатынастарды дамыту кезінде емдеу-профилактикалық мекемелері мен медицина тәжірибесі үшін өзектілігі өте жоғары болып табылады.

Емдеу-профилактикалық мекемелерінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру үшін мемлекеттік реттеу деңгейінде әкімшілік-басқару және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру арқылы қажетті зерттеу, экономикалық және ақпараттық тапсырмаларды шешу қажет.

Емдеу-профилактикалық мекемесінің бәсекелестікке еркін қатысатын медициналық қызметтер нарығының субъектісі роліндегі құрылымдық-функционалдық моделі бұл ұйымды бәсекеге қабілеттілігі жағынан сипаттайтын элементтерді қамтуы керек. Бәсекелік ортадан тыс өмір сүретін емдеу-профилактикалық мекемесі медициналық қызметтерді жүзеге асыра отырып, табысты қызмет етуі мүмкін. Алайда, нарықтық ортадағы спецификалық экономикалық қатынастар бұл ортада жұмыс істейтін субъектілерден сапалы жаңа байланыстар мен маркетингтік сипатқа ие болуды талап етеді. Медициналық мекеме еркін нарықтық қатынастар субъектісі ретінде дамыған бәсекелестік жағдайында мұндай экономикалық атауға құрылымы жағынан да, қызметі жағынан да дайын болуы керек.

Емдеу мекемелерінің нарықтық мәні дегеніміз – емдеу-профилактикалық мекемесінің өз қызметін нарықтық қатынастар алаңында бәсекеге қабілеттілік деңгейіне ие бола отырып жоғары тиімділікпен жүзеге асыруға бағытталған құрылымдық-функционалдық жағдайын айтамыз. Ал нарықтық экономиканың «бәсекелестік», «бәсекеге қабілеттілік» сияқты ұғымдарсыз жұмыс істеуі мүмкін емес. Еліміздегі емдеу мекемелерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің төмендігін төмендегі факторлармен түсіндіруге болады:

- медициналық қызметтер нарығының эволюциялық жолмен қалыптасуы;
- медицина мекемелерінің басым көпшілігінің меншіктің консервативті нысанында болуы, денсаулық сақтау жүйесіндегі шағын кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуының баяулығы;
- денсаулық сақтау жүйесінде ұйымдастыру-техникалық және экономикалық-басқару проблемалары мен мемлекет пен қоғамның дамуының жаңа экономикалық жағдайында қызмет ететін емдеу мекемелерінің мәселелерін сауатты түрде шешетін менеджерлердің жетіспеуі;
- медициналық қызметтер нарығының қалыптасуы жағдайында емдеу мекемелерінің қызметін жоспарлаудың, жүйелік талдаудың, оптимизациялаудың әдістерінің қажетті деңгейде жүзеге асырылмауы;
- медициналық мекемелерде медициналық көмектің сапасын үнемі жоғарылатып отыратын қазіргі заманғы механизмдердің, әдістер мен нысандардың енгізілуін қамтамасыз ететін басқару шешімдерінің жүзеге асырылмауы.

Жоғарыда аталған факторлар отандық денсаулық сақтау саласының қазіргі жағдайында медициналық қызметтердің сапасын жоғарылататын негізгі механизм- бәсекелестікті жүзеге асыратын субъектілер арасындағы нағыз нарықтық қатынастардың жетілмегендігін және негізгі жүйелік құрылымның дамымағандығын көрсетеді.

Сонымен, денсаулық сақтау мекемелерін нарықтық қатынастардың белсенді субъектісіне айналдырудың негізгі шарты – бұл саладағы еркін бәсекелік ортаны дамыту. Бәсекелестік – бұл медициналық қызметтер нарығының өмір сүру қабілеттілігін қамтамасыз ететін объективті және қажетті ішкі механизм болып табылады. Сөйте тұра денсаулық сақтау нарығындағы бәсекелестік қарама-қайшылығы мол және біртекті емес. Денсаулық сақтаудағы бәсекелестіктің қалыптасуы кезінде пайда болатын негізгі қарама-қайшылықтарға төмендегілерді жатқызуға болады:

- денсаулық сақтаудағы ынталандыру жүйесі мен бәсекелестік заңдылықтары арасындағы қарама-қайшылық (ұсыныс көп болған жағдайда да медициналық қызметтерге жоғары бағаның сақталуы);
- қымбат бағалы медициналық технологиялар мен медициналық көмек алудың жалпыға бірдей қағидатының арасындағы қарама-қайшылық;
- медициналық еңбекті ынталандырудың қазіргі жүйесі инновацияларды енгізуді, сапаны жоғарылатуды медициналық қызметтердің бағасының жоғары деңгейінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бұл да саладағы бәсекелестіктің қалыптасу жолындағы қарама-қайшылық болып табылады.

Медициналық қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін бағалайтын негізгі ерекшеліктерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- бағалау объектісі болып медициналық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын мекеменің қызметі есептеледі;
- қызметтерді бағалау қызмет көрсету технологиясы мен процестің сапасына баға берумен байланысты;
- медицина қызметкерлерінің қызметіне баға беруді тұтынушылардың жүзеге асыруы;
- медициналық қызметті көрсетудің уақыттық сипатына баға беру;
- көрсетілген қызметтердің сапалық стандарттарға сәйкес келуіне баға беру;

Медициналық қызметтерді өндіру мен тұтыну жағдайында бәсекелестіктің болуы, емдеу-профилактикалық мекемелерінің

бәсекеге қабілеттілігін арттыру жаһандану жағдайында отандық денсаулық сақтау саласының дамуын қамтамасыз етуде зор роль атқарады.

Денсаулық сақтау саласындағы құрылымдық өзгерістердің өзекті мәселелерін кәсіпкерлікті дамыту арқылы және жаңа нарықтық қағидаттарға негізделген емдеу-профилактикалық мекемелерінің жаңа түрлерін құру арқылы шешу қажет. Денсаулық сақтау саласында медициналық кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ету нақты әрі тиімді нормативтік-құқықтық механизмді қалыптастыруды талап етеді. Емдеу-профилактикалық мекемелерінің қызметінің нормативтік-құқықтық базасы мемлекеттің әлеуметтік мақсаттарының басымдықтарын бекітуді және меншіктің әртүрлі нысанындағы денсаулық сақтау мекемелерінің дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Денсаулық сақтау мекемелерінің меншіктің әртүрлі насанында болуы саладағы көптеген өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді және ең бастысы көптармақты нарықтық денсаулық сақтау саласының негізгі қозғаушы күші болып есептелетін фактор – бәсекелестікті дамытуға септігін тигізеді.

Төмендегі сызбада емдеу-профилактикалық мекемелерінің әртүрлі нысандарының даму перспективасының негізгі бағыттары көрсетілген.

Емдеу-профилактикалық мекемелерінің экономикалық қызметінің маңызды жағы денсаулық сақтауға бөлінетін қаржы ресурстарын орынды пайдалану әдістерін қолданумен, сондай-ақ емдеу мекемелерінің табысты жұмыс істеуіне қажетті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын тарту үшін белсенді саясат жүргізумен байланысты болады. Нарықтық бағыттағы денсаулық сақтау жүйесінде емдеу мекемелерінің ресурстар базасын қалыптастыру көздерін іздеп табудың маңыздылығы қанша болса, сол ресурстар базасын тиімді пайдаланудың өзектілігі де соншалықты жоғары болады.

Денсаулық сақтау саласының субъектілерінің жаңа экономикалық қатынастарға көшуі бұл қатынастарды реттейтін жаңа нысандар мен әдістерді талап етеді. Саладағы нарықтық қатынастарды реттейтін нысандар мен әдістердің ішінде ерекше орын алатындарына құқықтық реттеу, стандарттау, экономикалық (қаржылық) реттеу әдістерін жатқызуға болады.

1. Денсаулық сақтау саласындағы нарықтық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістеріне өз кезегінде төмендегілерді жатқызуға

болады:

- денсаулық сақтау саласындағы сұрақтарды және медициналық қызметтер нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің болуын қамтамасыз ету;

- медициналық-әлеуметтік проблемаларды реттеу, яғни денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай мен медициналық-әлеуметтік элементтерді басқару;

- медициналық қызметті насихаттауды реттеу (бұл кезде қолданылатын негізгі элементтер: медициналық қызмет түрлері, пациенттердің физикалық жағдайы, медициналық стандарт, медициналық-экономикалық топ, медициналық көмекке қажеттілік деңгейі, медициналық-диагностикалық топ, медициналық-кәсіби топ);

- дәрігерлердің біліктілігі мен пациенттердің мәртебесін бағалауды реттеу (бұл жерде қолданылатын элементтер: пациенттер мен дәрігерлердің тұлғалық қасиеттері, олардың қарым-қатынасының мақсаты, дәрігерлердің біліктілігі мен жалақы мөлшері, пациенттің ахуалы мен төлем қабілеттілігі).

- Дәрігерлік қызмет пен медициналық технологияларды реттеу (қолданылатын элементтер: медициналық емшаралар және олардың құны, медициналық қызмет көрсету жағдайы, дәрігерлік еңбек пен оның бағасы, тұтынушылардың сұранысы мен дәрігерлік қызмет).

Дәрігерлер мен пациенттердің қарым-қатынастарын құқықтық бағалау медициналық қызметтер нарығының қалыптасу мен дамуын қамтамасыз ететін негізгі бағыттардың бірі ретінде де қаралады.

Емдеу мекемелерінің маркетингтік қызметін заңмен қамтамасыз ету соңғы жылдары денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Медициналық қызметтер нарығының қалыптасуы кезінде пайда болатын қарым-қатынастардың құқықтық аспектілері дәрігерлер мен пациенттердің моральдық-этикалық, тұлғалық, деонтологиялық қарым-қатынастарын толықтыруы қажет.

2. Медициналық қызметтердің нарығының дамуы мен денсаулық сақтау саласындағы маркетингтік қарым-қатынастардың қалыптасуы кезінде медициналық көмектің сапасы мен оны сараптау мәселелерінің өзектілігі өте жоғары болады. Әлемдік медицина тәжірибесінде медициналық қызметтердің сапасын бағалаудың көптеген әдістері аталып көрсетіледі. Солардың ішіндегі негізгі әдіс ретінде стандарттау әдісін атауға болады.

Стандарттау әдісі – бұл медициналық қызметтер нарығында дәрігерлер мен пациенттердің еркін нарықтық қатынастарын реттеудің

спецификалық әдісі. Медициналық қызметті стандарттаудың негізгі 7 деңгейі бар. Оларға төмендегілер жатады:

1) проблемалық; 2) лицензиялық; 3) аккредитациялық; 4) деонтологиялық; 5) экономикалық; 6) технологиялық; 7) нәтижелік [2].

- проблемалық деңгей денсаулық сақтау саласындағы медициналық-әлеуметтік проблемаларды стандарттауға мүмкіндік береді және бұл проблемаларды шешудің бір жолы ретінде медициналық маркетингтің жұмыс істеуі мен дамуы қаралады;

Жоғарыда аталған медициналық қызметті стандарттаудың лицензиялау және аккредитациялау деңгейлері медициналық көмекті көрсетудің материалдық және кадрлық құрылымы бойынша сараптауды (медициналық қызмет, медициналық стандарт, медициналық көмекке қажеттілік деңгейі, еңбек, материалдық, қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету деңгейі) анықтайды. Атап айтқанда:

- лицензиялау деңгейі өз кезегінде медициналық қызметті, медициналық стандарттарды және аурулардың түрлерін қамтиды;

- аккредитациялау деңгейінде медициналық-кәсіби топтарды, медициналық көмекке деген қажеттілікті, медициналық-экономикалық топтарды және медициналық-диагностикалық топтарды стандарттау жүзеге асырылады;

- тұлғалық немесе деонтологиялық деңгей дәрігердің тұлғалық мінездемесін, оның жалақысы мен біліктілігін стандарттаумен және пациенттердің тұлғалық іс-қимылдарының сипатын, олардың төлем қабілеттілігі мен экономикалық ахуалын бекітумен байланысты. Осы деңгейде медициналық қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылардың мақсатты қарым-қатынастары анықталады. Деонтологиялық деңгей медициналық көмектің сапасын сараптаудың пациенттердің қажеттіліктерінің қанағаттану дәрежесімен байланысты нысанын зерттейді;

- экономикалық деңгейде медициналық емшаралар мен дәрігерлік қызметке сұраныс реттеледі, сондай-ақ медициналық емшаралардың бағасына әсер ету мүмкіндігі туады, яғни бұл деңгей жүргізілген медициналық емшаралардың құнының олардың сапасына сәйкес келуін бағалаумен байланысты болады. Экономикалық деңгейде медициналық қызметтер нарығының субъектілерінің арасында ақшалай қатынастар пайда болады.

- технологиялық деңгей медициналық емшаралар, дәрігерлік еңбектің бірлігі сияқты элементтерді қамтиды. Бұл деңгейде пациенттің қажеттілігін қанағаттандыру көрсеткіштері стандартта-

лады, яғни технологиялық деңгей медициналық көмектің сапасын бағалауды медициналық қызметтің технологияларының белгіленген стандарттарға сәйкес келу дәрежесі бойынша жүзеге асырумен байланысты болады.

- нәтижелік деңгейінде медициналық көмектің сапалық және тиімділік көрсеткіштері анықталады және стандартталады, яғни нәтижелік деңгей медициналық қызметтің сапасын объективті сипаттайтын тәсілді іздеумен байланысты. Дәрігер мен пациенттің арасындағы қатынасты нәтижелік дәрежесі бойынша сипаттау медициналық көмекке деген қажеттілікті барлық критерийлері бойынша қанағаттандыру деңгейімен байланысты болады.

Сонымен, медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету – бұл медициналық қызметтерге сұранысты қанағаттандыру үшін дәрігер мен пациент арасындағы қарым-қатынастардың қажетті шарттарын жүзеге асыру болып табылады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы нарықтық қатынастарды дамытудың келесі бағыты бұл жүйеде медициналық қызметті өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қаржылық қатынастарды қалыптастыру.

Еліміздің денсаулық сақтау саласындағы жаңа, нарықтық сипаттағы қаржылық қатынастарды қалыптастырудың алғашқы кезеңі салаға міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізумен байланысты. Бұған дейін денсаулық сақтау саласындағы дәрігер мен пациенттің арасындағы қарым-қатынасты мемлекеттік реттеу механизмі енді нарықтық қатынастармен ауыстырылды.

Медициналық қызметті төлеудің неғұрлым оптималды модельдерін қолдану, дәрігерлік еңбекті төлеу әдістерінің медициналық қызметтің сапасына сәйкес келуін зерттеу, азаматтарды өздерінің денсаулық жағдайын жақсартуға ынталандыруда қаржылық әдістерді қолдану денсаулық сақтау саласының нарықтық сипаттағы қаржылық қатынастарын дамытудың негізгі бағыттарына жатады [3].

Қорыта айтқанда, нарықтық денсаулық сақтау саласының негізгі субъектілері болып саналатын дәрігер мен пациент арасындағы қарым-қатынасты реттеу мен қалыптастыру медициналық қызметтің төмендегідей негізгі бағыттарына бағытталуы керек:

- сапалы медициналық қызметтерді өндіру және халықтың медициналық және басқа да денсаулық сақтау жүйесімен байланысты қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- дәрігер мен пациенттің құқықтық қатынастарын қамтамасыз ету;

- денсаулық сақтау жүйесінің жеке дара сала ретінде және қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы ретінде экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету;
- нарықтық қатынастардың әртүрлі сегменттерінде медициналық қызметтерді көрсету кезіндегі қарама-қайшылықтарды жою.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bloor K., Maynard A. Universal Coverage and Cost Control: The United Kingdom National Health Service. // Handbook of International Health Care Systems. — New York. — 2002. — P. 557.
2. Тогунов И.А. Конкурентоспособность медицинской организации (врачебной практики): методологические подходы к оценке и управлению. <http://medinfo.ru/article/99/116143/>
3. Доскеева Г.Ж. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру проблемалары. //Вестник UIB. — 2009. — №1.

Экономиканың нақты секторының кәсіпорындағы дағдарыс жағдайының пайда болуының негізгі себептері: ішкі және сыртқы факторлар

Жанар ӘБІШЕВА,
экономика магистрі

Экономиканың нақты секторы бар ресурстарды пайдалана отырып өнім өндіру болып табылады. Расында, дағдарыс салқыны шарпымай тұрып «бізде жаңа экономика – инновация мен білімнің экономикасы болады» деп айтатынбыз. Ал бұл үшін көп ресурс қажет екені белгілі. Білім экономикасындағы ең маңызды ресурс – адам капиталы. Білім экономикасын дамыту үшін адам капиталына инвестиция салу қажет. Ал оған қажетті инвестицияны алу үшін минералды-шикізаттық кешенді дамытқан тиімді. Өйткені барлығының негізі – агроөнеркәсіп және минералдық шикізат болып табылады. Бізде минералды-шикізаттық қор бар болғандықтан, біз содан түскен пайданы банктерді, құрылыс саласын демеуге жұмсап отырмыз. Ал экономиканың тұрақты дамуы дегеніміз – өзін-өзі толық қамтамасыз ете отырып даму. Яғни, экономиканың өзінде бар қорлардың арқасында дамып, халықтың әл-ауқатын жақсартуы. Негізінде, мұнайды сыртқа шығарып, қажетті тауарды шетелден сатып алып та, өмір сүруге болады. Оған бізде барлық мүмкіндік бар. Бірақ мұндай экономика тұрақсыз болып саналады. Егер шикізат нарығында бір қиындықтар туындап, шикізат бағасы түсе бастаса, бізде де импорттың көлемі азая бастайды. Сондықтан қазір біз

таңдап алған 7 бағытты дамытып, оның өнімдерін елдің ішкі саудасына шығаруымыз қажет. Өйткені, осы бағыттарды дамыта отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Сонымен қатар әлемдік нарыққа шығу жолдарын қарастырған дұрыс. Өйткені халықтың саны аз болғандықтан, ішкі нарықтың да көлемі шамалы болады.

Екінші жағынан, нақты сектордағы өндіріс орындарын көбейтумен қатар, бар кәсіпорындарға тексеру жүргізіп, нақты жұмыс жасап жатқанының санын анықтап, олар бізге қаншалықты қажет, кейбірінің өнімін шеттен сатып алған ыңғайлы болмас па деген сұрақтарға жауап іздеу қажет секілді. Әлемде болып жатқан үдерістерге түрліше қарауға болар, бірақ та біз, қазақстандықтар, осынау дағдарыстан шығудың жалпы ізденісіне өз ойымызды қостық. Дағдарыс қатардағы емес, одан шығудың нұсқалары мүлдем әртүрлі болуы тиіс. Көпшілік экономиканы «қолмен басқару» қажеттігіне келіп отыр, ал реттеу осы дағдарыстан шығудың аса маңызды ісіне айналуға.

Сондықтан да тереңде түбегейлі көзқарас әлемдік қоғамдастықта нарықтық экономиканың келесі бұрылыстарында бізді қауіпсіздендіру жолын табуға көмектеседі.

Кәсіпорынның дағдарысы әдетте уақыты жағынан шектелген болады. Кәсіпорынның дағдарысын сипаттайтын динамикалық түрдегі көзқарастары болады.

Кәсіпорынды басқару мәселесі өзекті мәселе болып табылады. Әрине, бұл ең алдымен экономикалық дағдарыспен байланысты, экономикалық дағдарыс кәсіпорын серіктестері арасында оны басқаруда белсенді қимыл-әрекеттерге көшуге итермелейді.

Басқарудың тиімді жүйесі – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы, бұл кәсіпорынның өз иелігіндегі ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Керісінше, басқарудың тиімсіз жүйесі пайданың (кірістің) жоғалуына, ал ұзақ мерзімді келешекте – іскерлік құнының төмендеуіне әкеліп соғады.

Әрбір кәсіпорынның өзіндік стратегиясы болуы керек, себебі әрбір іскерлік (бизнес) – бұл ең алдымен, нарықтық экономиканың барлық заңдарына бағынатын бизнес болып табылады. Сол себепті серіктестер өз кәсіпорындарының даму бағытын нақты, дәл анықтауы қажет, ал бұл стратегияның өзекті элементі қазіргі кезеңдегі бар және келешектегі болатын тұтынушылар болып табылады.

Дегенмен де бүгінгі күні жаңа ірі тұтынушыларды тартудың орнына кейбір нарық талдаушылары өз әріптестеріне қазіргі (ағымдағы) тұтынушыларға назар аударып, қосымша жобаларды солардан алу үшін жұмыс істеу керектігін айтады.

Тұтынушымен арадағы қарым-қатынаста адалдық кез-келген кәсіпорынның табыс көзі болып табылады. Бұған тағы да сұраныс конъюнктурасына тәуелді болмау, тұтынушылардың жоғары талғамына сай болу, тұтынушылар үшін жаңа қызмет түрін жасап, оларды ұсыну т.б. жатқызуға болады. Сонымен қатар, Reed Smith фирмасының Лондондық серіктесі және басты стратегі Марк Дембовскийдің айтуынша, ағымдағы дағдарыс пен қызметкерлерді қысқарту кәсіпорындарға келешекте өміршең болатын жаңа қызмет түрлері мен әдістерін жасап, тұтынушыларға ұсынуға кедергі болады.

Кәсіпорынды дағдарыс жағдайында табысқа жетелейтін тағы бір жол – кәсіптік бірігу. Қазіргі кезеңде серіктестікке ұмтылу – қызмет көрсету нарығындағы жаһандық үрдіс. Бұл жағдайда кәсіпорындарда материалдық және зияткерлік ресурстарды біріге отырып қолдану жеке кәсіпкерліктен әлдеқайда тиімді. Соның нәтижесінде альянстар, аймақтық және аймақ аралық біріккен ұйымдар, стратегиялық серіктестер пайда болды. Қазіргі кезеңде кәсіпорындарды, фирмаларды ірілендіру дүние жүзінде белсенді жүріп жатыр, себебі көп жағдайларда кәсіпорынның көлемі оның табыстылығының өте маңызды көрсеткіші болып табылады. Кәсіпорындардың бірігуі көбінесе тез даму мен өз аймағыңнан шетке шығу, басқа нарыққа тез шығудың бір мүмкіндігі болып табылады.

Әрине, көптеген кәсіпорындар өздері дамудың тәуелсіз түрлерін қалайды, алайда жаһандану және әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында бәсекелестіктен гөрі, бірге жұмыс істеп табысты мөлайту әлдеқайда тиімді болып табылады.

Кәсіпорынды «дағдарысқа қарсы басқару» термині жуырда ғана пайда болған. Оның пайда болуының басты себебі – экономиканың реформалануы және банкротқа ұшырау алдында тұрған кәсіпорындардың санының өте көп мөлшерде пайда болуында. Кейбір кәсіпорындардың дағдарысы нарықтық экономиканың әдеттегі құбылысы болып табылады, бұл құбылыста ең мықтылары ғана жөніп шығады. «Қоршаған ортаға» сай келмейтін кәсіпорындар өзінің күшті жақтарын қолдана отырып бейімделуі керек, не болмаса нарықтан шығуы керек. Жапонияда, мысалы, ай сайын үш мыңға жуық шағын және орта бизнес кәсіпорындары нарықтағы өз қызметтерін тоқтатады.

Дағдарысқа қарсы басқару ұғымы қазіргі заманда іскерлік ортада кең таралған. Кейбір жағдайларда дағдарысқа қарсы басқару дегеніміз экономиканың жалпы дағдарысы жағдайында кәсіпорынды басқару, ал кейбір жағдайда кәсіпорынды банкроттыққа ұшырау

алдындағы басқару, үшіншілері оны банкроттыққа ұшыраудағы сот процедуралары шеңберінде дағдарысқа қарсы басқару ұғымы ретінде қарастырады. Кейбір авторлардың айтуынша, дағдарысқа қарсы басқару шараларын нарықтағы қызмет істеп жүрген кәсіпорынның қаржылық жағдайы нашарлап, оның банкроттыққа ұшырауы нақты екендігі көрініп тұрған кезде ғана қабылдау керек.

Дағдарысқа қарсы басқару дегеніміз жүйелі, кешенді сипаттағы, бизнес үшін жағымсыз құбылыстарды жоюға бағытталған, қазіргі заманғы басқарудың барлық әлуетін қолдану және кәсіпорындағы стратегиялық сипаттағы арнайы бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған жүйе болып табылады.

Дағдарысқа қарсы басқару – бір-бірімен тығыз байланысты шаралар кешені, ол дағдарысты ерте болжаудан бастап оны жеңіп шығу шараларын қамтиды. Дағдарысқа қарсы басқару басқа ұстанымдардан ерекше ұстанымдарға негізделеді.

Кәсіпорында дағдарыс жағдайының пайда болуының негізгі себептері:

Кәсіпорындағы дағдарыс қоршаған ортаның өлшемдерінің кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық өлшемдеріне сәйкес келмеуінен пайда болады. Пайда болған дағдарыстың түпкі себептері әртүрлі көптеген факторларға байланысты. Бұл факторларды екі негізгі топтарға бөлуге болады:

- Сыртқы (кәсіпорын қызметіне байланысты емес);
- Ішкі (кәсіпорын қызметіне байланысты).

Дағдарыстың пайда болуының сыртқы факторларын келесідей бөлуге болады:

1. Мемлекеттің жалпы дамуының әлеуметтік-экономикалық факторлары ;

2. Инфляцияның өсуі;
3. Салық жүйесінің тұрақсыздығы;
4. Реттейтін заң шығару тұрақсыздығы;
5. Халықтың нақты табыс деңгейінің төмендеуі;
6. Жұмыссыздықтың өсуі;
7. Нарықтық факторлар;
8. Ішкі нарық сыйымдылығының төмендеуі;
9. Нарықта монополизмнің күшеюі;
10. Валюта нарығының тұрақсыздығы;
11. Субститут – тауарларды ұсынудың өсуі;
12. Басқа да ішкі факторлар;
13. Саяси тұрақсыздық;

14. Апаттар;

15. Криминогендік хал-ақуалдың нашарлауы;

Дағдарыстың пайда болуының ішкі факторларына мыналар жатады:

1. Басқару ;

2. Коммерциялық тәуекелдің жоғары деңгейі;

3. Нарық конъюнктурасын жете білмеу;

4. Тиімсіз қаржылық басқару;

5. Өндіріс шығындарын нашар басқару;

6. Басқарудағы икемділіктің болмауы;

7. Бухгалтерлік есеп пен есеп беру жүйесінің сапасының жеткіліксіз болуы;

8. Өндірістік;

9. Кәсіпорынның мүліктік кешен ретінде бірегейлігінің қамтамасыз етілмеуі;

10. Негізгі қорлардың ескіруі және тозуы;

11. Еңбек өнімділігінің төмен болуы;

12. Энергия шығындарының жоғары болуы;

13. Әлеуметтік сала объектілерінің шамадан тыс болуы;

14. Нарықтық ;

15. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы;

16. Сатып алушылардың шеңберінің тарлығына байланысты болу.

Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне терең талдау жасау негізінде кәсіпорынды дағдарысқа ұшыратқан факторларды табуға болады.

Кәсіпорынды дағдарысқа қарсы басқару жүйесі қандай ұстанымдарға сүйенетіндігін қарастырсақ, негізгі ұстанымдар мыналар болып табылады:

1. Кәсіпорынның қаржылық қызметіндегі дағдарыстық құбылыстарды алдын-ала болжау. Егерде кәсіпорындағы дағдарыстың пайда болуы кәсіпорынның өмір сүруіне тікелей қауіп туғызатынын, кәсіпорынның иелерінің капиталының едәуір шығынға ұшырайтындығын ескерсек, дағдарыстың пайда болу мүмкіндігі дағдарыстың бастапқы кезеңдерінде оны дер кезінде жою үшін болжануы керек.

2. Дағдарыс құбылыстарына қарсы дер кезінде әрекет жасау. Әрбір пайда болған дағдарысты құбылыс әрбір жаңа шаруашылық кезеңі сайын кеңейіп қана отырмай, жаңа бір құбылыс туызып отырады. Сол себепті дағдарысқа қарсы механизмдер неғұрлым ертерек

қолданылса, соғұрлым кәсіпорынды қайта қалпына келтіруге үлкен мүмкіндіктер туады.

3. Кәсіпорынның өзінің қаржылық тепе-теңдігіне келетін нақты қауіптің деңгейіне қарсы әрекет жасау барабарлығы. Кәсіпорындағы қауіпті жою механизмінің қолданыстағы жүйесі көбінесе қаржылық шығындармен байланысты. Бұл жерде осы шығындардың деңгейі кәсіпорынның банкротқа ұшырауы қауіпі деңгейіне бара-бар болуы керек, өйтпеген жағдайда не болмаса күтілген әсер болмайды, не болмаса кәсіпорын өте үлкен шығынға ұшырайды.

4. Кәсіпорынның дағдарыс жағдайынан шығу мүмкіндігін толық іске асыру. Банкротқа ұшырау қаупімен күресте кәсіпорын тек өзінің ішкі қаржылық мүмкіндігіне ғана сене алуы керек.

Экономикалық тұрақсыздық кезеңінде кәсіпорынды тиімді басқару бойынша кеңестер өте маңызды және өзекті болып табылады. Маркетинг профессоры Лоран Мольер (Париж, Франция) айтқандай, кәсіпорын үшін, жалпы бизнес үшін өзгерістер уақыты, яғни басқаша айтқанда жаңа мүмкіндіктер кезеңі туды. Л. Мольер дағдарыс кезеңінде кәсіпорынды басқаруға басшыларға көмек ретінде өзінің келесідей ақыл-кеңестерін ұсынады:

1. Сатуды қолдау керек: қызметкерлердің коммерциялық жұмысын жақсарту және әріптестер мен аға буын мамандардан белсенді «сатушылар» жасау үшін барлық мүмкіндіктерді қолдану қажет.

2. Баға (құрау) жасауды оңайлату керек: тұтынушылар үшін тиімсіз баға жасаудың күрделі үлгілерін қолданбау керек.

3. Сандарды үнемі бақылап отыру қажет: ақша ағындарын тұтынушылармен өткізген уақыт шығындарын ұдайы бақылауға алып, оперативті шығындарды дұрыс басқару керек.

4. Үдерістерді оңайлату қажет: тұтынушылармен мәселелерді онлайнда шешу керек, сөйтіп технологиялық жұмыс үдерістерін жақсартуға болады.

5. Инновациялық және арзан маркетингті қолдану керек: корпоративтік веб-сайт, электронды поштамаркетингі, әлеуметтік желі, электронды желілер мен блогтар.

6. Өз шығындарыңызды зерттеу керек: мүмкін оларды өзгертетін уақыт келген шығар, мүмкін офис жалдауға қанша қаржы кететіндігін, техника алуға қанша қаражат жұмсалатындығы т.б. қайта құру керек шығар.

7. Қызметкерлер санын қысқарту қажет: жұмыстан босатуға балама ретінде жұмыстан жартылай босатуды қарастыру керек.

8. Қызметкерлердің еңбек өкімділігін жоғарылату керек: ұжым (команда) құрудың, қызметкерлер жұмысын басқарудың (бағалау және жеке жұмыс жоспары т.б.), инструменттерін (құралдарын) қолдану қажет, тайм-менеджмент (өз уақытыңды үнемдеу) саясатын зерттеу, жұмыста компьютерлер мен интернетті қолдануға бақылау жүргізу керек.

Дағдарыстарға қарсы басқарудың негізгі бағыттары:

1. Дағдарысқа әкелетін даму кезеңіндегі белгілерді алдын-ала табу мақсатымен кәсіпорынның қаржылық хал-ақуалына бақылау жүргізу.

2. Кәсіпорынның дағдарыстағы хал-ақуалының ауқымын анықтау.

3. Кәсіпорынның дағдарыстағы хал-ақуалын қарастыратын негізгі факторларды зерттеу.

4. Дағдарысқа қарсы басқарудың жоспарын құру және енгізу.

Қаржылық хал-ақуал – компанияның қаржылық ресурстарын орналастыру және қолдануды айқындайтын көрсеткіштер жүйесімен сипатталатын кешенді ұғым. Бұл ұғым компанияның қаржылық бәсекелестігіне сипаттама береді. Нарықтық экономика жағдайында кез-келген тауар-материалдық құндылықтар мен еңбек ресурстарының ағымы ұдайы ақшалай қаражаттың құрылуы мен оның жұмсалуды арқылы жүргізілетіндіктен, кәсіпорынның қаржылық хал-ақуалының жалпы жағдайы оның бүкіл қызметінің барлық жағын қамтиды, кәсіпорынның іскерлік қызметінің маңызды сипаттамасы болып табылады және кәсіпорындарының бәсекелестік деңгейін анықтайды. Сонымен, қаржылық талдау дағдарысқа қарсы басқару әдістемесін жасауда өте маңызды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, біз мынадай пікірге келеміз:

Біріншіден, кәсіпорынды дағдарысқа қарсы басқару – кешенді, жүйелі ұғым, ол дағдарысты алдын-ала болжаудан бастап, оның көзін жою және жеңіп шығу әдістеріне дейін біраз шараларды қамтиды.

Екіншіден, заң шығаруда дағдарысқа қарсы басқаруды жүзеге асыруға қажет механизмдер бар, оларды кәсіпорынды дағдарысқа қарсы басқару үшін тиімді қолдана білу керек.

Үшіншіден, кәсіпорындағы дағдарыстың пайда болу себептері әртүрлі болуы мүмкін (ішкі немесе сыртқы), алайда кәсіпорын хал-ақуалына ең үлкен әсер ететін фактор – ол басқару факторлары. Дәл осы фактор, яғни басқарудың тиімсіздігі кәсіпорынның дағдарысқа ұшырауына әкеп соғады.

Төртіншіден, кәсіпорынды қайта қалпына келтіру (сауықтыру) бағдарламасын жасау үшін кәсіпорын қызметі мен оның қаржылық хал-ақуалына толыққанды талдау жүргізу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.А. Назарбаев. 2009-2011 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы бағдарламаның орындалуы туралы // www.akorda.kz
2. Уткин Г.П. Дағдарысқа қарсы басқару. – М., 2005
3. Кәсіпорынды дағдарысқа қарсы стратегиялық басқару // <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
4. Табысты бизнестің кейбір ережелері. – М., 2010
5. Тренинг институты. Кәсіпорынды дағдарысқа қарсы стратегиялық басқару. – М., «Халықаралық қатынастар», 2006
6. Хоскинг А. Кәсіпкерлік курсы. Тәжірибелік оқу құралы. – М., 2009

Қазақстанның Ресей империясы құрамына енуінің қазіргі тарихнамада талдануы

Айгүл ӘБДІЛДӘБЕКОВА,
 әл-Фараби атындағы
 ҚазҰУ-дың доценті,
 тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстанның патшалық Ресейге қосылу мәселелерін тұжырымдауда, осы заманғы Ресей ғалымдарының зерттеулеріне тоқталған жөн. Ресейдегі тарих ғылымының басты мәселесі, біздің пікірімізше өз тарихын зерттеуде, кеңестік кезеңде көкейкесті болып табылатын мәселелерді зерттеуге бағытталған. Қазақ халқымен ара қатынастар бүгінгі күнгі ұлтаралық байланыстар немесе «Ресей және Шығыс» аймақтық тұрғысынан қаралуда, Қазақстанның Ресей құрамына енуі қазіргі жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда «еріктілікпен» деген тұжырым дәріптелініп, Патша үкіметінің отарлық саясаты тұрғысынан талдауға көңіл бөлінбейді [1]. Сонымен қатар Ресейдің отарлық ұмтылыстарын амалсыздықтан туындаған қадамдар деп көрсету үрдістері байқалады. Мысалы, оқулықтардың бірінде: «суть русского империализма, отличавшая его от империализма римского, британского, немецкого и т.п. заключалась в том, что Российская империя была великой жертвой и великим бременем народа, не приносившей ему никаких выгод, не дававших коренной нации никаких преимуществ перед завоеванными нациями» [2] - деген ой дәріптеледі.

Осы мәселе бойынша маңызды зерттеу қатарына «Россия, Запад и мусульманский Восток в колониальную эпоху» атты ұжымдық монографияны жатқызуға болады. Мұнда белгілі ғалым Т.И. Сұлтанов әзірлеген тарау «Россия и Казахстан: история и проблемы взаимо-

действия (XVI-нач.XX века)» көңіл аударарлық. Біздің пікірімізше, бұл жұмыста Әбілхайыр ханның өз еркімен бодандыққа қабылдау туралы ұсынысы жай ғана Ресейдің шығыстағы саяси мүдделеріне сай болып қалмай, «оно льстило славе Российского государства, ибо представляло, как казалось, уникальную возможность присоединить к нему одним росчерком пера, без единого выстрела и кровопролития многочисленный народ и огромные степные просторы на юго-востоке страны» [3] - делінуі ақиқат тұрғысынан қаралған деп есептейміз. Автор, біздің ойымызша, ерікті «бодандық» деген ұғымды әр тараптың өзінше түсінуін, мысалы, қазақтар үшін бұл Ресеймен орнатылған әскери және саяси одақ болғанын сөзсіз дұрыстықпен нақтылап көрсеткен. Ресей болса, алғашында, вассалитет элементтері енгізілген протекторат институты ретінде пайдаланып, кейіннен 1830-1860 жылдары нақты қосып алуға және отарлық бағындыруға кірісті: «С уничтожением в степи таких традиционных органов управления, как ханская власть, народное собрание» (курултай), суд биев и т.п. , и введением там колониальных органов управления была окончательно ликвидирована собственно казахская государственность: «Казахские степи превратились в обычную окраинную провинцию Российской империи»[4]. Т. И. Сұлтановтың пікірі бойынша қазақ жүздерінің Ресейге бодан болу кезеңі негізгі екі кезеңге нақты бөлінеді: біріншісі – номиналдық бодандық кезеңі (1731 ж. XIX ғ. 20-жж.); екіншісі – іс жүзінде қосып алу және отарлық бағындыру кезеңі (XIX ғ. 30-60жж.). Номиналдық мәселесі, зерттеушілер номиналдықтан нақты бодандыққа көшуді, басқаша айтқанда қазақтарды толығымен өз биліктеріне бағындыруды жүзеге асыруды алдарына мақсат етіп қойған революцияға дейінгі орыс тарихнамасында да көтерілгені белгілі.

Ресей үкіметінің көшпенділердің өміріне күш жұмсап және білместікпен араласуының сөзсіз зардаптары:

- катал отарлық саясат жүргізілуі нәтижесінде қалыптасқан қоғамдық құрылыс пен тәртіптің қайғылы жағдайда күйреуі;

- жайылымдар және мал санының азаюы нәтижесінде қазақ халқының тұрмыс жағдайының күрт нашарлауы ;

- жаппай аштық пен өтпелі кезеңнің қиыншылықтары нәтижесінде жергілікті тұрғындар санының айтарлықтай кемуі - дұрыс көрсетілген деп есептейміз.

Бұл фактілермен келіспеу мүмкін емес, бірақ Қазақстанның Ресей империясына қосылуының жағымсыз зардаптарымен бірге авторлар жағымды жақтарын да көрсетеді. Оның ішінде қазақтардың орыс

протекторатына кіруі оларды артта қалған Жоңғарияның жаппай құлдандыруынан, толығымен жойылуынан құтқарып қалды; қазақ даласында рулық тұрмыстың ыдырауының және көшпелі өмірден отырықшылыққа көшудің бастамасы болды; оларды алдыңғы қатарлы Европа мәдениеті мен ғылымына тартты: «Слияние интересов Казахстана и России отражает не исторически позитивную, а экономически неизбежную геополитическую направленность» [5] деген авторлардың пікірлері бойынша Ресей мен Қазақстанның бірігуі тарихи кездейсоқтық емес, сыртқы байланыстардың қайта бағытталуы. Зерттеуде үш ғасыр бойы (XVII - XIXғғ) Ресей мен Қазақстанның ара қатынасында маңызды эволюция – көршілік қатынастардан және әскери – саяси одақтастық ізденістерінен қазақ жерлерінің Ресей империясына қосылуына дейін орын алуы өте шынайылықпен көрсетіледі, бірақ қазақтар өздерін ұлт ретінде сақтап қалған. Авторлар «есть все основания надеяться на то, что взаимоотношения обновленного Казахстана и обновленной России, двух ближайших соседних стран, будут основаны впредь только на принципах взаимного уважения государственного суверенитета и соблюдения прав и свобод каждого человека» [6] - деп есептейді. Кезіндегі Қазақстанның Ресейдегі елшісі болған Т.А. Мансуров та өзінің соңғы монографияларының бірінде: «период пребывания казахов в составе России, который продолжался для одной части страны около двух веков, для другой около полувека, следует учитывать с учетом всей сложности и противоречивости исторического процесса» [7] дегенді атап көрсетіп, осындай тұжырымға келеді. Тарихи оқиғаларды талдау нәтижесінде осы қағиданың сақталуын біз өткен заманның әділ сипаттамасын жасауға ықпалын тигізеді деп есептейміз.

«Национальная политика России: История и современность» атты тағы бір ұжымдық монографияда да Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі сөз болады. Авторлар «История народов и государств протекает не только под воздействием географической среды, она связана с их геополитическим положением, взаимоотношениями с соседствующими этносами и государствами» [8] дей келе, халықтар мен мемлекеттер тарихи уақыттан және географиялық кеңістіктен тыс өмір сүре алмайтынын атап көрсетеді. Зерттеушілер геосаясаттық факторды тарихи үдеріс факторы ретінде баса айтады. Бұл бағытты біз революцияға дейінгі тарихнамада да кездестіргенімізді атап кеткіміз келеді. Монографияда халықтардың нәсілдік және этникалық ерекшеліктері

олардың түрлі әдет- ғұрыптық әлеуметтік құрамын ерікті, амалсыз және күшпен қосып алу болмағаны айтылады. Қосылудың әр түрлі сипаттарының көрсетілуі көңіл аударарлық факт болды. Авторлар Кавказда және Орта Азиядағы орыстардың ықпалын кеңейту үшін сол кездегі жағдайдың оңтайлы болуын, бұл аймақтарда қантөгісті карама-қайшылықтар орын алған феодалдық қожалықтар болғанын атап көрсетеді. «В ряде случаев вопрос стоял о выживании целых народов из- за угрозы нападения более сильных соседей. В этих условиях многие правители и население не только не оказывали сопротивления русскому проникновению, но и сами стремились перейти в русское подданство» [9]. Ресейге қосылу мәселесін ең жиі көтергендер Ресей патшасы билігінің арқасында өз жағдайларын күшейтуге ұмтылған феодалдық билеуші топтар екеніне де дұрыс мән берілген деп есептейміз. Бұдан әрі зерттеушілер Ресейдің империялық мән-мағынасы батыстың отарлық империяларына ұқсамайтынына баса көңіл бөледі, оны дәлелдеу үшін бірде бір отарлаушы державада белең көрсетпеген мына жағдайды келтіреді: «Ни один народ российских окраин не исчез с лица земли под русским владычеством.. В России же практически стирались различия между завоевателями и завоеванными» [10]. Біз мұндай дәлелдемелермен мүлде келісе алмаймыз, өйткені, біріншіден, халықтар Ресей империясының құрамына әр түрлі жолдармен кірген. Екіншіден, тұтас халықтарды қырып жою белең алмады, бірақ, осы заманда, солтүстіктегі Ресейдің шағын халықтарының мәдениеті мен тілдерінің жойылып болуына аз-ақ қалғанын, олардың дәстүрлі шаруашылықтарының құрып бара жатқанын көріп отырмыз. Біздің халыққа қатысты патшалық әкімшілдіктен бастау алып, 1917 жылдың Қазанынан кейін жалғасын тапқан орыстандыру саясаты ана тілімізден дерлік айырып болып, соның зардаптарын бүгін тартып отырмыз. Үшіншіден, Ресей мемлекетінің өз аумағы кең, ал халықтың орналасуының тығыздығы төмен болғандықтан құнарлы жерлердің жетіспеушілігінен өте күрделі мәселелер туындағанда, Ресей үкіметі өз отарларына көз тікті. Белгілі болғандай, патша өкіметі, қоныс аудару саясатын жүргізе асыра отырып, жергілікті халықты ауып көшіге және дәстүрлі шаруашылық құрылымының бұзылуына мәжбүрлеп, қазақтардың ең құнарлы жерлерін тартып алады. Жаулап алған жерлерде халық тығыз орналасқан жағдайда, патша өкіметі саясатының қандай болатынын болжау қиын емес еді.

Бұл монографияда Ресей көбінесе экономикалық тұрғыдан нашар дамыған жерлерді өзіне қосып алып, шаруашылық жағынан

өзіне айтарлықтай пайда келтіре алмаған [11] дейтін тағы бір үрдіс революцияға дейінгі еңбектерде орын алған.

Ол Орта Азияның тарихына қатысты төмендегі мәселелер ұсынылды:

- аймақ Ресей үшін шикізат көзі болған жоқ, оның ішінде мақта өнімдеріне. Өйткені метрополияға негізінен маталар, жемістер және сән-салтанат бұйымдары жеткізілген;

- ыңғайлы жол қатынастары болмағандықтан аймақ тез арада Ресей тауарларын сататын базар бола алмаған;

- бастапқы кезде патша өкіметі суландырылған жердің тиісті көлемде жетпегенінен отарлауды тежеуге мәжбүр болды;

- аймақты меңгеру бойынша қаржылық және материалдық шығындар Ресей экономикасына шамадан тыс ауыртпалық әкелді.

Авторлар: «что же толкало Россию в эти отдаленные районы? Мы уже видели, что отчасти это был стихийный процесс... Вместе с тем Россия получала некоторые выгоды геополитического и военно-стратегического характера» [12] деген мәселе көтереді, алайда саяси себептер басымырақ болып есептеледі.

Ресей империясының тарихында геосаяси фактордың маңыздылығы И.Б.Орлованың «Евразийская цивилизация» атты монографиясында да көрсетіледі, онда автор шексіз жазық дала орыс халқын бір әлемді қамтыған зор мемлекет құруға мәжбүр етті дегенді басып айтқан. Евразиялық идеяны ұстана отырып, И.Б.Орлова «география Евразии, отсутствие природных границ на ей территории объективно предопределили единение двух различных культурных миров: оседлого и кочевого – часто конфликтующих, но вынужденных взаимодействовать, защищая регион от внешних врагов» [13].

Осы заманғы ресейлік зерттеушілердің ішінен XVIII ғасырдағы Ресей мен Жоңғар қатынастары мәселесін зерттеген В.А. Моисеевті ерекше атап ету керек. Ресей зерттеушісі Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі бойынша өз көзқарастарына сипаттама бере отырып, «в трудах Н.Г. Аполловой, В.Я.Басина, Т.Ж. Шойынбаева, А.О. Сабырханова, И.В. Ерофеевой и др., посвященных присоединению казахских жузов к России, как правило высоко оценивалась роль России в защите казахского народа от ойратских вторжений. После распада СССР и провозглашения Казахстана независимым государством, оценки политики России в Центральной Азии изменились на прямо противоположные» [14] деп пайымдайды. Зерттеуші В.А. Моисеев қазақ жерлерінің Ресейге қосылуын ерікті түрде болған акт ретінде қарау керек деп есептейді. Осыған байланысты ол

қазіргі кезде бір топ қазақ ғалымдары ұстанып отырған «абсолюттік жауыздық концепциясына» қарсы қатаң сын айтады. Атап айтқанда, В.А.Моисеев өзінің монографиясының кіріспесінде «русское государство предстало на страницах работ казахских историков и публицистов кровожадным северным хищником, таким же историческим врагом казахов, как и Джунгария»[15] деп жазады. Алайда осы мәселе бойынша қазіргі қазақ зерттеушілеріне баға беруде ғалым, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген «История Казахстана с древнейших времен и до наших дней» (Алматы, 1993) атты бірінші қорытынды еңбектің авторлары жоңғар қауіпіне байланысты Ресейдің Қазақстандағы саясатына айтарлықтай әділ баға бергенін атап кетуді жөн көрген.

Сонымен, Қазақстанның Ресей құрамына енуі мәселесі бойынша, революцияға дейінгі де, кеңес тарихнамасының да тұжырымдамаларының қағидалары қазір де орын алған. Бұл мәселені ғалымдар дербес мәселе ретінде емес, қазіргі заманда, (КСРО ыдырауы, аймақтық интеграция, ұлтаралық қатынастар) түсіну үшін, сыни талдау ретінде қарайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. История России с древнейших времен до 1861 г. Учебник для вузов под редакцией Павленко Н.И. Москва. : Высшая школа, 1996. – 560б. Гаврилов Б.И. История России с древнейших времен до наших дней. – Москва: Новая волна, 1997.- 240б.; Пашков Б.Г. Русь-Россия – Российская империя. Хроника правления и событий 862-1917 г.- Москва: Центр-ком, 1997. – 636 б.; Воронцов А. «Примите нас под свою защиту» // Московский журнал. – 1991- Н.12.-Б.29-45; Деревянко А.П. История России с древнейших времен до XX века. Владивосток.1998.- 727б.; История России. Учебное пособие в 2 томах. Москва: Владос. 1998.Т. I – 256б. История России с древности до наших дней. Под ред. Зуева М.Н. Москва: Высшая школа, 1997. – 639б.
2. Черкасов П.П. Чернышевский Д.В. История имперской России от Петра Великого до Николая II: Москва: Международные отношения. 1994. – Б.445
3. Россия, Запад и мусульманский Восток в колониальную эпоху.- СПб.: Изд-во «Дмитрий Булганин», 1996.- Б.17
4. Россия, Запад и мусульманский Восток...- Б.24
5. Россия, Запад и мусульманский Восток...- Б.25
6. Россия, Запад и мусульманский Восток...- Б.26

7. Мансуров Т.А. Казахстан и Россия: суверенизация, интеграция, опыт стратегического партнерства. – М.: Русский Раритет, 1997.-Б.13
8. Национальная политика России: История и современность. – Москва: Русский мир. 1997. – Б. 10
9. Национальная политика России : Б. 16
10. Национальная политика России: Б. 65
11. Национальная политика России: Б. 32
12. Национальная политика России:Б. 105
13. Орлова И.Б. Евразийская цивилизация. Социально – историческая ретроспектива и перспектива. – М.: Издательство НОРМА, 1998.- 334б.- (Б-280)
14. Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в 18 веке. – Барнаул, 1998.- 174б. (Б.6)
15. Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство...– Б.17.

Қазіргі Қазақстан тарихының тарихнамасы (1991-2011 жж.)

Қанат ЕҢСЕНОВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Казіргі заман тарихын зерттеудің басты бағыты ел тарихына қатысты жарық көрген тарихи еңбектерді тарихнамалық тұрғыдан талдаулар жасау, маңыздылығы мен шынайылығына баға беру болып табылады. Отандық тарих ғылымы саласы бойынша ел тарихына қатысты жарық көрген отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдаулар жасау мен баға беру бүгінгі күннің талабы. Себебі, тарих ғылымының тарихнама саласының ғылыми зерттеулер жүргізудегі атқаратын қызметі белгілі бір кезеңге байланысты немесе оқиғаларға байланысты талдаулар жасауға бағытталады.

Отан тарихының өзекті мәселелерінің қатарында қазіргі заман тарихының оқиғалары мен құбылыстары да бар. Мәселен, еліміздің тәуелсіздік алуынан бүгінгі күнге дейінгі жазылған тарихи еңбектерге сараптама жасау қажет. Мысалы, өз еліміздің тарихшылары қандай еңбектер жазды. Одан кейін Қазақстан жайында ресейлік авторлар өз зерттеулерінде қандай ой тұжырымдар жасады. Сонымен қатар, шетелдік зерттеушілер қандай тарихи еңбектер жазды. Олардың еңбектері қандай дәрежеде жазылған және ғылыми құндылығы қандай деген мәселелер қарастырылуы тиіс.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста халықаралық байланыстардың тарихи сабақтастығын негіздеу және Қазақстанның әлем тарихындағы орнын айқындау міндеттері алға қойылды. Мұндай жағдайда жаңа

тұрпатты тарихшылардың тобын құрып, тәуелсіз республикада тарихи сананы қалыптастырудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу, тарихи зерттеулердің негізгі бағыттарын, олардың тақырыптарын айқындау қажет болды, яғни ұлан-ғайыр еңбек ету міндеті қойылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында Қазақстан тарихы ғылымы мен тарихнамасының даму үрдісі белгілі қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, ұстаз және Қазақстанның тарихшылары қауымдастығының құрметіне ие болған көшбасшы академик М.К. Қозыбаевтың есімімен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіздік алуы отандық тарихтың дұрыс жолмен жазылуына мүмкіндіктер туғызды [1].

Қазіргі заманғы тарихты зерттеумен айналысуда бірқатар жеңілдіктер бар, өйткені қазіргі заманғы тарихты зерттеушілердің қолында ғылыми ізденістер үшін барлық мүмкіндіктер бар. Дерек көздер де, айғақтар да, адамдар олар өмір сүретін ортаны сипаттайтын уақыт та алыстан іздеуді қажет етпейді.

Дегенмен, қазіргі заманғы тарихты зерттеу кезінде тарихшы тап болатын негізгі қиындықтардың бірі – өткендегі мен бүгінгінің, тарих пен қазіргі заманның, болған, аяқталған әлеуметтік-мәдени үрдеріске жататын өзгерістері мен әлі өзінің қисынымен аяқталып бітпеген құбылыс арасындағы шекараны айқындау болып табылады. Егер қоғамдағы аяқталған үдерістерді зерттейтіні рас болса, онда қазіргі заманғы тарихшы үшін оқиғалардың ішінен тарихи зерттеу тақырыбын анықтау, жіктеу, нысананын айқындау – оңай міндет емес.

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейінгі уақытта көптеген тарихи еңбектер жарыққа шықты. Бірақ, олардың ішінде тарихнамалық тұрғыдан талдаулар жасаған еңбектер жетіспейді. Сондықтан, тәуелсіздік тарихына арналған зерттеулерге тарихнамалық зерттеу жасау бүгінгі күннің талабы. Мұндай зерттеу жұмыстарының атқарылуы барысында тарихнамалық сараптама-лар жасалып, тарихымыздың өткені талқылаудан өткізіліп, келешек бағдарлары көрсетіледі.

Қазақстанның қазіргі заман тарихы бүгінгі әлемдік тарихтың құрамды бөлігін құрайды. Сондықтан, егеменді еліміздің тарихи оқиғалары мен құбылыстарына қатысты жазылған еңбектерді сын елегінен өткізіп, тарихнамалық талдау қорытындыларының нәтижесінде зерттеу жұмыстарының артықшылығы мен кемшілігі анықталып, болашақта ескеруді қажет ететін бағыттары анықтала түседі. Жалпы, Отандық тарих ғылымының жетістіктерін саралап, болашағына бағдар жасау үшін тарихнамалық зерттеулер аса қажет.

Тарихнамалық талдаулардың ерекшелігі Қазақстанның қазіргі заман тарихына қатысты тарихи еңбектер тарихнамалық талдауға түсіп, нақты сараптама жасалатындығында. Сондай-ақ, мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде қалыптасуы, оның тұтастай тарихының жазылуы, зерттеу еңбектерінде көрініс табуын зерделеу қажет. Жалпы, Отандық тарих саласы бойынша тарихнамалық жүйелі зерттеулер жазу, зерттеуді қажет ететін мәселелерді анықтап, бағыт-бағдар жасау болашақ үшін игілікті іс болып табылады.

Қазақстан Республикасы әлем қауымдастығы алдында жеке тәуелсіз ел ретінде қалыптасып келеді, болашақта көзделген мақсат – әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосылу мақсаты қойылған. Сондықтан келешекте әлем елдері көшінен қалмас үшін саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерді дамыту мен қатар, еліміздің отандық тарихы дұрыс жолмен жазыла түсуі қажет. Себебі, еліміздің елдігін сақтау және ұлт ретінде болашақта сақталу үшін тарихымызды білімдарлықпен жаза түсуіміз керек. Сол мақсатпен егеменді еліміздің тарихының жазылу барысы мен жарық көрген еңбектеріне сараптама жасап, ой елегінен өткізіп, зерделеп алуымыз қажет.

Қазақстанның тарих ғылымында тәуелсіздік жылдары қазіргі замандағы отандық тарихқа қатысты бірқатар зерттеулер жазылды. Тарихнамада Қазақстан материалдары негізінде жазылған іргелі еңбектерде Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы проблемалары белгілі бір дәрежеде орын алды.

Тоталитарлық сана-сезім мен ойлау жүйесі келмеске кеткеннен кейін мүмкін болған тарих білімін идеологиясыздандыру тарих ғылымының жаңа бағытының жанданып, өріс алуына септігін тигізді. Осы бағыттағы зерттеулер дараланып, қайталанбас сипат ала бастады. Қазақстан тарихы жөніндегі академиялық жоғарғы оқу орындары еңбектерінде бастапқы дерек көздерді терең де жан-жақты зерделеуге негізделген проблемалық қисын көрініс таба бастады.

Қазақ елінде ұлттық тарихтың қайта жаңаша азат көзқараспен жазылуы мен тарихи сананың қалыптасуына, Қазақстан қоғамында қоғамдық, саяси және ғылыми белсенділіктің жалпы өрлеуіне бағытталған бастамалар ұлттық тарихты байсалды ғылыми ой елегінен өткізу деңгейіне көтерді. Сонымен бірге, осы бағыттағы зерттеулер, ізденістер мен пайымдаулар бүгін таңда жас ұрпақты отаншылдыққа, азаматтық рухта тәрбиелеуге, Қазақстан қоғамы үшін нақты нәтижелер беріп, болашаққа деген сенім ұялатуда [2].

Қазақстанның халықаралық қатынастар тарихнамасында Қ. Тоқаевтың «Беласу. Дипломатиялық очерктер» (2003), «Под стя-

гом независимости. Очерки о внешней политике» (1997); «Дипломатия Республики Казахстан» (2002), «Нұр мен көлеңке» (2008), Т. Мансұровтың «Казахстанско-российские отношения в эпоху перемен» (2001) зерттеулері ерекше орынды иеленеді. Саяси тарих бойынша әдебиеттер қатарынан - К. Бұрхановтың, Б. Сұлтановтың, Б. Аяғанның «Современная политическая история Казахстана 1985-2006 гг.» (2006) [3] еңбектерін атауға болады.

Қазіргі Қазақстан тарихын түсінуде төмендегідей нақтылы – тарихи мәні зор еңбектер де бар: М. Қозыбаев «Ұлт және өркениет» (2001) [4], К.Султанов «Время перемен» (2005); М. Жолдасбеков «Ел тағдыры - ер тағдыры» (1997); Ғ. Есім «Саяси философия» (2006), Х. Әбжанов «Қазақстан: тарих, тұлға, теория» (2006), Р. Калиева «Республика Казахстан и современный мир» (2000), Т. Омарбеков «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері.» (2003) [5], А.С. Гурский «Твердая поступь страны» (2007), «Путь к лидерству: социально-экономические и политические реформы в Казахстане» (2007) және өзге де еңбектерде саяси-экономикалық, социомәдени, этникалық, өңірлік және ғаламдық мәселелер қарастырылады.

Тарихымыздың өзекті мәселелерінің бірі – тәуелсіз Қазақстанның өз мемлекеттігін құру мәселесі. Тарихымыздың басқа да түйінді мәселелері сияқты, мемлекетімізді қайта құру мәселесі де тұңғыш Президентіміздің еңбектерінде жан-жақты айтылған, яғни тарих ғылымының тілімен айтсақ, Н.Ә. Назарбаев еңбектерінде мемлекетімізді қалпына келтіру тарихы, алғашқы нақты іс-шаралардан бастап, жан-жақты бейнеленген. Сондықтан Н.Назарбаев еңбектеріне тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қалыптастыру, нығайту және дамыту тарихының дерек көзі ретінде талдау жасау, тек тарих ғылымының ғана емес, жалпы Қазақстан тарихнамасының да өзекті мәселелерінің бірі болып табылатындығы күмәнсіз.

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарық көрген еңбектеріне: 1991 жылдың көктемінде дайындаған «Әділеттің ақ жолы» еңбегінен бастап, 2012 жылдың қаңтарында ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаған Жолдауына дейін; Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан – 2030», «Қалың елім, қазағым», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сыңдарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде» [6] сияқты бірнеше іргелі еңбектері, жинақтар, Қазақстан халқына Жолдаулар, ҚР мерейтойларында, салтанатты жиындарда,

басылымдарына берген сұхбаттары т.б. еңбектер жатады. Олардың бәрінде де белгілі бір дәрежеде тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігі тарихына қатысты мәліметтер сақталынған.

Н. Қалиевтің «Қазақстан парламентаризімі» атты монографиясында, «Тәуелсіз Қазақстандағы Парламент: жай-күйі мен проблемалары» атты ұжымдық еңбекте де Қазақстан Парламентінің қалыптасу тарихы егжей-тегжейлі зерттелді, олар заң шығарушы органның қалыптасу үрдісін, оның мемлекеттіліктің қалыптасуындағы және елде реформаларды жүргізудегі рөлін талдауға, Қазақстанда парламентаризмнің одан әрі дамуы жолдарына арналды [7].

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстанның тарих ғылымының көшбасшысы саналды, ол бұрын заң жүзінде Ұлттық Ғылым академиясының жүйесінде болды. XX ғасырдың 90-жылдарының басында тарихымызды жаңаша көзқарас тұрғысынан жазу басталған кезеңде және қазіргі уақытқа дейін осы Институттың зерттеушілер ұжымы қыруар жұмыс атқарды [2,18].

Еліміздің қазіргі замандағы тарихына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) ғылыми қызметкерлерінің талдау жұмыстарына, монографиялары мен еңбектеріне ерекше назар аудару қажет. Бұл ғылыми талдау орталығы баспа қызметімен белсенді түрде айналысып келеді: мұнда «Аналитик», «Казахстан-Спектр», «Қоғам және дәуір» сияқты оқырмандарға танымал болған мерзімді басылымдар шығарылды, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың, «дөңгелек үстелдердің» жинақтары тұрақты түрде жарық көрді [2, 24].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі тарихын зерттеумен айналысатын ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының ғалымдары да бірқатар еңбектерді жарыққа шығарды. Олардың ішінде «Тәуелсіздік хроникасы», «Қазіргі Қазақстан тарихы» [8] және тағы басқа еңбектер бар.

Байқап отырғанымыздай, тәуелсіз Қазақстан тарихы тарихнамасын қорытындылауға әлі ерте. Қазіргі уақытта аталған тақырып төңірегінде салмақты және іргелі зерттеулер қолға алынууда.

Қорытындылай айтсақ, еліміздің тәуелсіздік тарихына қатысты жарық көрген еңбектерді тарихнамалық тұрғыдан талдау және сараптама жасау аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан, оларды отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың

еңбектері деп топтарға бөліп қарастыру керек. Тағы бір ескеретін мәселе, тарихнамалық зерттеулерді оқиғалар мен құбылыстарға немесе қоғамдық салалардағы тақырыптарға қатысты жасаған жөн. Сонда тақырыптардың зерттелу деңгейі ашылып, ғылыми талдаулар мен сараптамалық еңбектер жазылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М.К. История и современность. – Алматы, Ғылым, 1991. – 252 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 18 б.
3. Бурханов К.Н., Султанов Б.К., Аяған Б.С. Современная политическая история Казахстана (1985-2006 гг.). Издательский центр Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова. – Алматы, 2006. – 120 б.
4. Қозыбаев М.Қ. Ұлт және өркениет. Алматы: 2001. 350 б.
5. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: «Өнер», 2003. 467-539 бб.
6. Назарбаев Н.Ә. Еуразия жүрегінде. Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
7. Қалиев Н. Қазақстан парламентаризімі. – Алматы: Қазақстан, 2003. – 272 б.
8. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы: Хрестоматия / Б.Ф. Аяғанның ред. – Алматы: Реаритет, 2010. – 560 б.

Ә.Х. Марғұлан зерттеулеріндегі хундардың қала мәдениеті

Самат ӨТЕНИЯЗОВ,
тарих ғылымының кандидаты

Академик Ә.Х. Марғұланның аса көп көңіл бөлген бір мәселесі – хундар тарихы мен мәдениеті болса, соның ішінде олардың қала мәдениетіне ерекше зер салған еді. «Хундар кең байтақ Сахараны ең ескі заманнан қоныс етіп, талай ғажайып белгілердің сілемін қалдырған» – дейді Әлекең. «Олар қалдырған байтақ мәдениет белгілері тізбек-тізбек жойқын түрде кездесіп, топталған оба, қорым, ел басқарушылардың жойқын қабірі түрінде (Алматы, Есік, Қапал, Алтын-Асар), не топталған ескі қалалардың жойқын үйіндісі түрінде бір ғажайып дүние көрініп өзінің мәдениетіне, ескі дәуірде жасалған өнер түріне адамның ойын ерекше тартады. Бұл бай мәдениет түрі тек жақын араде зерттеле бастады, бірақ жойқын зерттелуі әлі ілгеріде сияқты. Олардың ең негізгі топтасқан жерлері Жетісу, Шу, Талас өзенінің бойы, Сырдария, Қаратау, Орталық Қазақстан, Алтай, Арал теңізінің маңы”-деп көрсетіп, Қазақстанның басқа да жерлеріндегі археологиялық қазбаларды көрсетеді. “Бұлардан басқа хун мен үйсіндердің көп қала, атақты сарайлар тұрғызған өлкелері Шығыс Түркістан, Тарым, Лобнор өзенінің бойы, Дун-Хуан, Кокунар, Ордос, Алтай, Қангай тауларының іші» [1] – деп көрсетеді.

Осынау хундардың мәдени ошақтарына зер салып қараған Әлекең хун мен үйсіндер тек қана су іздеп, өріс іздеп көшіп қана жүрген көшпенді ел емес, олардың байтақ қалалары, қысқы қыстаулары, терең қазған құдықтары да өте көп болғанын айтады. Олардың атақты шеберлері ағаштан әдемі күйме, жазғы киіз үйлерді көркем

түрде жасап оларды «орда» деп атағанын көрсетіп Бичурин кітабына сілтеме береді.

Ә. Марғұлан жалпы хундардың Шығыстағы мәдени орталықтарын төрт ордаға бөліп қараған:

Біріншісі Орхон өзені бойында, Қангай тауының етегінде (хунну-хэ), екіншісі Шығыс Түркістанда Теріскей Тянь-Шань тауында, атқты Хоян ордасы. Үшіншісі Хюйбу ордасы деп аталады. Төртіншісі Сюйбу ордасы – Ордос алқабындағы осынау қалаларды Бичурин: «Сюйбу знаменитый хунский Дом в Ордосе» – деп көрсеткен, ал оны басқарушы хундардың атақты бегін Сюйбудан (Сүбелен) – деп көрсеткен.

Хундар мен үйсіндер үйлерін көбінесе тастан, кірпіштен, ағаштан жасап, әдемі ғимараттар тұрғызған. Олардың мәдениетінің аса жоғары болғанын айта келіп К. Акишевтің археологиялық қазбалар негізінде Талас, Қызыл Қайнар, Шөлтөбе, сыр бойында Ақтобе-2, Жетіасар және басқа елді мекендерді көрсеткен [2].

Ертеде аса көп қала тұрғызған елдер хундар мен қаңлылар екенін Әлекең ерекше атап көрсетеді. Хундардың қала мен қыстауды көп тұрғызған жерлері Ордос, Кокунор, Дун-Хуан, Шан-Шан (Лобнор), Тарим өзенінің алаптары, Хами, Теіскей Алатау, Тұрфан өлкесі және Жоңғария Сахарасы. Осы өлкені қоныс еткендер хундардың екей тайпасы. Б.э.д. 177 жылға дейін хундар империясы күшейген кезде оларға үйсіндер мен ғұздар түгелдей бағынған еді. Сол кездегі хундардың күшейуі және саяси тарихында ер Қоянның аты көп аталады.

Сол кездегі Қытай елшіренің жазбаларына қарағанда хундар трим мен Алатау өлкесінде барлық жерге қала тұрғызуды ойластырған. Қалаларды және көптеген қамалдарды, әсіресе, Ордос аймағында көбірек құрған. Ордостағы хундардың атақты қорғанының бірі Лун-Гуан (Ұлы қорған) әлде Анжун-Гуан деп атайды. Осы қорғанды б.э.д. 140 жылы Қытай әскері өртке алдырған еді.

Ордостағы хундардың ескі қорғанының бірі б.э.д. 223 жылы Хун патшасы Тұман салдырған болатын. Шеу-Сян Сары өзеннің күншығыс жағасында, Тохты-Хота қаласына жақын жеоде тұрған Ордостағы мықты қорғпн еді. Тун-Гуан (Түн қорған) Шань-Си өзені бойында және басқалары Қытайға қарсы құрылған әйгілі қамалдар еді. Бичурин еңбектерінде осы қорғандар туралы:

Хунны строили землянки на границе для наблюдения китайцев. Строение для пограничного караула называется эуто. Там жили военные пограничных караулов» [3] – деп жазған. Мұндай қытайларға қарсы тұрғызылған көптеген хун қорғандары мен қамалдары б.э.б.

III-I ғасырларда Ордос аймағында Кокунорда, Дун-Хуанда, Лобнорда, Кун-Лунь тауының ішінде Тарим аймағында, Теріскей Алатауда, Алтайда өте көп болды.

«Сондай жойқын, мықты қорғандардың бірі Гао-Кюс биік қамалы Мөденің кезінде тұрғызылған үлкен бекініс болатын. Соған ұқсас алып құрылыстар Ордос бойында Лин-Жун (Ин-Шань) тауының биік асуында, Сары өзеннің (Хуан-Хэ) Тәңірі көлден күншығысқа қарай бұрылатын жеріне қарсы салынған үлкен мұнара» [4] – деп көрсетеді Ә.Х. Марғұлан. Сондай-ақ Әлекең осы алып құрылыстардың көбі Мөде тұсында құрылғанын айтады. Б.э.д. 121 жылы Қытай әскері жүз мыңдаған әскерімен келіп, өртеп, қиратып кеткен екен. Сонда хундардың бір тобы Гао-Кюстен қашып Лобнор, Кун-Лунь тауына ығысады. Алайда, сол қытайлардың баса көктеп кірген жойқын шабуылынан соңғы кезде де көптеген хундардың қорғандары құрылған екен.

Ә.Х. Марғұлан көрсеткендей Ордос (Ортос), (Өр төс) – хун тілінде биік, алаң деген мағына береді. Ал, қытай тілінде Хэ – нан... Сол Ордос өлкесі, яғни Сары өзен жағасындағы биік қорғандар құрылған алаң Оңтүстік жағында Шанси өлкесімен шектеседі. Осы екі өлкенің екеуінде де хундардың ескі тайпасы Хя – мекендеген болатын. Хундардың әйгілі патшасы Мөденің (б.э.д.209-177 патша болған) шыққан елі осы Хя тайпасы болатын. Сол Ордостағы бір таудың аты Хя-Шан, яғни Хя-Тау (қытайша шан-тау) болса, әйгілі ел басқарушылардың бірі Хялян (Қыран) деп қытай деректерінде жазылады [4].

Хундардың жерінің аттары және қалаларының аттары әрқашан өзінің елінің атымен, яғни белгілі тайпалардың атымен аталып отырды.

Хундардың үлкен қалаларын өз бетімен басқаратын жеке ханы, билері болды. Олардың Шанси өлкесінде Шангун деген бір қаласы б.э. 3 ғасыр бұрын дәуірлеп тұрды. Онда тұратын хун тайпалары қытай тілінде: - Байди, Чиди, Жунди деп аталғанын көрсетеді Ә.Х. Марғұлан [5].

Бабаларымыз хундар сол өлкеде ұзақ жылдар бойы жасаған және мәдениеті жан-жақты дамыған. Жазда жайлауға көшетін, қыста қалада тұратын. Елдердің негізгі бағатын малы жылқы, сиыр, қой болса, егетін егіндерінің негізі дәнді-дақылдар болатын. Бұл жерлерде тізбектелген қалалардың орындары өте көп. Сонау Лобнордан Памирге дейін созылады. Лобнор көлінің жағалауындағы көп қалалардың орындары әлі күнге дейін сақталған. Солардың тарихта жиі айтылатыны – Уйни деп аталатын – Хун басшыларының әйгілі ордасы...

Лобнордан Батысқа, Даван (Ферғана), Қандыға, Шуға дейін ағылып жатқан үлкен жолдарды қазір «Жібек Жолы» болған жолдар деп атайды... Оңтүстікте Кун-Лунь тауларының ішінде Жохян деген бір ұлыс бар, оның қамалының аты Ян-Гуан, оны басқарушы хундардың бір бегі Кюй-Хулай кейінірек Қытайға бағынған еді [6].

Хундардй Екей тайпасы көп қалалар құрған және сол айтылған өлкендерде көп жылдар бойы үстемдік жүргізгенін Ә.Х. Марғұлан жан-жақты көрсетеді. Қытайша екейлерді Икюй деп атаған. Қытай деректерін орыс тіліне аударған Бичурин кітабында екейлердің қала мәдениеті туралы: «... Икюйские жуны для ограждения себя построили города, которые богдыхан покорил себя. Китай завоевал у икюйцев 25 гордов, коварно убил владетеля икюйских жунов в дворце, вселд за ним отправлено войско в икюй ит его царство уничтожено. Китай приобрел икюйские города Лун-си, Бэйди и Шанюн и для ограждения от хунов построил долгую стену...» [7] деп жазған еді.

Ә.Х. Марғұлан «... Екейлердің Ордос (Хан су) бойындағы орталық қаласы «Далай»деп аталған, кейде «Юсба» (Чуба) деп те аталған, екейлердің салты Жетісуда жасаған Юсбан (Чубандарға) өте ұқсас. Мүмкін олармен аталас болуы керек. Екейлер тарихта Түрік қағанаты дәуіріне дейін кездесіп отырады. Батыс Түрік қағанатының бір ханы екейлерден шыққан. Екей – Жебе хан деп көрсетілген. Кейін екейлер Ұлы Жүз қазағының бір атакты тайпасына айналды. Атакты халық ақыны Жамбыл Жабаев осы екей (икюй) тайпасынан.

Екейлердің бір тайпасы Деле Дун-Хуан мен Лобнордың арасын қоныстады. 4-ғасырдың соңында олардың оталығы Гао-Гюй деп аталды, мәнісі биік күйме, қаңқа» – деп екейлердің Хун Ордасындағы және қазақ халқындағы алатын орнын көрсеткен еді.

Екейлермен көрші Ордоста отырған Хун тайпаларының біреуі - Қыны Ләуфан (Лаупан, Лапан, Алпан), Байлан, Аланку және басқалар. Олар Ин-Шан тауындағы Гао-Кюе бекінісінде жасаған тайпалар. Олардың атымен аталатын Ордостағы бір астана қаланы Ләуфан деп атайтынын Бичурин де көрсеткен еді [8].

Олардың мықты тірек қылған Гао-Кюе қорғанын б.э. дейінгі 128 жылы Қытай әскері жаулап алды. Содан кейін қытайлардың иелігінде қалды... Хундардың ұлы ордаларының бірі - Қоян (Дом Хояна), кейінірек хун ордасы ыдырағанда Сюйби деген атпен сәнбилерге мұра болып қалды.

Хундардың арасында көп уақыт жүрген және Арал теңізіне дейін барып қайтқан қытай елшілері Чжан Кян мен Ган-Иннің баяндауынша, Хун ұлыстарында қалалар өте көп болған. Олар Шығыс

Түркстанда, Жоңғария, Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань тауларында, Жетісуда, Сырдарияда, Арал теңізінің жағасында көп кездеседі. Сондай қалалардың көп жері Хатар – Дария, Тарим өзенінің бойы, Лобнор, Құмыл, Турфан, Қашғар өлкесі, теріскей күншығыс Тянь-Шань тауларының ойпаттары... Құмыл өлкесіндегі б.э. үш ғасыр бұрын жасаған ескі қаланың бірі – “Нәжіхан”, қытай тілінде И-Чжеу «Жеухан». Сол Нәжіхан қаласының батыс жағында тұрған “Юн-жун”, ескі қала «Лун» (қазақша «Ұлу»), кейін сәнбилердің астанасы болды. Онда әдемі сарайлар мен әсем ғимараттар көп болған [9].

Хундардың Турфан өлкесінде Гао-Чан (Қаңқалы) деген қаласы болды. Жалпы бұл өлкеде жиырмадан астам қалалар болды... Орталық қаласы Жоха-Хота, оған жақын жерде ескі астана Қарахожа, Лукчак, Пичан қалары болған.

Қарашар (Янки) қаласы Лобнор көлінен 200 ли теріскейде, Тарим өзенінің жағасында орналасқан. Оның теріскей Шығысында 190 ли жерде орналасқан ескі қала «Чаған-Түнге», екінші қала Халғаман (Қалқаман) тау ішіндегі қыстақ Қарашардың күнгей батысында 90 ли жерде орналасқан.

Қарашар өлкесіндегі хундардың ескі қаласының бірі – Улунтай (Лунтай), Қарашардың батысында 350 км жерде. Осы қаланы б.э.д. 103 жылы Қытай әскері қиратқан еді.

Сол өлкедегі хундардың ескі қалаларының бірі – Ғұма қаласы болатын. Ол ұлыстың орталығы еді. Ғұманың елі темір өндіріп, жез қорытқан және мәдениеті қарыштап дамыған ел еді. Оған көрші тұрған үлкен қала Ақсу, үйсіндердің астанасы Чигудің күнгей жағында 300 км жерде орналасқан. Ақсудан 100 км жерде күнгей батыста Үш-Тұрпан қаласы болды.

Жоңғария өлкесіндегі хундардың әсем қалалардың бірі Аньши (Аңшы), Тарбағатай жағында орналасқан, оның күнгейінде Гян-Ин қаласы, ал Угу қаласы Ертіс жағасында еді. Осы өлкедегі хундардың орталық қаласы – Гин-Ман (Орда) болса, онымен қатар Дан-Қуан қаласы қазіргі Үрімші қаласының батысында орналасқан еді. Сол жердегі атақты тау Қара-Маңлай, онда Уто деген белгілі бір қала болды... Осы айтылған қалалардағы үйлер мен ғимараттар тек тастан салынған еді. Тарбағатай тауының теріскей бетінде «Арқан Керген» деп аталатын, яғни тастан құрылған мұнаралар (діңгектер) болған. Бұл мұнаралардың аты бүтіндей сол қалпында қазақ елінің есінде сақталған [10] – дейді Ә.Х. Марғұлан. Сол сияқты Әлекең Н.А. Абрамовтың жазуынша Тарбағатай тауымен Сақсан өзенінің бас жағында ерте заманда тастан салынған қалалардың ірге тасы

сақталғанын айтады. Онда арасын таспен керген екі қамалдың орны жатыр. Арасы 25 шақырым. Қазақтар оны «Керген тас» деп атайды. Бір қорғанның ұзындығы 8 шақырымға созылады [11].

Хундар мен үйсіндердің тұрмыс салты және қала мәдениеті өте ұқсас болған. Олар сонша ғасырлар мекендеген ұлыстар Жетісу, Тарбағатай, Алтай-Пазырық, Қотанды, Шибө, Нойн-ұлы (Монғолия) және басқа жерлерде солардың өскелең қала мәдениетінің өшпес іздері қалды. Осынау қарыштап дамыған мәдениет ошақтарын б.э.д. 36 жылға дейін Қытай әскері талқандап қиратқан еді...

Бабаларымыз хундардың аса мәдениетті ел болғанын олардың сауда ісін дамытқанынан-ақ көруге болады. Қала мәдениеті дамыған жерде сауда ісі қарыштап дамитыны белгілі. Сол бабаларымыздың асқаралы жұмыстарының бірі Шығыс пен Батыс арасында отырған елдерде сауда ісін күшейту болған. Ол үшін үлкен керуен жолдарын жасаған. Қазіргі «Жібек-Жолы» деп жүрген үлкен сауда жолының дамуы түгелдей хундардың атына байланысты. Бұл мәселе хун империясының ең күшейген тұсы Мөде (б.э.д.209-177) заманында аса биік сатыға жеткен еді. Оның баласы Лао-Шан б.э.д. 177 жылы Каспий теңізіне дейін барып қайтты.

Орта Азия мен Қазақстандағы хундардың мәдени орталығы болған жерлер Жетісу, Іле, Шу, Талас өзендерінің бойы және Сыр бойы мен Арал теңізі өңірі. Әсіресе Талас қаласы олардың өте үлкен мәдени орталығы болды. Ал, үйсіндердің көп уақыт мәдени орталығы болған Іле өзені бойындағы Чигу қаласы еді... Хундардың және бір үлкен астанасы Шу өзені бойындағы үлкен Шу қаласы еді. Қытайдың атақты тарихшысы Сыма Цянь деректерінде: «...Шу бір үлкен мемлекет. Күнбатыста Қытайдан көп алыс жерде орналасқан, айналасы шөлейт дала. Онда тұрушылар өзінің әдеті, заңы бойынша мал өсіретін хундар...»[12] – деп жазған болатын.

Шу өзені бойында Александр Македонский (б.э.д. 356-323) заманында үлкен Шу қаласы тұрғанын М.Қашғари да жазады: «Ескендір Зұлқарнайн кезінен бұрын жасалған ескі қала – Шу. Оны салдырған Шу деген ел басқарушысы». Бұл сөздің құрылысына мән берген ғалым В.В.Радлов: “Древнейшая крепость Шу, построенная владетелем Шу, как бы современником Александра Македонского. Крепость существовала в такие время, когда городов Сайрама, Таласа и Баласагуна еще не было. У казахов вместе звука Ч заменился звук ш и река Чу называется Шу. Очень вероятно, такое же произношение было у тех тюрок, которое жили на берегах Чу”- деп жазған болатын... Ертедегі Шу қаласының тарихына үйсін, хун және қаңлы тайпаларының

тікелей қатысы бар, олар Қазақстан жерінде ескі заманнан бері қала мәдениетін жасаған ұлыстар [13] –деп көрсетеді Ә.Х.Марғұлан.

Хундардың жубан(губан) тайпасы үстемдік құрған жерлердегі қалалардың қалдығы Талас өзені бойында көп кездеседі. Соның бірі атақты Түймекент қаласы. Бұл сонау хун дәуірінен қалған ескі қаланың бірі, қазіргі Тараз қаласынан 45 км. теріскей шығыста. Оған жақын жерде Тас-Ақыр сарайы бар.

Түймекент қаласының сыртын берік қамалмен бекітіп, оның сыртын тағы да терең ормен қоршап, сумен толтырып қоятын болған. Қамалдың мықты қабырғасын күйдірмеген, ені 45 сантиметр жалпақ кірпіштермен қалап шығарған. Іргесіне мықты тас төсеген. Қаланың диаметрі жарты км шамасында, қорғанның осы күнгі сақталған биіктігі 20 дан 35 метрге дейін жетеді.

Түймекент қаласын қорғайтын төрт қабырғасы тегісімен биік мұнаралармен тізбектелген. Әрбір қабырғасының өзінде жеті биік бағана бар. Ең керемет екі бағана(фортификация) қаланың кіре беріс аузына құрылған. Бұл қаланың ерекшелігі – мал өсіретін және егін егетін жартылай көшпелі елден қалған мұра екендігінде...

Сондай-ақ Түймекент қаласының архитектурасы, мөлшері тегісімен Сыр бойында тұрған Жетіасар қалаларының құрылысымен бірдей... Кірпіштерінің көлемі (40x30x9) де, формасы да бірдей... Осынау хундардың қала мәдениетінің ерекше үлгісі болған Жетіасар қалаларының комплексі Сырдарияның сол жағында, Жусалы қаласының тұсында 30 км. жерде басталады. Осынау комплексте үш үлкен қаланың және 17 қамал мен сарайлардың қалдығы сақталған [14].

«Түймекент қаласы Тас-Ақыр сарайына жақын жерде тұрғызылған. Демек, бұл Тас-Ақырдың өзін жасаған хун тайпасы жубандар. Оның бітпей қалуы б.э.д.36 жылы қытай әскері Талас қаласына шабуыл жасап, хундардың патшасы Чжичжені (Шижи) өлтіріп кетуімен байланысты» екенін көрсетеді Ә.Х.Марғұлан [15].

Тас-Ақырға көршілес Қызыл -Қайнар қамалының орны Тараздан 25 км жерде жатыр. Осы қамалдардың бәрі Қытайға қарсы құрылған қорғандар. Оның кірпіштен жасалған керемет қабырғаларының мықтылығы соншалық, қалыңдығы 3,15 метр, сақталған биіктігі бір жарым метр. Бір қабырғаның өзінде 20-дай оқ ататын тесіктер болған.

Қорған қабырғасына қойылған 50 жастағы бір адамның қабірі табылған. Осы батыр кісі б.э.д.36 жылы Қытай әскерімен соғыста қаза болған болуы керек, басында қанжардың ұшы тиген тесік қалған.

Ол кісімен бірге хун өнерінің үлкен өнері болған болуы керек, мойнына сүйектен жасалған сыбызғы асынған адамның мәйіті табылған.

Сыбызғының бір беті шығыңқы, бір беті қуыс, ортасында үлкенірек тесігі бар, онымен қатар

Екі жағында екі кішірек тесігі бар. Формасы Болат Сарыбаев архивінде тұрған сыбызғылармен бірдей (Академия музейінде). Екіншісі - әдемі өрнектелген белдік, киімді әдемілеп өрнектейтін алтын алқа, алтын аттың мүсіні, алтын жаға(мойнында жатқан). Бұлардың барлығында үш бұрышты не тік тартқан алтын бұршақтармен көмкерген, кейбіреулеріне асыл тастар таққан. Ең қызықтыларының бірі – хундардың ұзын селебесі (74 см), қанжары, тағы басқалар... – деп Ә.Х.Марғұлан археологиялық табылған бұйымдарды көрсетеді.

Хундардың Қазақстандағы екінші бір мәдениет орталығы Арал теңізінің жағасы. Сол бір шұрайлы жерлерді ескі дәуірден қоныстаған хун тайпалары Абдал(эфталит), Кердары(Кердері), Дай(Адай), жұбандар деп қазақ руларындағы хун ұрпақтарын көрсеткен [16].

Әлекең одан ары қарай хундардың мындаған жылдар бойы кең байтақ сахараны қоныстап, өздерінен көп ұрпақ, бай мәдениет қалдырғанын айтады. Олардан ұрпақ болып қалған елдер: үйсіндер, қаңлылар, оғыздар, қыпшақтар, арғындар, қоңырат қияттар, наймандар, керейлер, уақ-үнгіттер, латтар Олар мирас етіп қалдырған қалалар Сыр бойында, Жетісуда, Батыс Қазақстанда, Маңғыстауда өте көп. Олардың ішіндегі ең ірілері Сайрам, Сүткент, Отырар, Түркстан, Сауран, Сығанақ, Қауған-Ата, Артық-Ата, Баршынкент Жент, Оғыз-Дабан, Хорасан-Ата, тағы одан басқа Сыр бойы мен Қаратауда толып жатқан өзге қалалардың үйінділері(Субанкент, Ягакент, Баба-Ата, Құмкент, Кенжек) тағы басқалар...

Жетісуда болған атақты қалалар Шу, Баласағұн, Талас, Барсхан, Атлах, Шелжі, Шегіл, Құлан, Мерке, Аспара, Ілебалық, Құяш, Екі-Оғыз, Қаялық, Кіші-Талас, Талхиз(Талғар) ж.б. Осы аталған қалалардың бәрі бір кезде хундардың белгілі мәдени ошақтары еді... [17].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы, 1985. – 30 б.
2. Акишев К.А. Зимовки-поселения и жилища древних усуней. – А., 1969., Акишев К.А. О возникновении оседлости и земледелия у древних усуней Семиречья. – А., 1970.
3. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – А., 1998.

4. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген шығарма. – 32 б.
5. Сонда...
6. Бичурин Н.Я. Көр.шығ.
7. Сонда.
8. Бичурин Н.Я. I-том. – 43-бет., III-том. –37 б.
9. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген шығ. – 34 б
10. Сонда... – 35 б.
11. Абрамов Н.А. Река Иртыш. Архив Геогр.общ. разряд 69.оп.1. дело 1.
12. Сымя Цянь. Избранные. М.1956. – 124 б.
13. Марғұлан Ә.Х. Көрсетілген шығ. – 39 б.
14. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М., 1948. – 125-136 бб.
15. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы, 1985. – 39-40 бб.
16. Сонда. – 41 б.
17. Көмеков Б.Е.Өтениязов С.К. Ә.Х.Марғұлан зерттеулеріндегі хундардың қала мәдениеті // Мәдени мұра: Қазақтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдары. Қошқарата конференциясының материалдары /2005 жылғы 26-27 мамыр/. – А., 2005. – 122-131 бб.

Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдар: құрылуының басты кезеңдері мен дамуы

Зәуреш САҚТАҒАНОВА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Динара ОСПАНОВА,
Е.Букетов атындағы
ҚарМУ-дың докторанты

Казіргі заманғы әлемдік дамудың басты тенденцияларының бірі қоғамдық үрдістердегі үкіметтік емес сектордың рөлін нығайту болып табылады. Бұл заманауи мемлекеттің функционалдық салада белгілі бір сығылуларға тап болуымен қатар (кейбір дәстүрлі функцияларды азаматтық секторға беруі мен олардың жаңа функцияларды өз қолдарына алуы есебінен) үкіметтік емес ұйымдардың биліктегі мемлекеттік органдарға қатысты ықпалы мен өзіндігінен де көрінеді.

Мемлекеттің демократиялық құрылымының басты шарттарының бірі ретінде ондағы өз құқығы, қызығушылығы, еркіндігі, сөз еркіндігі мен мақсаты бойынша азаматтық белсенділікті жүзеге асыратын азаматтық қоғам мен оның институттарының бар болуы есепке алынады.

25 шілде 2006 жылы бекітілген ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның дамуы туралы Концепция бойынша ол функциялардың орындалуы «саяси партиялардың, жергілікті қоғамдастықтардың, діни бірлестіктердің, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми кеңестердің, жалпы ақпарат тарату құралдарының, сонымен қатар қоғам үшін кең спектрлі қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың, әртүрлі

қызмет көрсететін мемлекеттік емес қорлардың, коммерциялық емес ұйымдардың, заңды тұлғалар кеңесінің (ассоциация), қоғам үшін пайдалы міндеттерді шешу мақсатындағы басқа да белменді топтар мен ұйымдардың» дәрегейіне жатады [1].

Азаматтық қоғам құру идеясы тұтас әлемде демократиялық қайта құру стратегиясының басты бағыттарының бірі болып табылады. «Үкіметтік емес ұйым» ұғымы алғаш рет заң түрінде «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 2005 жылы бекітілді [2].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінің өзінде Қазақстанда демократиялық мемлекет құрудың негізгі принциптері құрылғандығын атап өту керек және де азаматтық қоғам құру идеясы қайта құрудың мемлекеттік концепциясында басым бағыттардың бірі болды.

Қазақстанда азаматтық қоғамның негізін қалаушы принциптер идеологиялық және саяси көпүлгілілікті мойындау, мемлекеттік және қоғамдық институттардың бөлінуі болды. Дамыған демократиялық мемлекеттерден айырмашылық сол, Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам дамуында тек бастапқы кезеңді бастан өткерді, сондықтан да Қазақстанда әлі де бекіген демократиялық дәстүрлер мен азаматтық қоғамның дамыған институттары жоқ. Алайда бүгінгі күні егемендік жылдарында республикамызда азаматтық қоғам құруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді деп айтуға болады.

Демократиялық алмасулардың жарқын көріністерінің бірі елдің үкіметтік емес ұйымдардың жылдам өсуіне ықпал еткен азаматтарын белсендіру болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдардың маңызды функцияларының бірі қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына бағытталған қызметі болып табылады. Жалпылай айтқанда, үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік қабаттардың қызығушылықтарын өздері арқылы өткізеді және де мемлекетті өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыттайды. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі мемлекет пен қоғамның демократиялық қабатын кеңейтуге, билік функцияларын жүзеге асыру әдістерін демократизациялауға және де оның әрекеттеріне бақылау жасауға көмектеседі. Қазақстанның азаматтық секторының «жасы» шамамен жиырма жасты құрайды, үкіметтік емес ұйымдардың сандық және сапалық өсуі орын алған мезетте донорлық агенттіктер белсенді түрде жұмыс жасады, заңдық база құрылды және т.б. Осылайша үкіметтік емес сектордың қалыптасуы қазақстан мемлекетінің өз қалыптасуындағы жаңа тарихымен, Қазақстанның

демократиялық, құқықтық, нарықтық экономикасы бар әлеуметтік мемлекет ретінде даму кезеңімен тұспа тұс келеді.

Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары өзінің қалыптасу жолында бірнеше кезеңдерден өтті, өз қызметі саласымен қатар жалпы алғандағы азаматтық қоғамды дамыту саласында да белгілі бір тәжірибе жинақтады. Бірнеше конференциялар, тренингтер, семинарлар өткізілді және де кітапшалар, журналдар мен кітаптар басылып шығарылды.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың даму тарихында азаматтық қоғамның аталған секторының дамуы бойынша бірнеше ірі кезеңдерді ерекшелеуге болады:

Қалыптасу кезеңі (1980-жылдар соңы – 1994 жж.). Бұл үрдістің басталуын көп жағдайда «Невада Семей» қозғалысы, алғашқы құқық қорғау ұйымдары мен мекемелері, әйелдер қоғамдастығы және т.б. қызметінің құрылуы және басталуымен байланыстырады. Сол аралықша шамамен 500 үкіметтік емес ұйымдар құрылған және олардың басым бөлігі құқыққорғау бағытындағы ұйымдар болды.

Бұл кезең үшін жекелеп алғанда басты сипат үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттің белсенді түрдегі позитивті әрекеттестігінің шамалылығы болды; үкіметтік емес ұйымдар өз алдына мемлекет пен жеке компаниялардың қолдауына сүйенді. Сонымен қатар бұл кезеңді былай сипаттауға болады: көпқырлы бірмезеттік міндеттерді шешу, күш пен ресурстың шашыраңқылығы, шараларды өткізудегі кәсіби еместік деңгейі, дайындаған мамандардың болмауы, романтизмнің рухы және көшбасшылықтың жоғары ділгірлігі, мақсаттық топтардың басты ойды және үкіметтік емес ұйымдар өткізетін шаралардың мақсатын түсінуі.

Сапалық және сандық өсу кезеңі (1995 – 1997 жж.). Үкіметтік емес ұйымдар саны 1600 дейін артты [2], ең алдымен грант жүйесі арқылы халықаралық қорлардың үкіметтік емес ұйымдар қызметі түрлерін қаржылай жаппай қолдау есебінен дифференциация болды. Сарапшылар бұл кезеңге үкіметтік емес ұйымдардың мамандар потенциалы мен кәсіби деңгейінің артуы да, алғашқы «жалған үкіметтік емес ұйымдар» пайда болуы, гранттар үйлестірумен байланысты үкіметтік емес ұйымдардың жобалық қызметінің дамуы жатады деп атап көрсетеді, сонымен қатар өздерінің қызметтестері арасынан грант иегерлерінің кетуі де байқалады (бұл мүшелік мекемелерге, қоғамдық бірлестіктерге қатысты орын алды). Бағытталған қызметтің мамандануы басталды және бағыттық үкіметтік емес ұйымдар арасында бәсеке ушықты [3].

Үшінші кезең – мемлекет тарапынан үкіметтік емес ұйымдарды мойындау және де олар арасындағы сапалық өзгерістер (1998 ж. – бүгінгі күнге дейін). Әріптестік ойлардың дамуы, мемлекеттік органдар мен мекемелермен әріптестік құру, жалпы сипаттағы мәселелерді шешуге бағытталған (заңды жетілдіру, белгілі бір саладағы жағдайды өзгерту, т.б.) үкіметтік емес ұйымдар мен басым бағыттағы белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталған мақсаттық тобы (мақсаттық саласы) бар үкіметтік емес ұйымдар арасындағы бөліну байқалады. Грант беруші шарттарына байланысты қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру амалдары мен бастамалары байқалады. Гранттық бағдарламалардың қысқаруымен байланысты үкіметтік емес ұйымдар (әсіресе аймақтық) белсенділігінің құлдырау тенденциясы нақты байқалады. Бұл қысқартулар шындығында тек 2005 жылдан басталады – белгілі бір дәрежеде әлеуметтік тапсырыстарды мемлекеттің қолдау механизмі реттелді.

Тағыда бір жетістік – үкіметтік емес ұйымдардың лоббисттік қызметінің кәсіби шыңдалуы. 2000 жылдың басынан бастап ұлттық желілік ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар кеңесі мен ассоциацияларын құру тенденциясы байқалады. Үкіметтік емес ұйымдар саны 2001 жыл соңынан бастап (аталған сектордың тіркелген ұйымдарының саны 1767) 2003 жылға дейін – 5000 болды, олардың 2000 ұйымы белсенді түрде жұмыс істейді [4].

Сектордың барлық дерлік көшбасшы ұйымдары әртүрлі академиялық мекемелер арқылы және де тікелей оқыту арқылы жүзеге асырылатын қызметтің оқыту маңыздылығын мойындайды. Респонденттердің 89% бөлігі академиялық және білім беру мекемелерімен (жоғары оқу орындарымен, мектептермен, зерттеу институттарымен, ғылыми орталықтармен және т.б.) өзара әріптестік орнатқан, тең дерлік дәрежеде оқыту түрі орын алады: оқыту (24%), теориялық және әдістемелік дайындаулар (30%), зерттеулер мен эксперименттер жүргізу (23%).

Жоғары оқу орындарында үкіметтік емес ұйымдардың қызметін тікелей зерттеуге қатысты пәндерді 32% мекеме қызметкерлері жүргізеді. Бұл жағдайда оқыту студенттерге жекелеген дәріс беру, семинарлар жүргізумен қатар білім Министрлігі мақұлдаған оқу бағдарламаларын дайындауды қамтиды. Осындай қызметті жүзеге асыра және де концептуалды ғылыми қатынасты қолдана отыра үкіметтік емес ұйымдардың секторлары өз кәсіби біліктілігін жетілдіре отыра жас буын мен тұрғындардың басқа да топтары

арасында азаматтық қоғам туралы білім мен оған деген қатынасты қалыптастырады [4].

Соңғы 4-5 жылда мемлекет тарапынан мемлекеттік ұйымдармен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы әріптестік механизмін дамытуға бағытталған айтарлықтай үлкен қадамдар жасалды. Ең алдымен үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет арасындағы жалпыұлттық қарым қатынас аумағының рөлін Азаматтық форум атқарады. Кейбір зерттеулерге сәйкес сауалнама жүргізілген 58% респондент ұйымдардың жетекшілері және\немесе қызметкері не бір немесе екі форумға да қатысқан. Бүгінгі күні Азаматтық форум механизмі қатысушылыққа «үшінші сектор» ұйымдарын көбірек тартатындығы туралы қорытынды жасауға болады. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 – 2011 жж арналған Концепциясына сәйкес мемлекеттік ұйымдар мен азаматтық қоғам институттарының әріптестігінің келесі механизмдері мен әрекеттерін ерекшелеп атауға болады:

- парламенттер мен мәслихаттар жанына құрылған арнайы комитеттер;
- әріптестіктің салалық жүйесі (қандайда бір сала аясында әлеуметтік тұрғыда маңызды мәселелерді шешу үрдісіндегі әріптестік, мысалы: үкіметтік емес ұйымдар, ауылшаруашылығы Министрлігі қатысуымен суды қолдану жобалары және т.б.);
- үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қоғам мен мемлекеттің әріптестігіне жаңа механизмдер жасауға қатысуы;
- әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік билік органдары қызметіне қоғамның бақылау жасауына қатысты механизмді жасауға қатысу;
- қоғам алдында жарияланған түрде билік құрылымының есеп беру модельдері механизмін жасау;
- мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына қоғамның бақылау жасауын тікелей жүзеге асыру және т.б.

Әртүрлі мәселелерді талқыға салуда «дөңгелеу стол» мемлекет тарапынан ең тиімді қолданыстағы әдіс болып табылады.

Жалпы алғанда респонденттердің 48% бөлігі мемлекеттік құрылымдармен өздерінің қарым қатынасының тәжірибесін оң бағаласа, ал 34% бөлігі орташа деп санаған.

Алайда үкіметтік емес ұйымдардың «үшінші сектор» белсенділері келесі түрдегі жағымсыз тәжірибелерді де атап көрсеткен: үкіметтік емес ұйымдар берген ойлар «мемлекеттік туралы үкіметтік емес ұйымдар» секілді басқалардың орындауына

жіберіледі; жетекшілікпен келісілген шешімдерге төмендеңгейлі бастықтардың шектеуі; мемлекеттік қызметкерлер арасындағы иілгіштік еместік пен бюрократизм; ақпаратпен бөлісуге ықылас танытпаушылық. Ал жалпы алғанда әріптестіктің басты жағымсыз сипаты ретінде асты сызылып белгіленетін жайт ол әкімшілік қорды билік құрылымдарының мәселені шешу нұсқаларын ұсынуда тең емес түрде қолдануы [5].

Үкіметтік емес ұйым–секторының құрылу тарихы мен оның мемлекетпен қарым қатынасынан бастасақ, онда шамамен 2000 жылға дейін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мемлекетті тұрғындардың қажетін аз түсінетін, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруы тиімсіз, үкіметтік емес ұйымдарды ұйымдастыруымен оларға беретін қаржылай көмегі шамалы қуатты бюрократиялық құрылым ретінде қарастырды.

Өз кезегінде мемлекет азаматтық сектор ұйымдарына жеткілікті көңіл аудармады. 2001 жылдан бастап жағдай біртіндеп өзгере бастады, және де жоғарыда аталып өткендей мемлекет «үшінші сектормен» жалпы алғанда үкіметтік емес ұйымдармен әріптестікке бағытталған заң мен концепция дайындау әрі қабылдау түрінде бірнеше маңызды қадамдар жасады [6].

Қазіргі уақытта азаматтық сектор ұйымдарымен мемлекеттік құрылымдар арасында өзара ықпалдастық пен белсенді қарым қатынас орын алып отыр. Бұл көп жағдайда келесі түрлерде жүзеге асырылады: заңдардың жобалары мен мемлекеттік, салалық, аймақтық бағдарламалар құру бойынша жұмыс топтары құрылады және әрекет етеді; Парламент және әкімшіліктер жанынан ұйымдастыру кеңестері құрылып қызмет етеді; «дөңгелек столдар» арқылы мәселелерді талқылау жүргізіледі; мемлекеттік құжаттарға түзетулер, енгізулер, ескертулер мен толықтырулар құрастыру кезінде «үшінші сектор» тәжірибесі белсенді қолданылады; мемлекеттік, аймақтық және жергілікті әлеуметтік, экономикалық және басқа да бағдарламаларға зерттеулер, талдаулар, мониторинг және бағалау жолдары арқылы бақылау жүзеге асырылады; мемлекеттік билік ұйымдары жанынан қоғамдық кеңестер құру, қоғамдық тыңдауларды өткізу және т.б.күнделікті шаруаға айналды. Жоғарыда мәліметтері келтірілген зерттеулердің басым бөлігі қалалық үкіметтік емес ұйымдарға қатысты болғандығын айта кету керек. Ауылдық елді мекендердегі үкіметтік емес ұйымдар туралы айтар болсақ, ол жерлерде өзіндік, кей жағдайларда жекелеленген параметрлер бойынша бөлек суреттеме орын алады. «Ауылдық

елді мекендердегі үкіметтік емес ұйымдардың өзіндік ерекшелігі ол ауылдық қоғамға тән жергілікті мәселелер басымдылығы болып табылады. Мысалы, мәселенің жоғары деңгейін ауылдық елді мекендердің әлеуметтік экономикалық дамуы жайындағы мәселелер тудырады. Ауылдық елді мекендердегі азаматтық қоғамның дамуымен байланысты мәселелер басымдылығы бойынша келесі орында тұр» [7].

Зерттеу нәтижелері ауылдық елді мекендердегі үкіметтік емес ұйымдардың институционалдық дамуындағы бірнеше ерекшеліктерді ұлттық және аймақтық деңгейде анықтауға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні Қазақстанның ауылдық елді мекендеріндегі үкіметтік емес ұйымдардың жартысынан көбін (53,8%) мамандар саны үш адамнан аспайтын шағын ұйымдар құрайды. Шамамен 4-10 адамнан тұратын шамасы бойынша орташа ұйымдар жалпы ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың 26,8% бөлігі болса, үлкендері (10 адамнан артық) 19,2% көрсеткішті береді.

Қазақстандық ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың ең кең тараған түрі қоғамдық бірлестіктер мен ассоциациялар болып табылады (65,3%), олардың ұйымдастырушылық тұрақтылығы біршама деңгейде олардың мүшелік базасының жағдайынан тәуелді. Мүшелер саны он адамға дейін болатын ауылдық қоғамдық бірлестіктер осы типтес ұйымдардың жалпы санының 26,4% бөлігін құрайды, елуге дейінгі мүшелері бар ұйымдар 32,3 %, елу мен жүзден жоғары мүшелері бар ұйымдар 41,1%. Осындай жалпы ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың ең үлкен қатынасы оңтүстік аймаққа тән (39,1%), оған негіз бұл аймақтарда Қазақстан бойынша ауылдық тұрғындардың ең үлкен бөлігінің орналасуы (2004 ж. басында 60%), сонымен қатар еліміз бойынша өмір сүру деңгейінің барынша төмен көрсеткіштердің болуы».

Жумабеков Н. атап көрсеткендей «ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың жартысының (50,9%) материалдық қоры мен қаржыландырылуы қанағатанарлықсыз деңгейде. Ауылдық үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттің қолдауы туралы айтатын болсақ, онда мысалы Н.Жумабеков жағдайды тамаша айқындаған, ол «зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей азаматтық қоғамды дамытуға салып жатқан мемлекеттің соңғы жылдардағы барынша үлкен назарына қарамастан ауылдық үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік бағдарламалардың қамту дәрежесі барынша төмен деңгейде» деп жазды» [7]. Ауылдық үкіметтік емес ұйымдарда ауылдық тұрғындардың азаматтық белсенділігінің артуына ықпал

етегін жаңа әлеуметтік технологияларды оқытуға деген қажеттілік өте өткір мәселе болып отыр. Ауылдық елді мекен дәрежесін қазақстандық азаматтық қоғамды тұрақты дамытудағы басты компонент ретінде қайта түлету үшін мемлекеттік, халықаралық институттар мен жергілікті қоғамдастықтың біріккен интеграциясы қажет.

Жекелеген сарапшылар пікірі бойынша, арнайы жарияланған алты мың үкіметтік емес ұйымдар деген санға қарамастан олардың нақты жұмыс жүргізушілерінің саны мыңнан артық емес, және тек 150-200 ғана барынша тұрақты үкіметтік емес ұйымдар болып табылады, олар біруақытта үш төрт жобаны алып жүреді, қызметкерлерінің саны мен ұйымдық құрылымы тұрақты. Ол үкіметтік емес ұйымдар тек нақты және мақсатты миссияларды, сапалы жобалар мен басқару дағдысын жүргізіп қана қоймай, сонымен қатар сараптаманың, мониторинг пен бағалаудың жоғары деңгейін көрсетеді. Кейбір ұйымдардың кәсібилілік деңгейі оларға бүгінде ұлттық сараптама ретінде жұмыс жүргізуге және ірі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда халықаралық ұйымдармен әріптес болуға мүмкіндік беруде. Нақты сол ұйымдар біріккен күштері арқылы заңдық және атқарушы билікте өз қызығушылықтарын таныту мен қорғау мақсатында коалиция мен ассоциацияға біріге бастады. Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың тағыда бір сипаты ол барынша күшті және озат жылжыған ұйымдар ол негізінен ұлттық масштабтағы үкіметтік емес ұйымдардың болуы, олар барынша үлкен міндеттермен мақсаттарды жариялайды. Жергілікті деңгейде жұмыс істейтін барынша кіші ұйымдардың бар болуы үкіметтік емес сектордың дамуында маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Демократиялық мәдениеттің, азаматтық белсенділіктің дамуы ең алдымен Республикамыздың шағын қалаларының ауылдық елді мекендерінде қажет, ол жерлерде мәні бойынша құрылымның бастапқы кезеңінде орын алады.

Үкіметтік емес сектордың даму перспективасы қабылданған бірнеше заң актілерімен және де демократиялық үрдістерді нақты дамытуға бағытталған жобаларды тәжірибеде жүзеге асырумен тікелей байланысты. Қазақстандық «үшінші сектордың» ерекшелігі үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік бағыттағы айтарлықтай басымдығы болып табылады, ол 1990-жылдардағы экономикалық қайта құрулар кезінде мемлекеттің саясаттың екінші орынында болған әлеуметтік тақырыптың көкейкестілігін дәлелдейді.

Бұрынғы кеңес үкіметінің әскери және шаруашылық қызметінен мұралыққа қалған ауқымды экологиялық мәселелер, сонымен қатар

соңғы уақытта туындаған жаңа техногендік қауіптер көптеген үкіметтік емес ұйымдардың туындауына алып келді. Отандық үкіметтік емес ұйымдардың арасында басым үлесті әлі де дағдарысты басынан өткізіп жатқан денсаулықсақтау, мәдениет, өнер, ғылым мен білім мәселесімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар құрайды.

Азаматтардың құқықтық қорғалуының жеткіліксіздігі мен соттық құқықтық жүйенің жетілмегендігі Қазақстанда салыстырмалы түрде алғанда құқыққорғау ұйымдарының кең түрде белең алуын туғызды. Кәсіпкерлік қызығушылықты қорғау түрі көптеген бизнес-ассоциациялар мен кеңестер болып табылады.

Осы бағытта бірмезетте дамуы шамалы сегмент саяси үкіметтік емес ұйымдар сегменті болып табылады, ол дегеніміз бұл түрдің тұрғындар арасында аз сұраныста екендігін білдіреді. Экономикалық жандандырудың болмауы себепті қайырымдылық және жебеушілік ұйымдар да барынша аз.

Осылайша, қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың дамуы ішкі саясат саласында олардың шешімінен кейінгі уақытқа дейін мемлекет қандайда бір себептермен өздігінен шектетіліп келген мәселелердің бар болуы фактісін бейнелейді. Сондықтан да үкіметтік емес ұйымдардың басым көпшілігінің қызметі қоғамның өздігінен күн көруіне бағытталған болуы таңқаларлық емес, ал қаржыландырулар негізінен шетелдік гранттар есебінен болды.

Қаржыландыру көздерінің жеткіліксіздігі отандық үкіметтік емес ұйымдар санының артуына да ықпал етті. Бұл орайдағы үкіметтік емес ұйымдар саны бойынша артта қалушылық тұрғындардың әрбіріне алғанда тек Батыс [8], Шығыс Еуропа елдерімен салыстырғанда артта емес, сонымен қатар кейбір ТМД елдерінен де артта болды (Ресей, Украина, Грузия, Әзербайджан, Армения, Қырғызстан).

Одан өзге үкіметтік емес ұйымдардың сапалық жағдайы да түбегейлі өзгере бастады. Үкіметтік емес ұйымдармен әріптестік орнату мәселесіне мемлекеттің басым назар аударуына, әлеуметтік маңыздылығы бар жобаларды мемлекеттің ауқымды түрде қаржыландыра бастауы байланысты үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік тұрақтылық пен азаматтық қызығушылықты алға тартушы функциясын атқаратын қоғамдық құрылым сипатына барынша ие бола бастады.

Бұл тенденция қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың даму деңгейінің басым параметрлері халықаралық стандартқа жақындап келе жатқандығын білдіреді. Сонымен қатар үкіметтік емес

ұйымдарға тән кемшіліктерді де атап өту қажет. Олардың арасында барынша маңыздылары: белсенділіктің төмендігі (барлық 6000 үкіметтік емес ұйымдардың тек 2000 ғана белсенді түрде жұмыс атқарады [9]), қаржы легінің ашық болмауы, тұрғындардың аз қамтылуы, ақпараттың жабық болуы, мықты патерналистік көңіл күйі.

Осыларға қоса Қазақстанда үкіметтік емес сектордың дамуы бірнеше мәселелерге ұшыраған. Үкіметтік емес ұйымдар арасындағы сарапшылар көзқарасы бойынша олардың қатарына келесілер жатады:

1. қоғам мен мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдар рөлін түсінбеуі;
2. мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ақпарат алмасудың әлсіздігі;
3. үкіметтік емес ұйымдар қызметінің нормативтік-құқықтық базасының жетілмеуі;
4. бизнестің әлсіз әлеуметтік жауапкершілігі;
5. аймақтар бойынша алғанда үкіметтік емес ұйымдардың тең емес түрде дамуы (үкіметтік емес ұйымдардың жартысына делік бөлігі Алматыда орналасқан, ал ауылдық елді мекен деңгейінде олар жоқтың қасы);
6. үкіметтік емес ұйымдар ішіндегі ұйымдастырушылық мәселелері.

Жоғарыда баяндалған мәселелердің субъективті сипатын назарда ұстай отыра жалпы алғанда, ол мәселелерді тиімді шешу кезінде үкіметтік емес ұйымдар секторы болашақта да барынша жоғары динамика көрсете алады. Сәйкесінше, салыстырмалы түрде алғанда үкіметтік емес ұйымдардың жалпылықпен ұйымдастырушылығының дәрежесі, оның ішінде азаматтық қоғамды дамытуды қоса есептегенде, біртіндеп артатын болады.

Сонымен, Қазақстандағы азаматтық қоғамның даму перспективасы ең алдымен осы үрдістің негізделген себептерімен анықталады. Азаматтық қоғамның даму қажеттілігінің негізгі себебі төмендегілер бола алады:

- экономиканың нарықтық негіздері мен мемлекеттің жеткілікті дәрежедегі ықпал етушілігі арасында артып келе жатқан қарама қайшылықты жоюға деген объективті қажеттілік;

- қазіргі уақытта бюрократиялық-олигархиялық капиталдың күштеуінен өзгеріске ұшыраған, оның ішінде билік қатынастары саласын қоса есептегендегі, өндіруші күштің заманауи құрылымын жасақтау қажеттілігі;

- ұлттық қауіпсіздікті, саяси және экономикалық тұрақтылықты, әлеуметтік жағдайды жақсартуды қамтамасыз етудің ұзақмерзімдік міндеттері.

Азаматтық қоғам мақсатымен толық сәйкес келетін Қазақстан Респубикасының Конституциясы [10] ең жоғары құндылық деп адамды, оның өмірін, құқығы мен еркіндігін атайды. Елдің негізгі Заңымен азаматтық қоғамның экономикалық негізін беруші жеке меншік институты заңдастырылған. Оған қоса экономикалық тұрақтылықты жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер азаматтарға меншіктің қоғамдық түрлеріне қатысулары арқылы беріледі, мысалы акционер ретінде қатысу.

Азаматтық қоғамның өте маңызды сипаттамасы ол тұрғындардың құқықтық қорғалуы болып табылады. Және де осы бағытта ҚР заңнамасында азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің, оларды қорғау механизмдері жалпы түрде алғанда демократиялық стандарттарға сай кешенімен анықталған. Олардың қатарына өмір сүру құқығы, таңдау құқығы, еңбекті таңдау еркіндігі құқығы, демалу құқығы, тегін орта білім алу құқығы, медициналық қызметке жүгіну құқығы, әлеуметтік қорғалу құқығы, бірігушілік еркіндігі құқығы, пікірін айту еркіндігі құқығы, ар ождан еркіндігі құқығы, ақпарат еркіндігі құқығы және т.б. жатады. Мемлекеттің құқықтық сипаты елдің Ата Заңында бекітілген.

Тағыда бір айтатын жайт ол қалыптасқан азаматтық қоғам ол білімділіктің, саяси мәдениеттің, тұрғындардың құқықтық түсінігі мен әлеуметтік белсенділігінің жоғары деңгейде болуы білдіреді.

Одан басқа маңызды бір жағай ол қоғамның мемлекеттің араласуынсыз немсе қатысуынсыз өзін өзі ұйымдастыруға дайын болуы мен қабілеттілігі. Бұл бағытта Республикамызда азаматтық қоғам партия, қоғамдық бірлестік, кәсіби және шығармашылық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, діни және ұлттық-мәдени ұйымдар секілді институционалдық түрде берілген. Ең соңында, азаматтық қоғамның бар болуының басты шарттарының бірі ол БАҚ арқылы қамтамасыз етілетін біржақтылық.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың дамуына позитивті, негативті түрде бірнеше объективті және субъективті факторлар әсер етеді.

Позитивті факторлар деп келесі факторларды атауға болады:

- жалпының өзін өзі тануы мен саяси белсенділігі;
- ел басшысының либерализация мен демократизацияға деген саяси еркіндігі;

- мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының жалпы ұлттық қызығушылықты қамтамасыз етуге деген біріккен жауапкершілігі;
- азаматтық қоғам қызметін мемлекеттік қолдау;
- мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағытын күшейту;
- Қазақстанның сыртқы ашықтығы.

Үкіметтік емес ұйымдардың дамуына кедергі келтіретін факторлар қатарына жататындар:

Саясат саласында:

үкіметтік емес сектордың дамуы мен қызмет етуі үшін құқықтық базаның жетілмеуі; 2) мемлекеттік саясат саласына ықпал ету мүмкіндігінің шектеулілігі; 3) қоғамдық келісімнің горизонталь емес вертикаль түрі; 4) қоғамдық қатынастардың «терісіне» үкіметтің шамадан артық араласуы, бюрократизм; 5) бюрократтық аппараттың қызығушылығы мен олармен аффинталған қаршылық өнеркәсіптік және сауда капиталының олармен байланысты бекітілген азаматтық бақылау консервациясындағы қызығушылығы.

Экономикалық салады:

1) экономиканың рулық қауым - олигархиялығы сипаты; 2) орта және шағын бизнес дамуының жолындағы кедергілер; 3) азаматтық қоғам институттарының қаржылық базасының әлсіздігі; 4) жеке меншік бойынша соңғы легимитацияның шешілмеген мәселері.

Әлеуметтік салады:

1) әлеуметтік құрылымда орташа класс әлсіз көрсетілген; 2) қоғамның әлеуметтік поляризациясы; 3) қала мен ауыл даму деңгейі арасындағы айырмашылық; 4) тұрғындардың әлеуметтік-саяси (азаматтық) белсенділігінің төмендігі; 5) әлеуметтік-еңбек қатынасы саласындағы мәселелердің шешілмеуі; 6) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің төмендігі.

Идеология саласында:

1) тұрғындардың демократиялық түйсігінің дамымауы; 2) демократиялық құндылықтарға сүйенетін жалпыұлттық идеяның болмауы; 3) рухани және мәдени деградация.

Анықталмаған жоспар факторлары, яғни жалпы жағдайға оң сонымен қатар теріс мағынада да ықпал ете алатындығы, қоғамдық қатынастар мен даму міндеттері құрылымының күрделілігі, оның ішінде жаһандану үрдісі ықпалында құрылымдар; біздің аймаққа деген геэкономикалық және геосаяси қызығушылықтардың артуы.

Көрсетілген мәселелердің басым бөлігін мемлекеттік билік ұйымдары мен азаматтық секторлардың өкілдері барынша жеткілікті түрде түсінеді, қабылдайды. Осыған байланысты Қазақстан Респуб-

бликасында 2006-2011 жылдарға арналған үш кезеңде жүзеге асырылатын азаматтық қоғамды дамыту Концепциясы құрастырылды [11].

Бірінші кезең – 2006 – 2008 жж. Бұл аралықта азаматтық қоғам институттарының дамуы үшін жағымды жағдайлар жасалған. Жекелеп алғанда бұл аралықта азаматтық қоғамның институттарын одан әрі дамытуға бағытталған заң жобалары құрылды; мемлекеттік ұйымдармен және де азаматтық қоғам институттары мен бизнес өкілдерімен әріптестік орнату механизмін бекіту жүзеге асырылды; тұрақты әрекет етуші жүйелердің салалық және аймақтық түрлерінде қоғамдық кеңестер құрылды; заң жобалары, мемлекеттік салалық және аймақтық бағдарламалар және т.б. бойынша жұмыс топтары құрылды. Бұл шаралар қоғамдық ұйымдардың санының артуына алып келді.

Екінші кезең 2009 – 2010 жж аралығына есептелген. Бұл аралықта азаматтық қоғамның сапалы өсуіне қол жеткізіледі. Жекелеп алғанда елімізде еңбек қатынастары саласында қазақстандық жұмыскерлердің құқығын жүзеге асыруды қалыптастыратын әлеуметтік әріптестікті дамыту қарастырылады; қайырымдылық және меценаттық механизмі мен мәдениеті қалыптасады; азаматтардың ұсыныстарын қолдаудың жергілікті қорлары жасақталады; билік ұйымдарының қызметіне және азаматтардың құқығы мен қызығушылығын қорғаумен байланысты қабылданған шешімдерге азаматтық бақылау жасау механизмі бекиді; билік құрылымының қоғам алдындағы беретін есептерінің моделі бекітіледі; жиеленісті сотсыз шешу механизмін енгізу және т.б.

2011 жылдан басталатын үшінші кезеңде «азаматтық қоғам институттарының дамуы жүйелі және қайтарылмайтын сипатқа ие болды» [11], ол қазақстандық қоғам трансформациясының транзиттік кезеңін аяқтауға және де оның демократиялық жұмыс істеу режиміне ауысуына мүмкіндік береді.

Концепцияның кемшіліктері қатарына жататындар: көптеген ережелердің жалпылық және шашыраңқы сипатта болуы; азаматтық қоғамның экономикалық негізінің дамуы бойынша шаралардың болмауы, атап айтқанда жеке меншік.

Осы тенденциялардың талдауларын негізге ала отыра республикамыздағы азаматтық қоғамның құрылуы мемлекеттік дамудың тұрақтылығын қамтамасыз ететіндей қазақстандық қоғамның заманауи экономикалық және саяси қатынастарға өтуіне бағытталған ауысуларды мақсат ететіндігі туралы ойдың объективтілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы жалпы алғанда позитивті динамикаға ие. Оның қалыптасуы мемлекет қызметіндегі «кедейлікті» біртіндеп толықтыру жолымен жүріп келеді, ол азаматтардың қызығушылығын жүзеге асыруда көмек беруді қамтамасыз ету мақсатында өз функцияларының тек бір бөлігін саналы түрде береді.

Сонымен қатар мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттесу форматы азаматтық қоғам құрылымының әлеуметтік бағыттылығын қалыптастыруда мемлекеттің рөлін нығайтуды білдіреді. Екінші бір қырынан биліктің азаматтық қоғам дамуымен байланысты шақырылымдарға уақытылы назар аударуы мен оларды дұрыс есепке алуы оның беделіне және ашықтық барынша ықпал етеді (қоғамдық сенім тұрғысынан алғанда).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөздері бойынша, біртіндеп жүзеге асырылған қайта құрулардың арқасында Қазақстан қазіргі уақытта «дамуды қуып жетуші» елдер қатарынан халықаралық сахнада бәсекелестікке белсене қатысуға дайын «қалыптасқан мемлекет» позициясына өтуде. Үкіметтік емес ұйымдардың дамуы мен қызмет етуіне қатысты мәселелерді шешудің көкейкестілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстанның әлеуметтік модернизациясы: жалпыеңбек қоғамына жиырма қадам» атты Жолдауында Үкіметке 2012 жылдың соңына дейін үкіметтік емес ұйымдармен әріптестікті, аналитикалық қосымшалармен жабдықтауды жоспарлау мен жұмыс істеуді қоса есептегенде әлеуметтік үрдістерді мемлекеттің басқаруы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша тапсырмалар берді.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың дамуы үшін мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың әріптестігінің дамуына жақсы негіз бола алатын бірқатар жағдайлар жасалғандығын атап айтқымыз келеді. Оған қоса кез келген динамикалық түрде дамушы қоғамдағы секілді мемлекет пен «үшінші сектордың» бірігіге отыра күш салып шешуін қажетсінетін бірқатар мәселелер де бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 25 шілде 2006 ж. № 154 «Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның 2006 – 2011 жылдары дамуы Концепциясы туралы» // www.akorda.kz

2. Үкіметтік емес ұйым және мемлекет: әріптестіктің тиімділік курсымен // Қазақстан Республикасындағы мемлекеттің заманауи модернизация мен азаматтық қоғам жағдайындағы қызметі туралы Ұлттық баяндама – Астана, 2006.
3. Франц И. Развитие некоммерческого сектора Казахстана. Бөлім 2 // Даму мақсатындағы Әріптестік Институтының электронды қоры: [http://www.idc.nursat.kz/?uin=1062058991 &lang=rus](http://www.idc.nursat.kz/?uin=1062058991&lang=rus)
4. 2003 – 2005 жылдарға арналған ҚР да үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасы материалдары бойынша.
5. Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттестік потенциалы. Б. 22 – 24
6. Non-Governmental Organizations of Kazakhstan: Past, Present, Future. ByUNDP, P. 11.
7. Жумабеков Н. Сельские неправительственные организации Казахстана: социологический портрет // Саясат. 2005. - № 10. Б. 36 [С. 35-38].
8. Паин Э.А. Общество без традиций перед вызовами современности // Россия в глобальной политике // <http://www.globalaffairs.ru/numbers/32/9767.html>.
9. Үкіметтік емес ұйым және мемлекет: әріптестіктің тиімділік курсымен // Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдардың заманауи модернизация мен азаматтық қоғам жағдайындағы қызметі туралы Ұлттық баяндама – Астана, 2006.
10. Қазақстан Республикасының Конституциясы (ҚР Заңымен енгізілген түзетулермен және толықтырулармен, 7 қазан 1998 ж.). — Алматы: ЖШС «Баспа», 2001.
11. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 25 шілде 2006 ж. № 154 «Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның 2006 – 2011 жылдары дамуы Концепциясы туралы» // www.akorda.kz

Саентология шіркеуінің ұйымдық құрылымы мен дәстүрлі және дәстүрлі емес практикасы

Гүлнар РАХИМОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
философия ғылымдарының кандидаты

Саентология шіркеуіндегі жоғарғы рухани билік Халықаралық Саентология Шіркеуіне тиесілі (Лос-Анжелес, АҚШ). Ол жоғарғы басқару органы болып табылады. Саентологтар оны көбінесе «Саентология шіркеуінің анасы» деп атайды.

Халықаралық Сентология шіркеуінің басты міндеті – шіркеулердің, миссиялардың, ерікті діни қызметкерлердің іс-әрекеттерін үйлестіріп, реттеп отыру болып табылады. Олар өз кезегінде шіркеуге «келушілерді» және Халықаралық Саентология орталықтарының басылымдары мен кітаптарын таратуды бақылап отырады. Шіркеу екі баспа орталығына ие. Бұл баспалар Англия мен Данияда орналасқан.

Шіркеудің ұйымдастыру құрылымының ең төменгі сатысына штаттан тыс діни қызметкерлер (штаттан тыс одиторлар), дианетикалық топтар, миссиялар жатады. Көптеген адамдар саентология туралы ақпаратты осы штаттан тыс діни қызметкерлерден алады. Олардың міндеттеріне өздерінің отбасын, достарын, көршілерін, соларға арнап өткізілетін діни рәсімдермен таныстыру жатады. Олар отбасы, неке туралы ақыл-кеңес, одитинг өткізеді [1,254]. Нашакорлықтан, әртүрлі күнделікті өмірлік мәселелерден құтылу үшін көмектесуге әрекеттер жасайды. Саентологтардың айтуынша, олар көбіне қызыл крест ұйымына кіріп, апат болған аймақтардағы

адамдарға көмектеседі. Мысалы, «Добровольный священник» газетінде саентологтардың 1998 жылы Грозныйда соғыс салдарынан зардап шеккендерге көмектескені жөнінде жазылады. 1995 жылы Нефтегорск қаласында болған жер сілкінісінен кейін ерікті діни қызметкерлер қала тұрғындарына көмектескен. 1999 жылы еріктілер Шешен-Ингуш қашқындарына көмек көрсету үшін барған.

Штаттан тыс діни қызметкерлер лекциялар мен семинарлар өткізу және басқа «қоғамдық-пайдалы» жұмыстар жүргізу үшін және сондарынан еріктілерді көбейту үшін одиторлық ассоциациялар мен дианетикалық топтарға бірігеді. Саентология миссиясы осы деңгейдегі құрылым болып табылады. Миссияның мақсаты – бастапқы білім беру, көмек көрсету, бұған бастапқы одитинг деңгейімен өз мақсаттарында оқыту жатады. Кез келген саентолог өз миссиясын аша алады. Ресейдегі саентология миссиясына дианетикалық орталықтар жатады. Олар қоғамдық ағарту ұйымдары болып тіркелген. Мысалы, Хаббардтың Гуманитарлық орталығының мақсаты саентологияны жан-жақты жарнамалау, «адамдарды рухани тазарту», әртүрлі ұйымдар мен қоғамдарды Л.Рон Хаббардтың технологиясы негізінде оқыту. Бұл технология көптеген елдерде тәжірибеден өткен және «өзінің нәтижесін» берген.

Келесі сатыда саентология лауазымды баспалдағының ірірек ұйымы – Y класты жергілікті Саентология Шіркеуі тұр. Олар діни рәсімдерді бастапқы және ортаңғы деңгейдегі ерушілерге көрсетеді. Себебі одиторларды оқыту деңгейі Y класты қамтиды. Бұл шіркеулер одитингті іске асырады да, оны бітірген адам «клир» атағын алады [2,327]. Сонымен қатар діни қызметкерлерді дайындайды. Y класты шіркеулер дианетикалық топтар мен миссияларға қарағанда ірірек болып келеді. Олар саентология қоғамының орталығы болып есептеледі. Онда оқыту, одитинг, жексенбілік діни қызметтер, некеге тұру, қайтас болған адамды жерлеу рәсімдері, ат қою рәсімдері және саентология мейрамдарын өткізу болып табылады. Кейбір «Y класты» орталықтарды «атақтылар орталығы» деп те атайды. Ол орталықтарда қоғам және өнер қайраткерлері жиналады. АҚШ-та атақтылар орталығына актерлар Джон Траволта, Том Круз, Николь Кидман, Келли Престон сынды әлемдік дәрежедегі актерлер мен Рудольф Уильямс, Альберт Жагиер сынды миллионерлер де бар көрінеді. Шіркеу қажеті үшін 2 млн. АҚШ долларын қиналмастан бере салған Альберт Жагиер кейіннен банкрот болып, ауруханаға түседі. Операция жасауға төлейтін ешқандай мүмкіндігі болмаған кезде, ешқандай көмек берілмеген.

Халықаралық Сентология ұйымының келесі жоғарғы ұйымына Сент-Хилл және «Дамыған ұйым» кіреді. Сонымен қатар олар саентологияда «Жоғарғы деңгейдегі ұйым» ретінде танымал. Бұл ұйымдардың ерекшелігі одиторларды YII дәрежеге дейін оқытып, OT деңгейге жібереді. «Дамыған ұйым» діни қызметтерді көрсету деңгейін Y-ші OT және одиторларды YII-ші деңгейге дейін көтереді.

Дамыған ұйым және Сент-Хилл деңгейіндегі ұйымдар қазіргі таңда Лос-Анжелесте, Ист-Гринстетте, Копенгагенде және Сиднейде орналасқан. Әрбір жоғарылау ұйымы діни қызметтерді бекітілген территорияларында ғана жүргізеді. Мысалы, Лос-Анжелестегі дамыған ұйым АҚШ, Канада, Мексика, Оңтүстік Америкадағы саентологтарға ғана қызмет көрсете алады. Европа саентологтары Копенгагенде жоғарылау курсы өтеді. Ұлыбритания саентологтары жоғарылау діни курсы Сент-Хиллде өтеді. Дамыған Сент-Хилл ұйымында одитингтың құны 5,0 – 14,5 мың долларға дейін барады.

Саентологияның діни иерархиясының келесі жоғары дәрежесі – «Флаг» қызмет көрсету ұйымы. «Флаг» қызмет көрсету ұйымы Флорида штатындағы Клируотер қаласында орналасқан. Бұл саентологияның әлемдегі ең ірі XII класты одиторларды және T 1-ден OT YII класты одитингтерді жоғары дәрежеде даярлайтын шіркеу болып табылады. Шіркеу дін қызметкерлері мен миссияларға интернатура ұйымдастырады. «Y класты» шіркеулер және миссиялар одиторларды арнайы оқыту және кәсіби түрде дайындау үшін өз өкілдерін тұрақты жіберіп отырады. Саентологтар үшін «Флаг» қызмет көрсету ұйымы рухани орталық, яғни айтқанда «Мекке» тәріздес болып табылады. Әлемдегі әрбір саентолог «Флаг»-қа кіруі үшін тырысып бағады, тіпті бұл арманы іске асуы үшін бәрін істеуге дайын.

Иерархияның келесі дәрежесі – «Флагманский корабль» болып табылады. Ол ең жоғарғы дәрежедегі саентологиялық одитингтың OT YIII қызметін ұсынады. Сонымен қатар әлемдік шіркеулердің бөлімшелерінің қолы жете бермейтін саентологиялық курстарды ұсынады. Бұл шіркеу Кариб теңізінде орналасқан 440 фунттық Фривиндз лайнері («Вольные ветры») бортында қызмет көрсетеді. АҚШ-тың ішкі кірістер қызметі оны коммерциялық емес ұйым деп есептеп салық төлеуден босатқан екен.

Саентологиялық халықаралық шіркеуі ішкі қызметті біріктіретін құрылым ретінде ғана емес, сонымен бірге діни емес бөлім ұйымдарын мәселен, «Наркокон», «Криминон», «Бақытқа апаратын жол» қорларын да біріктіретін құрылым ретінде қалыптасты.

ХСА-ның мақсаты – саентология дінін біріктіру, қорғау, демеу көрсету. Бұл ұйым мүшелері антқа қол қояды, онда саентология мақсаттарының, соның ішінде қабілетті адам алға жылжып, адал адам құқығын сақтай алатын және де адам үлкен биіктерге көтеріле алатын қылмыс, соғыс жоқ өркениетте іске асуына өзін арнауға бүкіл адамзатқа ант береді. Кез келген саентолог жылдық мүшелік жарна – 250 доллар немесе өмірлік мүшелік жарна – 3000 доллар төлеу арқылы ХСА мүшесі бола алады.

«Халықаралық саентология шіркеуінің сатылы лауазымды құрылымындағы Мәскеу Саентология шіркеуі» жергілікті ұйымы «Ү - класты» ұйымдар қатарына жатады. Бұл ұйым дианетикалық және саентологиялық одитинг, кіріспе қызмет, одиторларды бесінші класс дәрежесіне дейін оқыту, шіркеу қызметкерлеріне дайындық курстарын ұйымдастыру және рухани санаға арнауды іске асыру секілді қызметтер көрсете алады. «Мәскеу саентологиялық шіркеуі» саентологиялық діни ұйым құрылымы, оның басқарушы мүшелерінің қалыптасуы тәртібі Жарғы негізінде анықталады.

Жарғы бойынша шіркеудің ішкі құрылымы тоғыз бөлімшеден тұрады. Әр бөлімшені хатшы басқарады. Шіркеудің рухани көшбасшысы болып жалпы жиналыста бес жылға сайланатын президент саналады. Президенттік сайлау Халықаралық Саентологиялық Шіркеуінің (АҚШ) мақұлдауымен өтеді.

Жалпы жиналыстар арасындағы Жарғылар мақсаты мен тапсырмаларының орындалуын Шіркеулік Кеңес қамтамасыз етеді. Шіркеу кеңесін президент және шіркеудің үш хатшысы құрайды. Кеңесті президент басқарады.

Шіркеу қызметкерлері мен миссияның қызметін бақылау мақсатында ішкі корпоративтік құрылым жұмыс жасайды, оған тергеу комитеті, этика кеңесі және капеллан соты жатады. Олардың міндетіне қылмыс жасағандарды жазаға тарту кіреді.

Саентологиялық ұйымының қызметкерлеріне қойылатын талап – қаржы саласындағы тәртіп бұзушылық, шіркеуге тиесілі мүлікті талан-таражға салу, ысырапшылдық, хабарларды бұрмалау, әртүрлі кішігірім қылмыстар және тағы да басқаларды міндетті түрде хабарлап тұру. Осындай хабарламаларды жазып тұрудан бас тарту саентологияда үлкен қылмыс болып табылады. Саентология шіркеуі басқа дәстүрлі діндер сияқты шіркеуге келушілер арқылы қаржыландырылады. Саентология шіркеуінде одитинг және оқуды шіркеуге келушілер төлейді. Бұл жарналар саентологтардың басты қаржылай көзі болып табылады. Бұл қаржы көздері саентологтардың

бүкіл іс-шараларының негізін қалайды. Бұл арқылы өздерінің діни және қоғамдық пайдалы бағдарламаларын жүзеге асырады.

Саентологиялық одитингты жүргізуде негізгі пән «электропси-хометр» немесе «Е-метр». Саентологтардың пікірінше, Е-метр одитингте үлкен орынды иеленеді. Бұл құрылғы суреттер бейнесіндегі электрикалық энергияны ұстап, теріс энергиялар мен қайғылы эмоционалдық күйлерді анықтауға мүмкіндік береді. Л.Рон Хаббард одитингты терапевтикалық үрдіс ретінде қарастырып, «аналитикалық ойды» объекті ретінде алады. Саентология діни тәжірибесі адамның рухани жанын түсінуге арналған. Л.Рон Хаббард одитингтың өткен үрдісін «клир» (Ү деңгейден өткен адам) немесе ОТ (оперирующий тэтан) деп сөздікте атауды ұсынған болатын. Клир – «таза», «ашық» адам, реактивті ақылы түгелдей жойылғанды айтамыз. Клир саентологтардың әкірінше, өзінің жеке қабілеттерін шеше алатын ақылды адам болып табылады.

Тэтанның жоғары рухани түсінігі «оперирующий тэтан» деп білеміз. Саентологтар үшін оперирующий тэтан (ОТ) – «бұл туылу мен өлуден еркін толық рухани жағдай» деп есептеледі. ОТ-дан клирдің айырмашылығы денеден тәуелсіз болып келеді.

Адамдардың ақыл-ойын инграммнан тазарту және оларды толық рухани еркіндікке жеткізу бірнеше сатыдан тұрады. Саентологияда бір сатыдан екінші сатыға өту «Көпір үстінде толық еркіндікке қозғалыс» дегенді білдіреді.

Крест символы саентологияда үлкен мәнге ие болады. Саентологияда кресттің діни түсінігі – жанның физикалық әлем арқылы қозғалысын білдіреді. Кресттің көлденең бөлігі – физикалық әлемді білдірсе, тік бөлігі - жанды түсіндіреді. Осыдан келіп, жан үштік түсінікте жоғары көтеріледі. Сонымен қатар крест символы өмірлік күш динамика деп аталып, соның сегіз бөлікке бөлінумен байланысты дейді. Сондықтан да крест диагональ бойынша орталықпен қиылысып төрт сәулені құрайды. Кресттің төрт ұшы әлемнің төрт бұрышын көрсетіп, барлық бағытта рухтың таралатындығын білдіреді. Жоғарыдағы түсініктерді қорытындылайтын болсақ, жан түптің түбінде хаосты жеңіп, көкке ұшады, - деп есептеледі [3,204].

Саентология символы «саентология» мәнін беретін «S» әрпінен және екі үшбұрыштан тұрады. Төменгі үшбұрыш – АРО, ал жоғарғысы ЗОК. Саентологтардың пікірінше, осы үш элемент өзара байланысып, адамдардың іс-әрекетін бақылауы тиіс. Жалпы түгелімен қарайтын болса, символ саентологтардың ілімінде толықтай рухани құтқарудан тұрады.

Саентология шіркеуінде бес құпия діни рәсімдер бар. Олар: ат қою, қасиеттілік, үйлену, жерлеу рәсімдері, насихат айту. Саентология шіркеуінде табыну заты жоқ. Діни рәсімдерінде крест, үшбұрышты АРО және ЗОК қолданады.

Шіркеу мүшелері төмендегідей негізгі категорияларға бөлінеді: келушілер, преклирлер, клирлер және ОТ. Олардың дәрежесі Көпір үстіндегі адамның рухани толық еркіндігі бойынша белгіленеді. Саентология шіркеуінде священниктің төрт түрі бар: одитор, кейс-супервайзер, капеллан.

Л.Р.Хаббардтың көптеген еңбектері саентология оқуының әр түрлі аспектілерін танытады. Оның кітаптары негізінен саентология мен дианетикаға арналған. Бірінші топқа: «Дианетика: рухани денсаулықтың заманауи ілімі», «Өмір динамикасы», «Өзіндік анализ», «Дианетика: ілім эволюциясы», «Дианетика - 55» және т.б. жұмыстар жатады.

Сана мәселелерін шешудегі дәл және тиімді жолдары Л.Р.Хаббардтың бірінші кітабында: «Дианетика: рухани денсаулықтың заманауи ілімінде» айтылған. Саентологтардың айтуы бойынша бұл кітап адамның өзін-өзін тануына үлкен септігін тигізеді. Аталмыш еңбекте Л.Р.Хаббард: «Адам мәселелері мидың бір бөлігінде қорытыналған және оның құрамындағы инграмм, яғни басынан өткен ауыр уайымның, эмоцияның көшірмелері ми қабатында сақталады», - дейді. Осыған байланысты автор реактивті санаға зиянды әсер ететін нәрселерден арылу және рухани жан дүниеде тыныштық орнатылуы үшін жаңа технология ұсынады.

«Өмір динамикасы» деген кітабында Л.Р.Хаббард адамның табиғи жаратылысында өзіндік көзқарасын білдіреді. Адам өмірінде болатын әртүрлі келеңсіз жағдайлардың себебін ашып көрсетеді.

«Дианетика - 55» еңбегінде индивидтің рухани танымның жоғары сатысына және адамның мінез-құлық пен этикалық потенциалға жету үшін қарым-қатынастың маңыздылығы туралы айтылады. Себебі, мұнда рухани еркіндікке толық ену үшін оның «заңдылықтары» туралы сөз болады.

Л.Р.Хаббардтың келесі еңбектері Саентология негіздері жөніндегі зерттеу жұмыстарына арналған. Бұл ерекше қызығушылық танытатын кітаптарының қатарына: «Саентология: ойдың негізі», «Саентология: өмірге деген жаңа көзқараспен», «Саентология 0-8: кітап негіздері», «Саентология 8-80», «Саентология 8-8008», «Саентология: адам тарихы», «Адам қабілеттерін қалыптастыру» және т.б. еңбектері жатады.

Саентологтардың пікірінше, саентологияның басты ұстанымдары Л.Р.Хаббардтың «Саентология 0-8: кітап негіздері» атты еңбегінде орын алған. Бұл кітапты саентологтар «Барша саентологиялық жазбалардың квинтэссенциясы» деп атайды. Шын мәнінде де бұлай атаудың да жаны бар. Себебі, «Саентология – нөлден шексіздікке дейін» осындағы 8 саны тігінен қойылған шексіздік символы. Сонымен қатар бұл кітапта саентология мен дианетиканың аксиомалары, саентологтардың жүріс-тұрыс қағидалары мен кодекстері және «реңк шкаласы» келтіріледі. Саентологияда «реңк шкаласы» деп отырғаны – адамның белгілі бір уақыттарда эмоциялық жағдайын көрсету.

«Саентология 8-80» кітабы адамның энергетикалық төлемнің өсудегі маңыздылығын және материалдық өмірмен байланысын ашып көрсетеді. Автор бұл зерттеу жұмысында егер рухани жаратылыс өз энергиясын орынды жұмсамаса, онда ол тұңғыықта қалып, шығар жолды таба алмайды дейді. Сонымен қатар аталмыш еңбекте сананың өмірде болған ауыр уайым-қайғылар мен эмоцияларды сақтайтыны туралы айтады. «8-80» тігінен орналасқан шексіздік символын, ал «0» - рухани жаратылысты білдіреді.

«Саентология 8-8008» атты еңбегінде өмір мен әлемнің пайда болуы, ондағы адамның рөлі жөнінде айтылған. Әлемдегі материя, энергия, уақыт пен кеңістіктің рухани жаратылыстың байланысын танытатын теорияны ұсынған. Автордың көзқарасы бойынша, кез келген адам аталмыш еңбекпен танысқан уақытта ондағы көрсетілген әр түрлі әдістердің әсерінен рухани жағынан жетілсем екен деген күш-жігер пайда болады. Басқаша айтқанда, «Саентология – 8-8008» адам рухының қоршаған әлемнен босатуды және рухани еркіндікке әкелетін зерттеулерді қамтыған.

«Саентология: адам тарихы» атты еңбекті Л.Р.Хаббард «60 триллион жылдың ішінде қатаң фактілерге негізделген есеп» деп атады. Мұнда автор әлем мен адамның жаратылысындағы баршаға белгілі мифологиялық концепцияларға анализ жасайды. Сонымен қатар әлем жаратылысы мен ондағы трансценденталды күштердің болуы жөніндегі өзіндік мифтік көзқарасын ашады. Бұл адам Саентология шіркеуі негізін қалаушының адам жаратылысы тарихы мен өлімнен кейінгі өмірі туралы «ақиқат пен дәлелді» қамтиды.

Саентология шіркеуі жазбаларында Л.Р.Хаббардтың дәрістері де жатады. Оның ішінде ең маңызды деп танылған «Сент-Хиллдің арнайы курсы» жатқызады. Бұл курс Англияда 1961 жылдан 1966 жылға дейін Сент-Хилл сарайында саентологтармен оқылған бо-

латын. Курс 447 дәрісті қамтиды. Келесі бір маңызын жоймаған дәрістердің қатарына «Филадельфтік докторлық курс» жатады. Мұнда рух және рухтың неге қол жеткізе алатындығы жөніндегі мәліметтер қамтылған. Жалпы аталмыш дәрістерге тұрмыстық сұрақтар, әлемнің құрылуы мен тоқырауы туралы ақпараттар енген.

Л.Р.Хаббард зерттеу жұмыспен алғаш айналыса бастаған уақытта адам санасы туралы ілімді ашпақшы болды. Оның пікірінше, бұл ілім эксперименталды дәлдік тұрғысынан химия, физика сияқты салалармен салыстырыла алатын дәрежеде болуы керек. Оның сана жөніндегі зерттеулердің нәтижелері мынадай қорытындыға келеді. «Адам санасы үш бөліктен құралған», - дейді, яғни аналитикалық сана, реактивті сана, соматикалық сана. Біріншісі, яғни аналитикалық сана (немесе есептік сана) Л.Р.Хаббардтың пікірінше, компьютер тәріздес жұмыс атқарады. Ол индивидтің жасаған іс-әрекеттері мен қадамдары дұрыс әрі орынды болып табылады. Басқаша айтқанда, ол өз шешімінде еш қателік жасамайды. Егер адам өз өмірінде болған әр түрлі келеңсіз жағдайлар туралы ойлар мен қиыншылықтардан арылса, онда оның санасы тазалық пен рухани еркіндікке ие болады деген. Оны дианетикада «клир», яғни «таза», «айқын» жағдай деп түсіндіреді. Негізінде «дианетика» сөзі «dia» - «арқылы» және «nous» - «жан», «сана» деген грек сөздерінен құралып, сөзбе сөз мағынасы «сана арқылы», «рух арқылы» сияқты мағыналармен ұштасып жатады. «Саентология» сөзі латынның «scio» - «білу», «тану» және гректің «logos» «ілім» деген сөздерінен құралған.

Л.Р.Хаббардтың пікірінше, адамның өмірдегі үлкен қателігі – ол оның шарасыздығы. Саентологтар қоғамдық бағдарламаларға, «Нарконон», «Криминон», «Білімді жақсарту» және «Бақытқа жету жолы» сияқты қорларды жатқызады.

«Нарконон» бағдарламасының мақсаты – нашақорлық пен ішімдікке тәуелді адамдарды емдеу, назарға алу, көмек көрсету. Бұл емдеудің астарында нашақорлық пен ішімдіктен бас тартқаннан кейін индивидке өз өмірін өзі бақылауына, этикалық нормаларды қалыптастыруға не болмаса қайта орнатуға, қылмыстық белсенділікті тежеу жатыр. Саентологтардың айтуынша, Л.Р.Хаббардтың технологияларының көмегімен әлемдегі миллиондаған адамды нашақорлық бұғауынан құтқарды.

Қазіргі таңда әлемнің 20 мемлекетінде 50-ден астам «Нарконон» орталықтары жұмыс атқаруда. Оларға тоқталатын болсақ, Австралия, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Германия, Дания, Жаңа Зеландия.

дия, Испания, Италия, Канада, Колумбия, Мексика, Нидерланды, Ұлыбритания, Франция, Швейцария, Швеция, Қазақстан, Ресей, Украина сияқты елдерде нашакорларды емдеуге және білім беруге мүмкіндік алып отыр.

«Нарконон» - әлемдегі білім берудегі және емделу комплекстерінің ең ірісі. Халықаралық «Жаңа өмір» Нарконон орталығы Л.Р.Хаббардтың технологияларын меңгеретін жаңа мамандарды даярлайды.

«Нарконон» бағдарламасы 8 деңгейден құрылған. Бұл деңгейлер науқастарды өз өмірлерін толық қадағалауға, ар-намыс, қайрат-жігер, адами құндылықтарды қалыптастыруға, тәуелділікті жеңу сияқты қасиеттерге үндейді. «Нарконон» бағдарламасының барлық жұмыстары төмендегідей қадамдардан тұрады:

1. Нашакорлықты қолдануды доғару және оны алмастыратын дәрі-дәрмектерді ұсыну;

2. «Терапиялық жаттығулар» атты профилактикалық курсы арқылы адамның қабілеттілігін, төзімділігін арттыру;

3. Организмді детоксикациялау, жүгіру, сауна және тамаққа әр түрлі қоспаларды қосу арқылы адамның ағзасын нашакорлықтың қалдықтарынан және зиянды нәрселерден тазарту;

4. «Білім беру арқылы адамның қабілеттілігін арттыру» курсы арқылы адамға жан жақты білім беру, білім алудағы әр түрлі қиыншылықтарды жеңе білуге жетелеу;

5. «Қарым-қатынас және қабылдау» курсы бойынша адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, байланысын орнату. Мысалы, жеке басының мәселесінің жетегінде кетпей, қоршаған ортаға да өз пайдасын әкелу сияқты жұмыстарды жүргізеді.

6. «Тағдырдың тауқыметіне төзе білу» курсы арқылы қоғамдағы антиәлеуметтік тұлғаларды қалай анықтау керектігі жөнінде білім беріледі, дау-дамайдың шешімін табуға, әріптестер мен достарды таңдай білуге үйретеді.

7. «Тұлғаның тұтастығы мен дәрежесі» курсы адамның потенциалдық қажеттіліктерді күшейту жолдары жөнінде білім алуға мүмкіндік береді;

8. «Өмірдің өзгеруі» курсы – адамның этикалық нормалары, өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастыру жөніндегі білім беріледі;

9. «Бақытқа жету жолы» курсы. Бұл курс жөнінде саентологтардың пікірінше нағыз бақытқа жетудің ең тиімді жолы.

«Нарконон» бағдарламасы бойынша білім алу мерзімі орташа есеппен алғанда 4-4,5 ай. Бір айда оқудың бағасы АҚШ-та 3,5

мың доллар, Швецияда 1,7 мың доллар, Ресейде 5,1 мың долларды құрайды.

Саентология шіркеуінің келесі қоғамдық ұйымы «Криминон» («қылмыссыз»). Ол бас бостандығынан айырылған азаматтарға жәрдем көрсетеді. «Криминон» бағдарламасының басты элементі – «Бақытқа жету жолы» атты курсы болып табылады. Бұл курс қылмыскерлерге тәрбиенің дұрыс және бұрыстығы жөнінде білім береді.

«Бақытқа жол» - діни емес моральдық кодексі. Ол қарапайым, жатық тілмен жазылған. Онда тәрбие негіздері мен заңдылықтары қамтылған. Саентологтар мұны «шынайылыққа құрылған сенімді де, моральдық фундамент» деп атайды.

«Криминон» бағдарламасы мынадай курстарды қамтиды:

1. Білім алуға деген қабілеттілік;
2. Қарым-қатынас курсы. Бұл қылмыскерлердің адамдармен қарым-қатынас орнату, қатынасқа еркін түсу, жанжалды жағдайларды дұрыс қабылдауға үйретуді көздейді;
3. Адамдар тарапынан көрсетілетін қысымға төтеп беру курсы;
4. Тұлғаның тұтастығы курсы қылмыскерлерге 8 динамиканы оқуға, этика мен адамның тұтастығын үйрету, бұрын жасаған қылмыстар жөніндегі ойлардан, ауыртпалықтан арылу.

Саентологтардың пікірінше, «Криминон» бағдарламасы жер бетіндегі ең алғашқы қылмыскерлермен жұмыс жасау барысында белгілі бір жетістіктерге ие болған ұйым деп атайды. «Криминон» бағдарламасы бойынша қылмыскерлермен жұмыс тікелей қылмыскермен бетпе-бет қарым-қатынаста өткізілмейді. Қылмыскерлерге белгілі бір практикалық тапсырмалар беріледі, олар оны орындап болған соң, «Криминон» қызметкерлеріне немесе саентологтарға жіберіледі. Бұл бағдарламаны, яғни «Криминон» курсын тәмамдаған «студенттерге» сертификат беріледі.

Ресей Федерациясында «Криминон» ұйымы жоқ. Тек осындай жұмыстарды жүргізетін қоғам белсенділері ғана бар.

Сонымен қатар саентологияда бұдан басқа да курстар бар. Мәселен, «Сөзді талқылау», «Оқыту негіздері», «Қалай үйренуге болады», «Оқытудың практикалық машықтары», «Грамматика және балалармен қарым-қатынас» сияқты курстарды ұсынады.

Франция үкіметі өз елінің қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмірі үшін 2001 жылы маусым айында жаңа заң енгізді. Бұл заңның негізінде психологиялық немесе физикалық тұрғыда адамдарды тәуелді ететін ұйымдарды жоюға мүмкіндік береді. Осы жоғарыда

аталған қылмысты жасаған жағдайда бес жылдай түрмеге қамау немесе 300-ден 500 франкке дейін айыппұл төлеу белгіленген. Сонымен қатар, аурухана, қарттар үйі, еңбек түзеу орындары мен оқу орындарына 200 метр жақын арақашықтықта кеңселер, шіркеулер мен секталардың қызметтерін жарнамалауға тыйым салады және жойылған ұйымдарды қайта қалпына келтірушілерді қылмыстық жазаға тартады. Ұлттық Кеңестің пікірінше, қоғамға қауіп әкелетін ұйымдар қатарына саентология шіркеуі де жатқызылады.

Әлемде саентология шіркеуіне тыйым салған жалғыз мемлекет – Греция Республикасы болып табылады. 1997 жылы қаңтарда Афиндық аймақтық соты саентология шіркеуіне қатысты тыйым салатын үкімдер жариялаған еді. 1998 жылы Греция апелляциялық соты грек саентология бөлімін «адамның өмірін ақша табудың көзі ретінде қарастыратын тоталитарлық ұйым» деп, Л.Р.Хаббардтың технологиясын айыптайды. Бұл елде мемлекеттік дін христиан дінінің православтық ағымы болып белгіленген.

1990 жылғы қыркүйек айындағы Франкфурт-на-Майне қаласының әкімшілік соты саентологтардың қызметіне түсініктеме берді. Осы соттың шешімі бойынша саентология шіркеуі діни ұйым ретінде толық құқыққа ие болады.

Қазіргі таңда саентология шіркеуі төңірегінде қозғалып жүрген мәселелер 22 наурыз 1995 жылғы Федералды еңбек сотының шешімімен тоқтатылды. Ол бойынша, саентология шіркеуі діни ұйым немесе әлемдік көзқарастағы бірлестік ретінде танылмайды және оның діни ұйым ретіндегі тіркеуі жоққа шығарылады, салық жеңілдіктері дұрыс емес, ал саентология ұйымының өзі коммерциялық деген баға берілді.

Германияда орта есеппен халықтың 85 %-ы саентология шіркеуіне қарсы екендігін білдірді. Германия үкіметі үнемі саентология шіркеуінің соңынан бақылау орнатып, тіпті ол құпия іздерге дейін жалғасып отыр.

Саентология шіркеуін Италияның сот органдары діни ұйым деп қабылдап, ал оның қызметін коммерциялық емес деп тапты. Оның толыққанды дін екендігін Испания, Тайвань, Танзания, Зимбабве, Оңтүстік Африка, Швеция, Жаңа Зеландия мойындаған. Бұл елдерде саентологтар басқа дін өкілдері сияқты қорғауға алынған.

Л.Р.Хаббардтың технологиясы туралы алғашқы мағлұматтар ХХ ғ. 70 ж. КСРО кезінде ене бастады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін 1999 жылдан бастап жұмыс істей бастаған. 40000-нан астам қазақстандық ол шіркеумен танысып үлгерді.

Саентология шіркеуіне заң жүзінде тыйым салу қиын жағдай болып отыр. Біріншіден, оның таралуына кедергі жасау халықаралық заңдылықтарға қайшы келеді. Жаңа бұл ағымның аясында миллиардтаған доллар айналымда жүреді. Қаржы полициясы немесе Ұлттық Қауіпсіздік Комитеттері оның филиалдарының кейбір заңсыз әрекеттерін анықтаған жағдайда жауып тастай алады екен. Алайда екінші бір жерде басқа бір атаумен жаңа филиалы ашылды. Деректерге сүйенсек, қазірдің өзінде Астанада «Дианетика», «Нарконон», «Перфория», «Рубин», «Эсто» бизнес мектебі деген сияқты аттарды жамылып алған қырықтан астам түрі бар. Мысалы, Қарағандыдағы «Дианетика», «Саентология шіркеуі» діни бірлестігі мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 2009 жылғы 16 ақпандағы шешімімен жабылған болатын. Осыған қарамастан, бірлестік заңсыз жұмысын жалғастырып келген. Алматыда 2009 жылы заңсыз кәсіпкерлікпен айналысты деген күдікпен саентология шіркеуінің басшылары қамауға алынды. Елімізге заңсыз жолмен әкелінген дәрі-дәрмектер мен осы діни ұйымға мүше болған 8 мыңнан астам адамға қатысты құпия ақпараттар сақталған мұрағат тәркіленді.

Саентология дінге жатпайды, ол дәстүрден тыс негізде өктемдікпен адамды баурап алатын жеке тұлғаның арқасында дүниеге келген культ. Қазіргі таңда Қазақстанның Алматы, Астана, Шымкент, Өскемен, Павлодар, Семей, Қызылорда қалаларында орталықтары бар. Қазіргі таңда тіркеуде жоқ бұл ұйым заңсыз түрде өз пиғылдарын іске асырып отыр. Үкіметтің бұл сияқты ұйымдарды жоюға деген толық қауқары жетпей отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Л.Рон Хаббард. Дианетика. Современная наука душевного здоровья. М., Изд.группа Нью Эра, 1998,- 530 с.
2. Бұл да сонда.
3. Бұл да сонда.

Оңай Шонаевтың ерлігі

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Бүгінде еліміздің өзге тұстарындағы секілді Атырау облысы, Махамбет ауданының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған аяулы азаматтардың ардақталып жатқаны көңіл қуантады. Солардың қатарында ауданның саяси-әлеуметтік және мәдени өрлеуіне зор үлес қосқан, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан Оңай Шонаевтің есімі ерекше.

Оңай Нұрымбайұлы Шонаев 1912 жылы 15 наурыз күні Бақсай ауданы, Сорочинко селосында дүниеге келген. Ата-анасы Қазан төңкерісіне дейін Карпов, кейін Жымпиты ауданындағы Лұқпан атты ірі байдың малын бағып күнкөріс еткен. 1922 жылы олар қайтадан Сорочинко селосына қайтып келіп, мемлекеттік балық кәсіпшілігінде балық аулаушы ретінде 1933 жылға дейін еңбек етеді. Өмірдің тауқыметі Оңай ағамыздың қабырғасын қатайтып, буынын ерте бекітті. Бүгінгідей балалық шақтың қызықты күндерін басынан кеше алмады. Мұрағат деректерінде көрсетілгендей, О. Шонаев 1926–1927 жылдары жұмысшы қасында үйренуші, 1928–1929 жылдары Сорочинко балық қабылдау пунктінде жұмысшы болған. Ол кезде бастауыш сыныпта оқитын. Оқи жүріп күн көрістің қамы үшін қарын талдыра еңбекке араласты. Мектепті бітіргеннен соң 1929–1932 жылдары Гурьев қаласындағы педагогикалық техникумға түсіп, білімге деген құштарлығын ұштай түсті. Оқуды аяқтағаннан кейін Гурьев аудандық оқу бөліміне (1928 жылғы территориялық-әкімшілік өзгеріске сәйкес ол кезде Гурьев аудан орталығы болатын, қазіргі Махамбет ауданы соның құрамына кірді – Қ.С.) нұсқаушы, 1933–1934 жылы Гурьев аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызметін жалғастырады. Жастық жалыны еңбекте лаулаған жас жігіт барлық күш-жігерін халқының болашағына арнады. Әрбір тапсырылған

жұмысқа жоғары жауапкершілікпен қарай отырып, ерекше ынта-жігермен кірісті. Сол кездегі халық арасындағы сауатсыздықты жою, бастауыш білім беру бағдарламаларының жүзеге асуына, қызыл отау жұмысына басшылық жасады. Гурьев округінің құрылуымен 1934 жылдың наурызы мен тамызы аралығында округкомның оқу секторының және округитоның меңгерушісі, сол жылдың тамызы мен қыркүйегі арасында Жылқосы аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. 1934 жылдың қыркүйек айының ішінде Кеңестік Армия қатарына шақырылып, Түркмен КСР-нің Чорджау қаласында әскери борышын абыроймен өтеп, елге оралады. Одан келген соң 1936 жылдың қараша айынан 1939 жылдың мамыр айына дейін қайтадан Бақсай (бұрынғы Гурьев) аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып, сүйікті ісін жемісті атқара білді. Бұл шешімді кейін ВКП(б) Гурьев округтік комитетінің 1938 жыл 23 қазаны күнгі бюро мәжілісінде бекіткен. 1939 жылдың 3 мамырынан бастап Бақсай аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. ВЛКСМ қатарында 1930 жылдан мүше, 1938 жылы 28 қаңтарында партия мүшелігіне кандидат, 1939 жылы мүшелікке қабылданады [1].

Осылайша, өмір мектебінде шыңдала түскен жас жігіт Махамбеттің ауылдарында халықтың білімге деген сүйіспеншілік сезімін арттыруға бойындағы күш-қайратын аямады. Өзінің терең білімділігімен, жоғары ұйымдастыру шеберлігімен, қарапайым еңбекқорлығымен ерекше құрметке бөленді. Тағы да сол мұрағат қорындағы деректерге көз жіберсек:

«МІНЕЗДЕМЕ

КП(б)К мүшесі О.Шонаевқа

Жол. Шонаев Оңай 1912 жылы Гурьев облысы, Сарайшық поселкесінде кедей-шаруа отбасында дүниеге келген, білім орта, партия мүшелігіне 1939 жылы қабылданды, 1930 жылдан ВЛКСМ мүшесі. Партиялық жаза алмаған, ешқандай анипартиялық топтың құрамында болмаған, сотқа тартылмаған. 1932 жылдан халық ағарту жүйесінде еңбек етеді, бойында жігері мол жас, тапсырылған жұмысты абыроймен атқарады, тәртіпті, саяси сауатты және салмақты.

КП(б)К Бақсай аудандық комитеті – насихат және үгіт бөлімі меңгерушілігіне ұсынған. КП(б)К облыстық комитетінің 1939 жыл 7/V бюро шешімімен осы қызметке тағайындалды.

КП(б) обком хатшысы: (Ищанова) [1, 12 п.].

1938–1941 жылдар аралығында О.Шонаевтың жаңа қырлары

ашыла түсті. Алдымен оның баспасөзге, яғни газет ісіне деген сүйіспеншілік ынтасы артты. Жоғарғы билік өкілдерінің тапсырмасына сәйкес ауданның саяси-әлеуметтік дамуына бел шеше кіріскен білімді жігіттің уақытпен санаспай осы салаға да уақыт тауып басшылық жасайды. Облыстық партия комитеті 1938 жылы 1 ақпанда облыстағы қазақ тіліндегі газеттер үшін баспасөздегі құпияны сақтау бөлімі цензор жұмыс орнын ашады, бірақ аудандық газеттер үшін қосымша атқаратын қызмет болып табылды. Осыған байланысты көзі ашық, білімді О.Шонаевты Бақсай ауданында шығатын «Социалистік қой шаруашылығы» көптиражды газетіне осы қызметті қосымша атқаруды міндеттейді [2]. Кейін ҚК(б) П Гурьев облыстық комитетінің 1940 жыл 19 мамыр күнгі №10 бюро мәжілісінің § 35 бабымен О.Шонаев Бақсай аудандық ЛИТа өкілі болып тағайындалады. Оңай ағамыз күн сайын оқырман қолына тиетін газетті оқырманнан бұрын қолына алып, түн ауа әр бетті мұқият тексеруге міндетті болды. Сөйтіп, газеттің бетінде жарияланған материалдардың идеясы жоғары, емле жағынан өте сауатты, сыртқы-ішкі көркемділігі көз тартарлықтай әдемі басылып шығуын қамтамасыз етті. Журналистика тәртібі бойынша, әрқашан мерзімді басылымдар ешбір қатесіз жарық көруге тиіс. Кейде байқаусызда кеткен әріп қатесі, тыныс белгісі, полиграфиялық бір ауытқудың өзі газеттің мазмұны мен көркемдігіне қатты нұқсан келтіретін. Бұл үшін кейін жоғарғы партия органдары газеттің редакторымен бірге, аудандық цензордың да «сыбағасын» қатты беретін. ҚК(б)П Бақсай аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүріп, О.Шонаевтың қазіргі Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газетінің ірге тасын қалаушы, яғни осы газетті алғаш ұйымдастырушы екендігін бөле айтқым келеді. Әсіресе, жаңа құрылған Бақсай ауданында газет ашу мәселесін жоғарғы партия органдарына бірнеше мәрте қоя білді. Тіпті олардың тарапынан ешқандай қолдау болмаған соң ақыры Мәскеуге ВКП(б) Орталық Комитетіне арнайы хат жолдайды. Мен оның түп нұсқасын Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатынан кездестіріп, әдемі көк сиямен өрнектеліп жазылған О.Шонаевтың қолы көзіме оттай басылғанын жасырғым келмейді. Міне, сол хат:

«В отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б).

Бақсайский район Гурьевской области КазССР организован в январе месяца 1938 года. Район является крупным экономическим смещенно-развитым хозяйством, где имеем: 28 сельских Советов, 36

колхозов, из которых 19 колхозов является рыболовецкими, имеем в районе два каракулеводческие совхозы со 100000 голов овец и один овощной совхоз. Население района более 40000 чел. Партийная организации составляет 1300 чел.- комсомольцев. Отсюда становиться ясно, что парторганизация района должна по боевому руководить хозяйственной деятельностью района и корренным образом улучшить постановку партийно-политическо работой на селе систематический улушая партийную пропаганду. Безусловно, что и проведении этой важнейшей работы районная газета явилась бы таким необходимы оружием нашей партийной организации.

К сожалению этого органа печати (районной печати) райком КП(б)К уже два года не имеет. Наша неоднократные настояния об организации районной газеты перед Гурьевским обкомам КП(б)К и даже перед ЦК КП(б)К остаются безрезультатными, несмотря на то, что обком КП(б) дан указания подобрать редактора, которого мы подобрали, утвердили на бюро и его же утвердил обком, но этому подбору прошел несколько месяцев времени, а все же газета неорганизованы и эта работы сейчас позабыта. Поэтому считая необходимое организацию районной газеты, просим отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) вмешаться в это дело и помочь нам в организации районной газеты, ибо назрел момент организации ее. Одновременно ставим Вас в известность, что Гурьевском каракулеводческом совхозе имеется политотдельская многотиражка (1-километрах от райцентра), которую считаем при организации районной газеты реорганизовать и на базе этой многотиражки создать районную газету, которая может обслужить район и все остальные совхозы. И этом вопрос нами перед обком КП(б)К и перед ЦК(б)К стивился неоднократно, но они упорно отжаличиваются.?

Просим о результатах сообщить.

Секретарь Баксайского РК Харченко.

Зав.АПО РК Шунаев.

8/VIII-39 г. №401.

Пос. Яманка. Баксайского р-н. Гурьевской обл. КазССР».

Бұл хатта көрсетіліп отырған Тандай селосында жарық көрген көптиражды «Социалистік қой шаруашылығы» газетімен оған редакторлық жасаған М.Жалмұқатовтың кандидатурасын аудандық газет редакторлығына ұсынылғандығы.

Осы хатты алысымен ВКП(б) Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Қазақстанның жоғарғы партия органдарына төмендегідей мазмұнда қатынас хат жолдайды:

«ВКП(б) Управление пропаганды и агитации от 11 сентября 1939 г. Секретарю ЦК КП(б)К тов.Кулитову Д.Г.

Направляем Вам письмо секретаря Баксайского РК КП(б)К тов. Харченко, в котором ОК просит разрешить издание районной газеты.

Ознакомтесь – есть ли в Баксайском районе условия для издания газеты – кадры, а также полиграфическая база. Выясните, чем району могут помочь в этом отношении область и республики.

Если ЦК КП(б)К найдет возможным удовлетворить просьбу Баксайского райкома об издании газеты, то высылайте в ЦК ВКП(б) решение ЦК(б)К по этому вопросу и докладную записку об обеспечении издания кадрами, полиграфической базой, помещением и бумагой.

Зам.нач.Управления ПиА ЦК ВКП(б): Т.Антропов».

Қазақстан Компартиясы (большевиктер) Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Гурьевтегі партия ұйымымен байланыс жасап, Баксай ауданында газет ашудың барлық мүмкіндігін жасап жатқандығын ескертіп төмендегіше жедел хат жолдайды:

«Телеграмма № 3/96027/IX – 39 г.

Зам.нач.управления пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) тов.Антропову.

ЦК КП(б)К на Ваш запрос от 11.IX – 39 г. за №826-А о возможности издания Баксайской райгазеты Гурьевской области сообщает:

Дано указание Гурьевскому обкому КП(б)К выяснить все возможности в районе и области для издания газеты в Баксайском районе. В данное время нами запланирована организация Баксайской райгазеты на 1940 год.

Решение ЦК КП(б)К и докладную записку по этому вопросу вышлем дополнительно.

Зам.зав.отдела пропаганды и агитации ЦК КП(б)К: Платонов» [3].

Міне, осындай хаттардың нәтижесінде 1941 жылы 19 наурыз күні Баксай аудандық «Ленин жолы» газетінің тұңғыш саны жарық көреді.

Баршаға мәлім, ол кезде халықаралық жағдай қатты ушығып тұрды. КСРО үкіметі фашистік Германия, Италия, Финляндия, Жапония және Қытайдағы қуыршақ өкіметпен арадағы саяси байланысы өте төмен болды. Еліміз соғыс жағдайында өмір сүрді, сондықтан бұқара арасындағы саяси-үгітке қатты мән берілді.

О.Шонаев газетпен бірге бұқара арасында саяси үгітті жан-жақты жүргізуде жергілікті радиохабарларын ұйымдастыруға да көп көңіл бөлді. Радио байланыс құралы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар ол саяси хабардың, бұқараны тәрбиелеудің де құралы болды. О.Шонаев басқарған үгіт-насихат бөлімі 1940 жылдың 9 сәуірі күнгі өткен аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне осы мәселені күн тәртібіне енгізіп, бұл бағыттағы жұмыстардың жоспарлары мен жауапты жолдастарды бекіттірді [4].

Ұлы Отан соғысы басталысымен Бақсай ауданы еңбекшілері барлық күшті жауды жеңуге бағыттады. Бүкіл халық ел қорғау жұмысына жұмыла кірісті, тылда да үлкен майдан жүріп жатты. Колхозшылар қолындағы бар асыл заттарын ғана беріп қана қоймай, жылы киімдер, ауыл шаруашылығы өнімдерін мольнан өндіруге бел шешті. Уақытпен санаспай ер адамдар орнын басқан әйелдер, буыны қатпаған балалар егін, мал шаруашылығына араласты. Міне, осы тұста бұқара арасындағы саяси үгіттің күшін арттыруға арналған ҚК(б) Бақсай аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі О.Шонаевтың Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» және «Социалистік құрылыс» газеттерінде бірнеше мақаласы жарияланды. Аталмыш мақалалармен таныса отырып, Оңай ағаның қаламы екі тілде де озық жазылатынын анық байқалады. «Прикаспийская коммуна» газетінің 1941 жыл 12 ақпан №35 санында «Партийная пропаганда и агитации в Бақсайском районе» атты мақаласы басылыпты. Оқып көрсек: «Перестройка партийной пропаганды дала нам ощутительные результаты. Сейчас в районе самостоятельно изучают историю ВКП(б) 530 человек, в том числе 197 коммунистов и 177 комсомольцев; в кружках историю ВКП(б) изучают 32 человека. 42 человека закончили изучение «Краткого курса истории ВКП(б)».

В помощь изучающим историю ВКП(б) 1940 году в нашем районе было прочитано 20 лекций с охватом 978 человек, проведено 114 индивидуальных консультаций и 80 групповых. В нашем районе есть такие коммунисты. Которые, под предлогом самостоятельного изучения истории ВКП(б), самоустранились от политического самообразования. Такими, например, являются нарсудья тов. Сагынбаев, старший инспектор нархозучета тов. Шудабаев и секретарь парторганизации колхоза «Первое мая» тов. Кенжахметов.

Те же товарищи, которые неустанно повышают свой идейно-политический уровень, с успехом овладевают большевизмом и хорошо справляются с порученным делом. К таким, например, можно

отнести заместителя председателя исполкома райсовета депутатов трудящихся, секретаря первичной парторганизации исполкома райсовета тов. Каймашникова и секретаря по кадрам райкома КП(б)К тов. Аманиязова. Газета «Прикаспийская коммуна» уже отмечала, что антирелигиозная пропаганда в нашем районе поставлено слабо. Райком КП(б)К сейчас принимает меры к налаживанию антирелигиозной пропаганды, в районе организовано оргбюро СВБ.

Сейчас принимаем меры к тому, чтобы усилить также политическую агитацию, особенно в связи с подготовкой к весенней посевной кампании» [5].

Көп ұзамай облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жылы 10 сәуір №84 (2286) санында «Бақсай ауданындағы саяси үгіт» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Ауданда өткен жылдары бұл бағыттағы қол жеткен табыстарға былайша тоқталады: «...Біздің ауданымызда өткен жылдардың, әсіресе 1940 жылдың тәжірибелері партиялық-саяси жұмыстардың жақсы қойылған және саяси-үгіттің жоғарғы дәрежеде болған жерінде шаруашылық міндеттердің де ойдағыдай орындалғанын айқын көрсетеді. 11 үгітшісі бар «Авангард» колхозы жанындағы партия ұйымы өткен жылғы егіс даласындағы жұмыс кезінде саяси-үгіт жұмысын жақсы ұйымдастыра білді. Бұл колхоздағы үгіт коллективі (бастығы Нам Константин) үгіт жұмысын партия ұйымының беркіткен жоспары бойынша жүргізіп отырды.

Үгітшілер үнемі бригадаларда болып, үгіт-көпшілік жұмысын үздіксіз жүргізді. Осының нәтижесінде «Авангард» колхозы 1940 жылы егістен жоғары өнім алды, ауыл шаруашылық өнімдерін тапсырудың мемлекеттік жоспарын, пішен шабу жоспарын мерзіменен бұрын артығымен орындады. Колхозшылар займ жарнасының 10 мың сомын қолма-қол уақытынан бұрын төледі. Бұл колхоздың колхозшылары бір еңбек күнге 7 килоға жақын өнім, оның ішінен 4 кило күріш алды. Колхоздағы ең жақсы тәжірибелі үгітшілер ҚК(б)П мүшесі Цой Данил, Тен-Сан-нен болды.

«Путь социализм» колхозы жанындағы партия ұйымының үгіт коллективінде 18 үгітші бар, үгіт коллективін партия ұйымының секретары Құлмағамбетов жолдастың өзі басқарады. Өткен жылы бұл колхозда да үгіт-көпшілік жұмысы жақсы жолға ұйымдастырылып, ол өндіріс міндеттерімен тығыз байланыста жүргізілді. Саяси-үгіт жақсы жолға қойылғанның арқасында колхоз дәнді егістің гектарынан 17 центнерден өнім алды, қоғамдық мал шаруашылығын өсірудің мемлекеттік жоспарын тауарлы қой фермасы бойынша 420

бас болып артығымен орындалды. Үгіттің нәтижесінде өткен жылы колхоз жанынан 59 тауығы бар бір құс фермасы ұйымдастырылды.

...Үгіт-көпшілік жұмысының алуан-алуан жұмыстарын біздің ауданның партия ұйымдары өткен Бақсай каналын салу біз үшін үлкен саяси мектеп болып табылды. Канал құрылысынан жүздеген колхозшылар стахановшы, екпінді болып қайтты. Мысалы, «Вперед» колхозының мүшесі Бисенғали Тайжарықов бұрын колхозда жұмысты нашар істеп келген колхозшылардың бірінен саналатын, ал Бақсай құрылысына келгеннен кейін жұмыс нормасын 180 проценттен орындайтын болды. Сол сияқты осы колхоздағы Клавдия Заршикова, Майтан Сұлтанова сияқты жұмысты нашар істеген колхозшылар құрылыста таңдауыл стахановшылардың бірі болды.

Қазірде ауданда 400-ге жуық үгітшілер армиясы істейді...» [6].

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда халықтың сол кездегі адамзаттың қас жауы атанған сұм фашистерге деген өшпенділігі артта түсті. Еліміздің аспанындағы бейбіт аспанды тас-талқан етіп, жерімізді қанға бояған жауға деген олардың ыза-кегін қайнатты. Міне, осы тұста қалың бұқара арасындағы саяси-көпшілік үгітті күшейте түсуді уақыттың өзі талап етті. Күллі үгіттің бәрі бірдей тылды нығайту ісіне, жауды талқандауға қалың бұқараны жұмылдыру ісіне бағытталды. Үгітшілер Ұлы Отан соғысы, информбюроның хабары, жауынгерлік эпизодтар, фашист баскесерлерінің жан түршігерлік аюандықтары туралы материалдарды көбінен пайдаланды. О.Шонаевтың 1941 жылдың 19 қыркүйек №222(2424) санында «Саяси үгіттің күші» атты мақаласында осы мәселе төмендегіше сөз болады:

«...Тек екі айдың ішінде аудан бойынша отан соғысы туралы ҚК(б)П облыстық комитетінің лекторлары арқылы 16 лекциялар, ҚК(б)П аудандық комитетінің баяндамашылары арқылы 36 баяндама оқылып, оған 6000 адам ақатынасты. Осы мезгіл ішінде үгітшілер өткізген әңгімелерге 25 мың адам қатынасты. Ал осы жылдың соғыстан бұрынғы бес айының ішінде 7 лекция, 30-дан астам баяндамалар оқылған еді.

«Бірлік таң» колхозының колхозшылары Төлеген Аймұратов, Жалмұқан Абуов екеуі бірігіп шөп шабатын машина мен 8 гектардың орнына 14–15 гектар жердің шөбін шабатын болды. Осы колхоздың 65 жастағы колхозшысы Тажен Толыбаев пішен шабуда күндік нормасын үнемі 200 проценттен орындайды. ... Бұнымен қатар соңғы уақытта ауданның партия ұйымдары және үгітшілер армиясы халықтық отан қорғау жасақтауда үлкен жұмыс жүргізуде. Тек Шербина, Садтаров, Ажмұқамбетова, Ақунашев, Тұяқов сияқты

үгітшілердің өздері, бұл халық қозғалыстың маңызын жұртшылыққа түсіндіре отырып, отан қорғау қорына 267 сом ақшалай, 28065 сомның облигациясын, 58 әр түрлі күміс, үш алтын сақина жинады. Үш баласы армияға кеткен патриотка Мұқамбетжанова отан қорына екі алтын сақина, армиядағы Қалиевтың шешесі 500 сом заем облигациясын, 20 сом ақшалай және алтын сақиналарын, үй шаруасындағы әйел Аманиязова 1150 сомдық облигациясын берді. Отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтауға колхозшылар да үлкен патриоттық өрлеумен қатынасуда. «Путь Ильича» колхозының колхозшылары отан қорғау қорына 3 центнер астық, «Павловск» колхозы 10 центнер күріш, «авангард» колхозы 5 центнер күріш, «Жаңа шаруа» колхозы 15 қой берді. Сөйтіп аудан еңбекшілері аз уақыттың ішінде отан қорғау қорына 20 мың сом ақшалай, 75 мың сомының облигациясын және көптеген бағалы заттарын тапсырды.

Ұлы Отан соғысы басталғалы жүргізілген саяси-үгіттің нәтижелері дәл осындай...» [7].

Сұрапыл соғыс кезінде майданға мотормен жүретін техникалар үшін мұнайды көптеп өндіру міндеті тұрды. Сол кездегі мұнайлы аймақ Кавказ соғыстың зардабынан өнім бере алмай қалды. Сөйтіп, Қазақстан мұнай мен оқ жасаудың берік тылына айналды. Міне, осы міндет биігінен жоғары сенім көрсетіліп, жоғарғы партия ұйымдары О.Шонаевтың қызметін облыстың мұнайлы аймағына ауыстырады. Гурьев облыстық партия комитетінің 1941 жылы 11 қыркүйектегі №121 § 3 бюро мәжілісінің шешімімен О.Шонаев ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады [8]. Бақсай ауданының бұл қызметіне Елмұрза Ерекенов кіріседі.

Мақат ауданында да О.Шонаев бар күш-күш жігерін қалың бұқара арасындағы саяси жұмысқа арнайды. Майданға қажетті мұнайды көптеп өндіру үшін мұнайшыларды қанатты сөздермен жігерлендірді. Сол кездегі Асқар ағамыздың «Мұнайшылар. Мұнай бер! Соны сізден сұрайды ел!» өлеңі барлық жерге ұран болып ілінді. Күн сайын жаңа мұнай алаңдары ашылып, жаңа кәсіпшіліктер іске қосылды, мұнай судай тасыды. Гурьев обкомының хатшысы ж.Волков пен кадр секторының меңгерушісі И.Аубекировтар қол қойған мына мінездеме сол кезде жазылыпты:

«ХАРАКТЕРИСТИКА

На члена КП(б)К т.Шунаева У.

Шунаев Унай 1912 года, образование среднее – окончил педагогический техникум, член КП(б)К с 1939 года партбилет №1600857.

С 1926 по 1932 год работал на низовых работах в хозяйственных организациях рабочим. С 1932 по 1939 год работал на руководящей работе в органах народного образования – зав.райОНО Баксайского района, с 1939 года работает на руководящих партийных работах – зав.отделом пропаганды и агитации Баксайского райкома КП(б)К, с работой справляется.

В практической работе энергичный растущий товарищ, дисциплинирован, политически выдержан. Партвзысканий не имеет, под судом и следствием не был.

Тов.Шунаев имеет достаточный опыт в пропагандистской и агитационной работе. Теоретическая подготовка и кругозор вполне обеспечивают требования инженерно-технических работников нефтепромыслов.

Отдел кадров обкома КП(б)К считает, что т.Шонаев с работой зав.отделом пропаганды и агитации Магатского райкома КП(б)К справится» [1, 13 п.].

Отан алдындағы борышын өтеу үшін О.Шонаев өз еркімен майданға сұранып, бірнеше рет жоғарғы партия органдарға арыз түсіреді. Кейін арызды қанағаттандырып, облыстық партия комитеті 1941 жыл 5 желтоқсан күні РККА қатарына шақырылған О.Шонаевқа жолсапары мен отбасы үшін 500 сом мөлшерінде сыйақы береді. Сөйтіп, ол алдымен Ақтөбе қаласында құрылған ұлттық дивизияның І-ші батальоның комиссары болып тағайындалып, майданға жүріп кетеді.

...1944 жылы әскери академияны бітіріп Балтық жағалауында от пен оққа оранған соғысқа енеді. Ол 76 дивизияның штаб бастығы болып жүріп, Тарту қаласы үшін болған ұрыста бірнеше рет жауынгерлерді шабуылға бастап шыққан. Осы ұрыстардың бірінде О.Шонаев ерлікпен қаза табады. Тарту қаласы үшін Ұлы Отан соғысы орденінің І-ші дәрежелі және Қызыл жұлдыз орденімен марапатталады.

Соғыстан кейін көп жыл өткен соң Эстониядағы Тарту қаласының №13 мектебі «Қызыл ізшілерінің» көмегімен оның бейіті табылады. Сол мектептің оқушылары өз пионер дружинасына оның атына береді. Тарту қаласының пионерлерінің бастамасымен металлолом жинақталып, О.Шонаевтың есімі жазылған эксковаторда шығарады.

...1982 жыл 23 наурыз. Махамбет селосындағы Оңай Шонаев атындағы орта мектепте ерекше оқиға аталып өтті. Ол – аулымыздың аяулы ұлы халқымыздың жарқын сәулетті өмірі үшін өз жанын пид

еткен Оңай Шонаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған болатын.

Түс ауған шақ. Мектеп алдындағы микрофоннан Отан, партия, туған жер туралы әндер әуелей өрлеп, көкке самғайды. Еңбек, соғыс, партия, комсомол ардагерлері, жүзінде қуаныш нұры ойнаған бүлдіршіндер мен жасөспірімдер мектепке бағыт алуда.

Мектеп жанында орнатылған О.Шонаевтың бюстісі алдына келгендер қаһарманды үнсіз тұрып еске түсірді. Ескерткішке село мектептерінің өкілдері, мектеп оқушылары, еңбек және соғыс ардагерлері, жауынгердің туған-туысқандары гүл шоқтарын қойды.

Мектептің мәжіліс залында салтанат басталды. Нақ төрде жауынгердің бейнесі, онан сәл төмен «Оңай Шонаев – 70 жаста» деген жазу орналастырылған. Залға кіре берісте жұрт назары бір сәт музей бөлмесіне ауды. Ондағы экспонаттар фотосуреттер, деректі документтер, жеке іс-қағазда әр түрлі сыр шертеді...

Мектеп залында өткен мәжілісті Махамбет селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы Қабиджан Салықов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Осы мектептің мұғалімі С.Қуанышева О.Шонаевтың өмірі мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігін баяндап берді. Мәжілісте азамат ағаның бала кездегі достары Тасмағамбет Алпатапов, Ағибаш Бисалиева, Түсіпқали Мұқамбетов қызықты естеліктер айтты. Х сынып оқушысы М.Лұқпанова абзал ағаның атындағы мектеп оқушылары атынан жоғары атаққа дақ салмай, оның өмірін үлгі етіп, оқуда да, еңбекте де алдыңғы қатарда болатындарына сендірді. Мектептің бастауыш комсомол ұйымыны хатшысы Райса Жұбанова «Оңай аға» атты өлеңін оқыды.

Мінбеге асыл азаматтың зайыбы Хадиша апай көтерілді:

– Құрметті достар! Сүйікті балаларым!

Мен әр кезде де сіздердің орталарыңы жеткенше асығамын. Себебі мен үшін Оңай ағаларың сендердің қастарыңда жүрген сияқты болады да тұрады. Соғыс менің жүрегіме де жазылмайтын жара салды. Ал, бүгін ағаларың үшін мынадай құрмет көрсеткендеріне шексіз ризамын. Отан үшін, бостандық үшін жанын пида еткен ер азаматтардың есімін ардақтап, еске түсірген халқыма, Кеңес үкіметіне, жергілікті басшыларға шексіз алғысымды білдіремін! Енді соғыс болмасын. Дүниеден оның атын өшірелік!» – деп сөзін аяқтады [9].

Міне, содан бері қанша жыл өтті. Батыр атағын иеленген Махамбет селосы орталығындағы орта мектептің (директоры Р.К. Наубекова) ұжымы әр қашанда табыс биігінен көрініп, оның атына ешқандай дақ салмай алда келеді. Жыл сайын батырдың туған күні аталып, кез

келген тәрбиелік шаралар О.Шонаевтың есімімен басталады.

Шонаевтың ерлігі осылайша есімізде мәңгі сақталмақ. «Ер есімі – ел есінде» деген осы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ) 1-қ., 2-л - т., 4598- іс, 3, 22 - п.п.
2. АОММ 2- қ., 1- т., 210- іс, 267- п.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 708- қ., 3/1-т., 836-іс, 57, 58, 59-п.п.
4. АОММ 16-қ., 1-т., 32- іс, 30-п.
5. Шунаев У. Партийная пропаганда и агитация в Баксайском районе // Прикаспийская коммуна. – 1941. – 12 февраль.
6. Шонаев О. Бақсай ауданындағы саяси үгіт // Социалистік құрылыс. – 1941. – 10 сәуір.
7. Шонаев О. Саяси үгіттің күші // Социалистік құрылыс. – 1941. – 19 қыркүйек.
8. АОММ 1- қ., 1- т., 488- іс, 21- п.
9. Сүндетов Қ. Ер есімі – ел есінде // Жайық шұғыласы. – 1982. – 23 наурыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Қазақстан Президентінің және елдің басқарушы органдарының қызметін ғылыми-талдаулармен қамтамасыз ету.

ҚСЗИ өзінің 20 жылдық қызметі барысында институт сарапшыларының қатысуымен халықаралық қатынас, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 250-ден астам кітап басып шығарған. Институт үш мерзімді ғылыми-сараптамалық журнал басып шығаруда: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы, «Қазақстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Бұл басылымдарда сыртқы және ішкі саясат, халықаралық қатынастар, ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық саясаты мәселелері жарық көреді, сондай-ақ материалдарды өзінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған www.kisi.kz сайтында жариялайды.

Институт өзінің негізгі зерттеу бағыттары бойынша семинарлар, ғылыми конференциялар, «дөңгелек үстелдер», халықаралық форумдар өткізеді. ҚСЗИ өткізетін ғылыми форумдардың ішінде шетелдік сарапшылардың ерекше қызығушылықтарын тудыратыны – 2003 жылдан дәстүрлі өтіп келе жатқан, Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік мәселелеріне арналған Алматы конференциясы. ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстаннан ғана емес, сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің, АҚШ-тың, Германияның, Жапонияның, Иранның, Қытайдың, Пәкістанның, Ресейдің, Түркияның, Үндістанның, Францияның және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысуда.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана,
Бейбітшілік көшесі, 4
Тел.: +7 (7172) 75-20-20
Факс: +7 (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Түйіндеме

Перспективы создания сети казахстанских терминалов на стратегически важных транспортно-логистических направлениях *Хон Евгений – старший научный сотрудник КИСИ при Президенте РК*

Строительство логистических терминалов за рубежом имеет ключевое значение для экономики Казахстана и реализации ее транзитного потенциала. Широкая сеть терминалов будет способствовать повышению транспортного потока через территорию РК и ее популяризации в качестве основного транзитного узла между Европой и Азией. Более того, эти меры позволят повысить конкурентоспособность отечественной продукции за счет снижения транспортных издержек. Таким образом, основная цель этой статьи заключается в описании возможностей строительства казахстанских терминалов в морских портах Ирана, Китая и России.

Prospects of establishing a network of terminals in the strategic transport and logistics routs of Kazakhstan *Khon Yevgeniy – Senior Research Fellow, Economic Studies Department, KazISS under the President of RK*

Construction of logistics terminals abroad is of key importance for the economy of Kazakhstan and the realization of its transport potential. Broad terminal network will enhance traffic flow through the territory of Kazakhstan, promoting it as a major transit hub between Europe and Asia. Moreover these measures will increase the competitiveness of domestic products by reducing transportation costs. Hence, the major purpose of this article is to describe construction opportunities for Kazakhstan's terminals that exist in seaports of Iran, China and Russia.

Информационные войны в условиях глобализации *Нурмухамед Байгараев – магистр политологии*

Современный период развития общества характеризуется научно-техническим прогрессом и активизацией процессов информатизации, занимающих все более ведущие позиции в жизни как государственных органов, так и индивидуума. В статье рассматриваются роль и значение информационных процессов и возможностей в ведении «информационной войны» против реально существующего противника.

Media Wars in Context of Globalization

Nurmukhamed Baygarayev – Master of Political Sciences

In contemporary period of civilizational development informatization plays a special role in both the individual life and functioning of public administrations organs. The article deals with the significance of informational processes and possibilities of media war against an actual counterpart.

Традиционная религия как опыт национального духовного самосознания

Айнур Абдирасилкызы – заведующая отделом Агентства по делам религий Республики Казахстан, кандидат филологических наук

В статье автор рассматривает роль и значение традиционных религиозных течений в формировании национальной идеологии и нациостроительства в Республике Казахстан. По мнению автора, для улучшения ситуации в религиозном пространстве необходимо открыть научные центры по изучению направлений в исламе.

Traditional Religion as Experience for National Spiritual Identity

Aynur Abdirasilkyzy – Department Head, Agency for Religious Affairs of Republic of Kazakhstan, Candidate of Philological Sciences

The author examines the role and importance of traditional religious movements in the formation of thenational ideology and nation-building in Kazakhstan. According to the author, a number of research centers of Islam study must be established in order to improve the situation in the religious affairs in Kazakhstan.

Значение институтов гражданского общества в гармонизации межэтнических отношений

Гульжан Камырова – декан факультета КазИТУ, кандидат политических наук

В стратегии развития государственной истории важное место занимают гражданское согласие и межэтнические отношения как гарант развития и стабильности общества в РК. Статья посвящена роли и значению институтов гражданского общества.

Value of the Civil Society Institutes in Harmonisation of Interethnic Relations

Gulzhan Kamyrova – Dean of the Faculty KazITU, Candidate of Political Sciences

The important place in strategy of development of the state history is the civil accord and interethnicrelations as the guarantor of development and stability of a society in RK. The article is devoted to a role andvalue of the civil society institutes.

Эффективность и проблемы электронного СМИ в информационном обществе

Алмагуль Курманбаева – доцент факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби, кандидат филологических наук

По мнению автора, сегодня мы живем в обществе, содержание которого определяется основным его фактором – информацией. В статье рассматриваются эффективность и проблемы функционирования электронных СМИ.

Effectiveness and Limitations of Electronic Media in Information Society

Almagul Kurmanbayeva – Al-Farabi Kazakh National University, Department of Journalism, Assistant Professor, Candidate of Philological Sciences

The author argues that today's society content is determined by its principal factor which is information. The article considers the effectiveness and problems of electronic media.

Основные направления трансформации сферы здравоохранения в качестве субъекта рыночных отношений

Гулашар Доскеева – доцент кафедры «Финансы» университета «Туран», кандидат экономических наук

В данной статье рассматриваются проблемы функционирования учреждений здравоохранения в качестве участников рыночных отношений и возможные пути их решения. По мнению автора, одним из факторов эффективного функционирования медицинских учреждений как субъектов рыночных отношений является развитие и повышение свободной конкуренции.

The Primary areas of Transformation of the Sphere of Healthcare as Subjects of Market Relations

Gulashar Doskeyeva – Dean of Finance Department at Turan University, Candidate of Economic Sciences

The article considers the issues of functioning of healthcare institutions as participants of market relations and possible solution to these issues. In the author's opinion is one of the factors of effective functioning of the medical institutions, as subjects of market relations is development and rising of perfect competitions.

Основные причины появления кризисных ситуаций на предприятиях реального сектора экономики: внутренние и внешние факторы

Жанар Абишева – магистр экономики

В статье рассматриваются проблемы антикризисного управления, внутренние и внешние причины появления кризиса на предприятиях реального сектора экономики, а также основные принципы, на которых базируется система антикризисного управления.

Major Preconditions for Crisis Situation at Enterprises of Real Sector of Economy: Internal and External Factors

Zhanar Abisheva – Master of Economy

The article deals with the anti-crisis management as well as internal and external causes of crisis at enterprises of real sector of economy. It also considers the basic principles of anti-crisis management system.

Современный историографический анализ проблемы вхождения Казахстана в состав Российской империи

Айгуль Абдилдабекова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В статье рассматриваются проблемы изучения вхождения Казахстана в состав России в дореволюционной, советской и современной историографии. По мнению автора, данную проблему ученым следует рассматривать в контексте таких глобальных изменений, как распад СССР, региональная интеграция, межнациональные отношения.

Contemporary Historiographical Analysis of Kazakhstan's Accession in the Russian Empire

Aigul Abdildabekova - Assistance Professor, Kazakh National University after al-Farabi, Candidate of Historical Sciences

The article considers the problems of studying the issues of Kazakhstan's accession as a part of Russia in pre-revolutionary, Soviet and contemporary historiography. According to the author, scientists should consider the problem in the context of global changes such as the collapse of the USSR, regional integration, inter-ethnic relations.

Историография современной истории Казахстана (1991–2011 гг.)

Канат Енсенов – старший научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, кандидат исторических наук

В данной статье автор исследовал актуальные проблемы современной истории Казахстана, а также был проведен историографический анализ научным трудам, опубликованным в период независимости.

Historiography of the Modern History of Kazakhstan (1991-2011)

Kanat Yensenov – Senior Research Fellow at Institute of History of the State CS MES RK, Candidate of Historical Sciences

The author examines the urgent problems of modern history of Kazakhstan, also has held historiographical analysis of scientific papers, which published in during the years of independence.

Городская культура гуннов в исследованиях А.Х. Маргулана

Самат Утениязов – кандидат исторических наук

В данной статье речь идет о городской культуре и архитектуре древних гуннов в исследованиях А.Х. Маргулана. А.Х. Маргулан различает главные центры гуннской городской культуры: Восточный Туркестан, Семиречье, регион Чу и Талас, Отрарский оазис, регион Сырдарья близ Аральского моря.

Urban Culture of the Huns in the Research of A.H. Margulan

Samat Uteniyazov – Candidate of Historical Sciences

The article is devoted to the city culture and architecture of Ancient Huns in the investigations of a famous scientist A.H. Margulan. A.H. Margulan differentiates the main centres of Hunnic city culture: East Turkistan, Semirechye, Chu and Talas Region, Otrar Oasis, SyrDarya Region near Aral Sea Region.

Неправительственные организации в Республике Казахстан: начальный период формирования и развития

Зауреш Сактаганова – профессор КарМУ им. Е. Букетова, доктор исторических наук

Динара Оспанова – докторант КарМУ им. Е. Букетова

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты истории становления и развития неправительственных организаций в Республике Казахстан по решению различных проблем общества.

Актуальность исследовательской проблемы обусловлена альтернативным характером трансформации политической системы в Республике Казахстан. Автор пытается выявить закономерность развития неправительственных общественных организаций как феномен политической системы современного Казахстана.

Non-governmental Organizations in the Republic of Kazakhstan: the Early Period of Formation and Development

Zauresh Saktaganova – Professor at Buketov Karaganda State University, Doctor of Historical Sciences

Dinara Ospanova – Doctoral candidate at Buketov Karaganda State University

In this article we take into consideration the experience gained by some aspects in the history of formation and development of nongovernmental organizations in the Republic of Kazakhstan of various issues in society.

The urgency of this research is determined by the alternative pattern of political system transformation in the Republic of Kazakhstan. The author tries to succeed in identifying principles of nongovernmental organization development as a phenomenon of political system in modern Kazakhstan. Global civil society must be formed according to either a western institutional pattern or have regard to main traditions and institutions in our state.

Основная традиционная и нетрадиционная практика Церкви Саентологии и ее структура

Гульнар Рахимова – преподаватель КазНПУ им. Абая, кандидат философских наук

Статья посвящена структуре Церкви Саентологии и практике, проводимой ею в традиционной и нетрадиционной форме. По мнению автора, данное течение не является религией – это культ, основанный одним человеком на принципах доминирования над остальными прихожанами.

The Main Traditional and Non-Traditional Practice of the Church of Scientology and Its Structure

Gulnar Rakhimova – Lecturer, KazNPU after Abai, Candidate of Philosophical Sciences

Article is devoted to the structure of the Church of Scientology and its ongoing practices of traditional and non-traditional form. According to the author, this trend is not a religion, this is a cult founded by one person on the principles of dominating among the rest of the congregation.

Подвиг Оная Шонаева

Кылышбай Сундетулы – старший преподаватель Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова, кандидат исторических наук

В статье автор рассказывает о героизме Оная Шонаева, внесшего большой вклад в развитие издательств Махамбетского и Макатского районов. По мнению автора, жизнь и трудовую деятельность Шонаева можно приводить молодому поколению как яркий пример любви к Родине и патриотизма.

Heroism of Onay Shonayev

Kylyshbai Sundetuly – Senior Lecturer at the Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov, Candidate of Historical Sciences

The article is devoted to the heroism Onay Shonayev who contributed a lot to development of publishing houses in the Makhambet and Makhat districts. According to the author, his life and work activity may show to the younger generation as example of love to Homeland and patriotism.